

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

Р.Зайкенова  
Р.Сакенова  
С.Мұқамет

# АБАЙТАНУ

Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына  
арналған оқулық

# 9



ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 83.3 (5Қаз) я72  
З-15



Смартфонға тегін «Сканер QR» қосымшасын жүктеп ал. Сол арқылы мына QR кодтан «Абайтану» оқулығының қосымшасын жүктей аласың. Жүктелген қосымшаны ашып, тақырыптағы QR кодқа смартфонды жақындатсаң, қажетті ақпарат шығады.

З-15 Зайкенова Р., ж.б.  
**Абайтану:** негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған оқулық. / Р.Зайкенова, Р.Сакенова, С.Мұқамет. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ», 2022. – 128 бет.

ISBN 978-601-318-425-8

Оқулыққа оқу бағдарламасына сәйкес Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы, ғалымдардың зерттеулері енгізілді.

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 83.3 (5Қаз) я72

ISBN 978-601-318-425-8

© Зайкенова Р.,  
Сакенова Р.,  
Мұқамет С., 2022  
© «Арман-ПВ» баспасы, 2022

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

## ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

### Функционалдык сауаттылықты қалыптастыру тапсырмалары

- |   |         |   |          |
|---|---------|---|----------|
| 1 | Білу    | 4 | Талдау   |
| 2 | Түсіну  | 5 | Жинақтау |
| 3 | Қолдану | 6 | Бағалау  |

 **Зертте** ізденімдік тапсырмалары

 **Тірек сөздер** мәтін мазмұнын меңгертетін негізгі сөздер



**Сөзмаржан** – түсіндірме сөздік



**Шығармашылық тапсырма** – дамыту тапсырмалары



**Білгенге маржан** – танымдық мәліметтер, танымал тұлғалардың пікірлері



**Кітап – білім бұлағы** – қосымша оқуға ұсынылған әдебиеттер



**Әдебиет теориясы** – әдебиеттану ғылымының түсініктері



**Міне, қызық!** – тақырыпқа қатысты қызықты мәліметтер



**Суретпен жұмыс** – сурет бойынша сыни ойлау тапсырмалары



**Тыңдалым материалдары**

## АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты шәкірттер! Абай шығармаларын оқи отырып, қазақ әдеби тілінің құнарын игересіңдер. Халқымыздың ұлттық мінез-құлқын, құндылықтарын бағалауды үйренесіңдер. Әр халық өз болмысын сақтағанда ғана ұзақ жасайды. Ақын туындылары халқымыздың болмысы, тарихы, мәдениетіне құрылған.

«Абайтану» оқу-әдістемелік кешеніне оқулық, хрестоматия және мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық кіреді.

Оқулық «Ұятың, арың оянсын, бұл сөзімді ойлансын», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек», «Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр» тарауларынан тұрады.

«Ұятың, арың оянсын, бұл сөзімді ойлансын» тарауы Абайдың заман адамының қайғы-қасіретін арқалаған наласы мен терең мұңын, өз заманына лайық болу hareketтерін сыни пайымдауды қарастырады.

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» тарауы Абайдың жас-тарға қажетті жақсы қасиеттер туралы ғылыми-пәлсапалық трактаттарын пайымдауды, көркем әдеби туындыларындағы ұлттық таным мен рухани-мәдени құндылықтарды тануды, ақын идеяларын күнделікті тұрмыста басшылыққа алуды үйретеді.

«Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек» тарауы хакімнің заман келбеті мен заман адамының мінез-құлқын саралауын, тарихи кезеңдегі қазақ болмысын таразылау арқылы жаңа заман адамына қажетті тұлғалық қасиеттерді сыни пайымдауды игертуді мақсат еткен.

«Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр» тарауы адамзатқа төн шынайы сезім, сүйіспеншілік пен нәпсіқұмарлықтың аражігін саралап тануға, өлең жолдары арқылы әдептілік, сүйіспеншілік, татулық сияқты қасиеттерді зерделеуге, тағылымдық мәнін пайымдай білуге баулиды.

Оқулықтағы төрт тарауда ақын шығармашылығы талданып, ал хрестоматияда ақынның шығармалары мен қосымша оқуға арналған материалдар берілді. Сондықтан оқулықты хрестоматиямен бірге пайдаланып отыруды ұмытпаңдар.

Әр тақырыптан кейін берілген «Білу», «Түсіну», «Қолдану», «Талдау», «Жинақтау», «Бағалау», «Шығармашылық тапсырма» «Зертте» тапсырмалар тобын жеке, жұппен және топпен орындау барысында жаңа тақырыпты жеңілдірек меңгересіңдер. Тақырыпты жан-жақты түсіну үшін «Сөзмаржан», «Білгенге маржан», «Әдебиет теориясы» айдарлары берілді. «Кітап – білім бұлағы» айдарында қосымша оқуға әдебиеттер ұсынылды.

Іске сәт, жас дос!

## I ТАРАУ

# ҰЯТЫҢ, АРЫҢ ОЯНСЫН, БҰЛ СӨЗІМДІ ОЙЛАНСЫН

### **Бұл тарауда:**

- Абайдың заман адамының қайғы-қасіретін арқалаған наласы мен терең мұңын;
- пәлсапалық толғаныстарын;
- өз заманына лайық тұлға болу харекеттерін сыни пайымдауды меңгересіңдер.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боларсың елден бөлек.

Абай Құнанбайұлы

## «СЕГІЗ АЯҚ» ӨЛЕҢІ

### Меңгерілетін білім:

- көркем мәтінді талдап оқу;
- көркем шығармадағы автор стилін айқындау;
- шығарманы композициялық құрылымына талдай отырып, композициялық амалдарды айқындау.

### Тірек сөздер

Шумақ  
Тармақ  
Ырғақ  
Буын  
Бунақ

### Сөзмаржан

**Бәһра (парсыша)** – пайда, білімнен үлес

### Зертте

Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің үлгісімен жазылған Ахмет Байтұрсынұлының «Жиған-терген» өлеңін интернет желісінен тауып, оқыңдар. Екі өлең тақырыбының ұқсастығы туралы презентация жасаңдар.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп тілінен зар төгілген Абай «Сегіз аяқ» өлеңінде де еңбекші халықтың мүддесін, қоғамның тарихи шындығын, заманның кемшілік-қайшылықтарын ашына сөз етеді. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген өлеңінде «Бас-басына би болған өңкей қиқым» десе, мұнда «Көп наданнан түңілдім» дей отырып, «Талаптың дәмін татуға» үйретеді, халықты мәдениет пен прогрестік даму жолына бағыттайды. Бұл өлең жанры тұрғысынан сатиралық шығарма болғанмен, мұнда қоғамның әлеуметтік тыныс-тіршілігі туралы ой басым. Абай әрбір сөзіне пәлсапалық мән бере отырып, қоғамдық қатынас пен адам арасындағы қайшылықты барынша терең ашып көрсетеді. Ол қоғам мен адам туралы өзекжарды ойларын «Толғауы тоқсан қызыл тіл» арқылы жеткізуге тырысады.

Алыстан сермеп,  
Жүректен тербеп,  
Шымырлап бойға жайылған.  
Қиуадан шауып,  
Қисынын тауып,  
Тағыны жетіп қайырған.  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десең, өзің біл.

Өткірдің жүзі,  
Кестенің бізі

Өрнегін сендей сала алмас.

Білгенге маржан,

Білмеске арзан,

Надандар бәһра ала алмас.

Қиналма бекер, тіл мен жақ,

Көңілсіз құлақ – ойға олақ, –

деген терең астармен басталатын өлеңде Абай дәуірі және сол тұстағы қоғамдық-әлеуметтік мәселелер кеңінен қамтылған. «Қиналма бекер, тіл мен жақ, Көңілсіз құлақ – ойға олақ» десе де, уайым мен үміт қатар қойылады. Осы өлеңінде «Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім» деген Абай:

Басында ми жоқ,

Өзінде ой жоқ

Күлкішіл кердең наданның.

Көп айтса көнді,

Жұрт айтса болды,

Әдеті надан адамның.

Бойда қайрат, ойда көз

Болмаған соң, айтпа сөз –

деп санасыз, ойсыз адамнан бойын қанша аулақ салғысы келсе де, қаны қайнап, жаны удай ашыса да, олардың әлеуметтік өмірде тигізетін зиянды әрекеттерін ашып бергенді жөн санайды. Сондықтан да қалың көпшілікті «жан аямай кәсіп» қылуға, «ынсап, ұят, терең ой» ойлауға шақырады. Ең дұрысы «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей» деген ақыл айтады. Бұл сөз бүгінгі күні халық мақалына айналып кеткен. «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын» деген де сол сияқты. Абайтануды оқымаған адам бұл мақалдың Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінен алынғанын білмес еді. Абай «Сегіз аяқ» өлеңінде «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей» дей отырып, «Егіннің ебін, Сауданың тегін, Үйреніп, ойлап, мал ізде» деп еңбек туралы мол ақыл-кеңес берген еді. Бұл үшін ауызбіршілік, ынтымақ, береке-бірлік керек. Өйтпесе «Біріңді, қазақ, бірің дос, Көрмесең, істің бәрі бос» болады деген кеңес береді.

Тамағы тоқтық,

Жұмысы жоқтық

Аздырар адам баласын.

Таласып босқа,

Жау болып досқа,

Қор болып, құрып барасың.

Өтірік шағым толды ғой,  
Өкінер уақытың болды ғой...

Келер заманның дұрысы мен бұрысын, асылы мен жасығын ажырата алмай, «қор болып, құрып бара жатқанын» түсінбей, құр босқа өсек тасып, елінің етекбастылығына тағы да қамығады.

Жартасқа бардым,  
Күнде айғай салдым,  
Онан да шықты жаңғырық.  
Есітіп үнін,  
Білсем деп жөнін,  
Көп іздедім қаңғырып...

Баяғы жартас – бір жартас,  
Қаңқ етер, түкті байқамас –

деген түйінді пікір жеке сарын ғана емес, ағартушы-ақынның шығармашылығындағы үлкен бір тақырыптық-идеялық арна. Бұл шумақ – символ, мұны параллелизммен шатастыруға болмайды.

Ақынның ең басты идеялық нысанасы – халықты ояту, оны өнер-ғылымға, еңбек етуге, озат өркениетке ұмтылып, алға басуға шақыру.

Жаяуы қапты,  
Аттысы шапты,  
Қайрылып сөзді кім ұқсын.  
Іште дерт қалың,  
Ауыздан жалын,  
Бұрқ етіп, көзден жас шықсын.  
Күйдірген соң шыдатпай,  
Қоя ма екен жылатпай?..

Өз сөзінен басқа сөзді ұққысы келмейтін надан тобырға налып, халқының болашақ тағдырына жаны күйінеді, көкірегі қарс айрылып, аузынан жалын ата күрсінеді, көзінен бұрқ етіп жас шығады, бірақ сол «баяғы жартас бір жартас, қаңқ етер, түкті байқамас». Өлең:

Атадан алтау,  
Анадан төртеу,  
Жалғыздық көрер жерім жоқ.  
Ағайын бек көп,  
Айтамын ептеп,  
Сөзімді ұғар елім жоқ.  
Моласындай бақсының,  
Жалғыз қалдым – тап шыным! –

деп аяқталады.



«Сегіз аяқ» өлеңі – оқшау тұрған соны туынды. Абайдың қазақ поэзиясына 8 тармақты етіп, тыңнан қосқан шумақ өрнегі. «Сегіз аяқ» өлеңінің шумақтық өрнегі қазақ поэзиясына жаңа түрдің туып, қалыптасуына негіз жасады. Өлеңнің өзі сегіз тармақты 25 шумақтан тұрады. Мұндағы басты ерекшелік – әр шумақтың сегіз жолдан қайырылуында. Өлеңнің «Сегіз аяқ» аталуы да сол себептен. Бұл шығарманың ырғақтық құрылысы да өзгеше. Шумақ 5 буынды тармақтар мен 7–8 буынды тармақтардың жүйелі түрде үйлесуі арқылы түзілген. (Буын саны – 5, 5, 8; 5, 5, 8; 8, 8). Мұнда 4 түрлі дыбыс үндестігіне негізделген (а-а-б-в-в-б-г-г) деген үйлесім бар.

«Сегіз аяқ» өлеңінің шумақтық өрнегі қазақ поэзиясына жаңа түр болып қосылып, қалыптасты. Абайдың шығармашылығында желідей тартылған бірнеше басты тақырып-сарындар сабақтаса түйісіп келетін шығармасы «Сегіз аяқ» болса, соның қазақ поэзиясына тыңнан қосылған өрнегі ізбасар ақындардың назарынан тыс қалған жоқ. Мәселен, ХХ ғасырдың бас кезінде Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, С.Торайғыров осы түрді пайдаланса, 1970 жылдары сатирик-ақын Қажытай Ілиясұлы «Сегіз аяқ» өлшемінің негізінде «Өгізаяқ» деген өлең жазып, қазақ пародия жанрына жаңаша серпін берді.

«Сегіз аяқ» – Абайдың көзі тірісінде халық арасына кең таралып кеткен әндерінің бірі. Сондықтан оның оншақты нұсқасының болуы заңдылық және бұлардың барлығын әншілер мен Абайдың көзін көрген туыстары түпнұсқалық сипатын сақтай отырып, біздің заманымызға жеткізген.

Абайтанушы ғалым З.Ахметов: «Сегіз аяқта» алдыңғы алты тармақ тезис есебінде келеді де, соңғы екі тармақта ақындық ой қорытылады» десе, музыкатанушы ғалым М.Ахметова: «Жалпы өлеңде үш әуендік (музыкалық) сөйлем бар. Алғашқы екі әуендік сөйлем (а-а-б, с-с-б) үш әуендік жолдан тұрса, үшіншісі (д-д) екі әуендік жолды қамтиды. Үлкен шумақты ән бола тұра, «Сегіз аяқ» әнінде қайырма жоқ. Бірақ үшінші әуендік сөйлем қорытынды әуендік-қайырмалық қызмет атқарады», – деп талдау жасаған.

Өлеңнің түпнұсқасы Мүрсейіт Бікеұлы (1860–1917) қолжазбаларынан (1905, 1907, 1910 жж.) алынып, алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланады. 1905 жылғы Мүрсейіт қолжазбасында «Алыстан сермеп» деп берілсе, 1907 жылғы қолжазбасында «Сегіз аяқ» деп берілген. «Сегіз аяқ» әнін 1920 жылдардан бастап, А.Э.Бимбоэс, А.Затаевич, Б.Ерзакович сияқты музыка мамандары нотаға түсіріп, жариялаған.



## Суретпен жұмыс

QR-cod арқылы «Сегіз аяқ» әнін тыңдаңдар. Әннің халық арасында әртүрлі нұсқалармен таралуының себебі неде? Өз пікірлеріңді жазыңдар.



1

Білу

1. «Сегіз аяқ» өлеңінің тақырыбы не?
2. Өлеңнің ерекшелігі қандай? Талдап оқыңдар.

2

Түсіну

1. Неліктен Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңі қазақ поэзиясына жаңалық әкелген болып саналады?
2. Өлең жолдарының көпшілігі не себепті афоризмге айналып кеткен?

3

Қолдану

«Сегіз аяқ» өлеңіндегі автор стилін айқындаңдар.

4

Талдау

Өлеңнің композициялық құрылымын талдай отырып, композициялық амалдарды айқындаңдар.

5

Жинақтау

Топтық жұмыс. «Сегіз аяқ» әнін тыңдап, «Төрт сөйлем» тәсілі бойынша негізгі идеясын түйіндеп жазыңдар.

1. Пікір. Нақыл сөздер бойынша туындаған өзіндік пікірлеріңді бір сөйлеммен келтіріңдер.

2. Дәлел. Келтірілген өзіндік пікірді тағы бір сөйлеммен дәлелдеңдер.
3. Мысал. Енді өзіндік пікірді тағы да бір негіздеп кету үшін бір сөйлеммен мысал келтіріңдер. Мысалды өмірден алуларың қажет.
4. Қорытынды. Өзіндік пікірді тағы да бір рет пысықтап, қорытынды шешімді бір сөйлеммен келтіріңдер.

6

Бағалау

**Жұптық жұмыс.** «Сегіз аяқ» өлеңі бойынша әрбір шумақты бөліп алып, сол шумақ бойынша синонимдік қатар жасаңдар.

Мысалы, Ағайын бек көп, Айтамын ептеп, Сөзімді ұғар елім жоқ –

«Ағайын бар болса, көре алмайды, жоқ болса, бере алмайды».



#### Шығармашылық тапсырма

Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің ырғағымен сегіз қатарлы өлең шумағын шығарып көріңдер.



#### Білгенге маржан

«Атадан алтау,  
Анадан төртеу,  
Жалғыздық көрер жерім жоқ», –

дегенде өз шешесі Ұлжаннан Тәкежан (Тәңірберді), Абай (Ибраһим), Ысқақ, Оспан деген төрт ұл туады. Құнанбайдың бәйбішесі Күңкеден туған Құдайберді ертерек қайтыс болып кеткендіктен, бұған әкесінің үшінші әйелі Айғыздан туған Халиолла мен Ысмағұлды қосады. Сондықтан: «Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ», – дейді.

Бұларды санамағанда басқа ағайыны да жетерлік. Бірақ айнала-сында көп кітап оқып, төрткіл дүниенің тілін білген, терең білімі бар, өзімен тең дәрежеде сөйлесе алатын адам жоқ болғандықтан:

«Ағайын бек көп,  
Айтамын ептеп,  
Сөзімді ұғар елім жоқ», –

дейді.

«Моласындай бақсының, жалғыз қалдым – тап шыным». Мұнда «мола тәрізді дөңкиген (мола – өлген адамның сүйегі жерленген бейіт)» деген мағынада айтылып тұр. «Бақсы – ертеде ел қыдырып, ауру-сырқауды емдейтін балгерден гөрі «жындарын шақырып», жай адамның қолынан келмейтін неше түрлі іс-әрекет көрсеткендігімен аты шыққан тәуіп. Көбінесе аурудың бойынан «жын-шайтандарды» қуып «емдеуге» шебер болған». Сол ортаның түсінігі бойынша Абай өзінің рухани жалғызсырауын «бақсының моласына» теңеп отыр.

*Р.Зайкенова. «Абайтану» оқулығы*



### Міне, қызық!

#### Өгізаяқ (Абайша)

Жақыннан сермеп,  
Дей ме екен ермек,  
Жыбырлап, жылжып жайылған.  
Қиқалай шауып,  
Қыртысын тауып,  
Әсемдіктен айырған.  
Толғауы тоқал, қызыл тіл,  
Сөйлемесең өзің біл!

Соқаның жүзі,  
Өгіздің мүйізі,  
Өрнегін сендей сала алмас.  
Білмеске кітап,  
Білгенге жұт-ақ,  
Адамдар ләззат ала алмас.  
Бойда дарын, ойда көз,  
Болмаса да қоймады ез...

*Қажытай Илиясұлы*



### Әдебиет теориясы

**Символ** – әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне. Мысалы, әдебиетте гүл – жастықтың символы, көгершін – бейбітшіліктің символы болса, жартас – шындықтың символы, т.с.с. тұспалмен берілетін бейнесі.



### Кітап – білім бұлағы

1. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. 3 томдық. Өлеңдер мен аудармалар. 1-т. – Алматы: Жазушы, 2020. – 604 б.
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 310 б.

Біз дүниежүзі жастарының алдыңғы қатарындамыз... Біз, жастар, тағдырымыз сендермен байланысты екенін білеміз.

Баубек Бұлқышев

## «ЗАМАНАҚЫР ЖАСТАРЫ» ӨЛЕҢІ

### Меңгерілетін білім:

- шығарма бөліктерін ұқсас белгілеріне, айырмашылығына қарай топтастыру, белгілі нысандарды зерделеу;
- көркем шығармадағы автор стилін айқындау;
- шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, әдеби эссе, сценарий, өлең, блог, әңгіме, кейіпкер монологі, жоба жазу.

### Тірек сөздер

Жастар  
Заман

### Зертте

Хрестоматияда берілген М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңімен салыстырып, екі өлең туралы жоба жаса.

### Сөзмаржан

**Қастық** – өштік, дұшпандық, жаулық

1891 жылы жазылған «Заманақыр жастары» өлеңі 4 шумақ, 4 тармақпен түзілген, өлең көлемі 16 жолдан тұрады, 7–8 буынды (-а-а-б-а) қара өлең ұйқасымен жазылған. Өлең отар елдегі қазақ жастарына берілген сипаттама, мінездеме іспетті. Өйткені Абай заманында кең байтақ қазақ даласы Ресей құрамына толық өтіп, діні, тілі бөлек елдің әсері, ықпалы дендеп еніп болған кез. Сондықтан Абай басқа ұлттың қазақ болмысына тән емес қылықтарына көзсіз еліктеуге қарсы.

Заманақыр жастары,  
Қосылмас ешбір бастары.  
Біріне бірі қастыққа  
Қойнына тыққан тастары.

Абай заманында тәуелсіздікке қолжеткізу мүмкін емес болатын. Себебі Ресей империясына қарсы 10 жыл бойы күрескен қазақтың соңғы ханы Кенесары (1802–1847 жж.) бастаған қозғалыс сәтсіз аяқталған еді. Қазақ қоғамына енген өзгерістерді дәл байқаған Абай қай шығармасында болмасын келешек жас ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән бере қараған. Сондықтан да өсіп келе жатқан жастардың қоғамдағы рөліне, қайрат-жігеріне, іс-қылығына, тіршілік әрекетіне ерекше сипаттама жасап, заман ағымын дұрыс бажайлауға, жақсы мен жаманды ажырата білуге үйретіп отырған.

Абай өлең басында «заманақыр» деген сөзді тегін алып отырған жоқ. Бұл уақытта Ресей отарына толық айналған қазақ даласына «зар заман» кезеңі туды. Қазақ арасында ділінен безіп, ұлттық салт-дәстүр, адамгершілік қасиетін менсінбейтін жастар пайда бола бастады. Сондықтан Абай келер кезеңге «заманақыр» деп баға берген.

Өлең тақырыбы – жастардың қоғамдық рөлін айқындау. Жанры – өлеңдегі сатиралық портрет. Өлең сыни тұрғыда жазылған.



#### Суретпен жұмыс

Интернет желісін пайдаланып, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздарымен танысыңдар. «Абай атаға хат» тақырыбында суреттегідей ізденісте жүрген өз замандастарыңның жетістіктері туралы ақынға хат жазыңдар.



Неге Абайдың қазақ жастарына көңілі толмайды? Өйткені алауыздық көп, бастары бірікпейді. Ар мен иманды саудаға салып, қайрат-жігерін пайдалы нәрсеге жұмсамай, «құр тілменен» пайда тауып, жан баққысы келеді. Маңдай терімен адал еңбек етуді ойламайды. Таза еңбекпен емес, өнімсіз іспен айналысып, бір тойғанына мәз болудың «несі өнер» деген салмақты ой айтады. Абайдың негізгі айтпағы – жастар арасындағы береке-бірлік, темірдей тәртіп, адал еңбек. Ал не істерін білмей, құр босқа секендеп, әр нәрсеге бір ұрынып, тым болмаса бір ауыз сөзін де дұрыстап айта алмайтын жастарға қынжылады.

Саудасы – ар мен иманы,  
Қайрат жоқ бойын тыйғалы.

Еңбекпен етті ауыртпай,  
 Құр тілменен жиғаны.  
 Өнімсіз іске шеп-шебер,  
 Майданға түспей несі өнер?  
 Сиырша тойса мас болып,  
 Өреге келіп сүйкенер.

Абай осындай «кекектеп, секектеп» жүрген жастардың ішкі әлеміне, мінез дағдысына да үңіледі. Өтірік күлу, қалжыңбас, «айтқыш» сияқты көріну үшін орынсыз қылжақтау, былапыт сөйлеу – ауыздан «ақ ит кіріп, көк ит шыққанмен» бірдей. Қазақ харам мал есебінде шошқа етін жемейді. Сондықтан да Абай ретсіз қалжың, орнын таппаған сөзді шошқаның қорс еткенімен астарлаған. Қазақ мұндайда не дейді? «Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар» дейді. Өлең алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» деген жинақта жарияланған. Мұнда «Қайғы шығар ілімнен» өлеңінің бір бөлігі ретінде берілген. Кейінгі жинақтарда жеке өлең болып жарияланып келеді.

1

Білу

1. «Заманақыр жастары» өлеңінің тақырыбы қандай?
2. «Заманақыр» сөзін қалай түсінесіңдер?
3. Ақын жастарды қандай қасиеттерден жиренуге шақырады?
4. Абай «Сиырша тойса мас болып, Өреге келіп сүйкенер», – деп нені меңзеп тұр?

2

Түсіну

1. Абай неліктен «Заманақыр жастары, қосылмас ешбір бастары» дейді?
2. Қазіргі кейбір жастар кейпі Абайдың сипаттауымен сәйкес келе ме? Не себепті?

3

Қолдану

«Екі жақты түсіндірме күнделік» әдісі арқылы кестені толтырып, автор стилін анықтаңдар.

Өлеңдегі қатты әсер еткен жолдар, шумақтар	Сол әсер еткен шумақтар жайлы пікір (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай сұрақ бар т.б.)

4

Талдау

Жұптық жұмыс. Өлеңдегі «Заманақыр жастарының» сипатын «SWOT-талдау» әдісімен талдаңдар.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Мүмкіндіктер	Қауіптер

5

Жинақтау

Топтық жұмыс. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын автордың осы тектес өзге шығармаларынан тауып жинақтап, оларды салыстырыңдар.

6

Бағалау

1. Сендердің ойларыңша жастар қандай болуы қажет?
2. Өлеңнің шумақтарын ұқсас белгілері мен айырмашылықтарына қарай топтастырып, белгілі нысандарды зерделеңдер. Шығарма идеясына баға беріңдер.

Ұқсас белгілері	Айырмашылықтары



### Шығармашылық тапсырма

Өлең идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыдан талдап, «Болашақ – жастардың қолында» тақырыбына әдеби эссе жазыңдар.



### Кітап – білім бұлағы

Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар. 1-т. – Алматы: Жазушы, 2020. – 604 б.



Жастардың бүгінгі міндеті – оқу, білім, тәрбие жұмыстары. Жастар бүгін сөзден іске көшетін заман. Білімсіз істің реті болмайды.

Ғани Мұратбаев

## «ЖАСӨСПІРІМ ЗАМАНДАС ҚАПА ҚЫЛДЫ» ӨЛЕҢІ



### Меңгерілетін білім:

- көркем мәтінді талдап оқу;
- шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдау, көркемдік қызметін пайымдау;
- әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, рецензия жазу.

### Тірек сөздер

Сабыр  
Сенім  
Тұрлаусыз

### Сөзмаржан

**Серменде** – өзінікі ғана жөн, өзгенікі теріс деп түсінушілік. «Жасөспірім замандас қапа қылды, Сабыр, ар жоқ, аял жоқ, ілді-жұлды. Тұрлау қылып еш нәрсе басқара алмай, Сенімі жоқ серменде өңкей жынды». (Абай)

«Жасөспірім замандас қапа қылды» өлеңі (1894 ж.) 4 тармақты, 4 шумақтан тұрады. 11 буынды қара өлең ұйқасымен (-а-а-б-а) жазылған. Өлеңнің негізгі идеясы – алдағы өмір жолыңды айқындау, адал еңбек арқылы тұрлаулы болу, әрқашан да ар мен ұятты сақтау. Абай ұстанымы – «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы».

Бұл өлең – сыншыл реализм әдісінің бір көрінісі. Мұнда ар-ұятын бір соғымға немесе бір асым етке айырбастайтын замандастарын «еңбегі жоқ, ешпенен мал табам деп», «арын сатқан антұрғандар» деп аямай шенейді. Абай «Он сегізінші қарасөзінде»: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық» деген болатын. Ал табан ет, маңдай терімен тапқан малын емес, арын сатып күн көру – Абайша айтқанда, «ант ұрған, тұрлаусыз» адамның ісі. Абай «Екінші қарасөзінде» қазақты өзбек, тәжік, ноғай, орыс сияқты халық өкілдерімен салыстыра келіп, олардың қазақтан озып кету себебі «Еңбек қылып, мал табуда» екендігін дәлелдеп көрсетті.

Ал «Еңбек етіп, мал табу» деген не?

Ең алдымен, оқушыға керегі – сабақты жақсы оқып, терең білім алуға ұмтылу. Оқу да – еңбекпен келетін hareket. Ешқандай hareket етпесе, оқу өз-өзінен басқа қонбайды. Оқу мен еңбекті

тұрлаулы ұстаған адам ғана мәртебелі кәсіп иесі бола алады. «Харекет» сөзі Абай шығармаларында жиі қолданылады. «Абай харекет арабизмін әрекет вариантынан бөліп алып, «еңбек, кәсіп, жұмыс» мағынасында жұмсайды» (Р.Сыздық, 71-б.).

Бұл өлең ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруда заман ағымына ілесіп, тұтас ұлт сапасын ойлайтын ұрпақты аңсауынан туған. Бодандық бұғауына тұмшаланған халқының келешек тағдырына алаңдаған ақын жастар тұрлаусыздығына қапа болады.

Тұрлаусыздың қолынан не келеді,  
Ынтасыз қайтіп өнер үйренеді.  
Еңбегі жоқ, еппенен мал табам деп,  
Сендіре алмай, сене алмай сенделеді, – дейді.

«Тұрлау қылып» өмірден өз орнын таба алмай сенделген замандастарына күйінген ақын: «Сенімі жоқ серменде өңкей жынды», – деп налиды. Жасөспірім замандас бойынан харекетшіл, тұлғалық, адамдық, адамгершілік сипаттарды көргісі келеді. Бірақ сабырсыз, арсыз, аят жоқ, ұят жоқ, тек талант-таражға ғана бейім әулекі тобырдың беталысынан жаны түршігеді. «Дін ісін, Құдай ісін айыра алмас», иманы жоқ, «арын сатып, ант ұрып» құлқынның құлы болған замандастарының мешеулігіне, надандығына, тұрлаусыздығына налиды. «Еппенен мал табам» деп, елді алдап өмір сүргісі келетін таяздығын, ессіз әрекетін, тиянақсыз мінезін бетіне басады. Замандастарының кертартпа қылығын ащы сынмен түйрегенімен, бодандық бұғауындағы елінің ертеңін ойлайды, қоғам дамуына зиянын тигізетін кеселді мінезден арылуға ой салады.

1

Білу

1. Өлең қай жылы жазылған?
2. Шығарманы хатқа түсірген кім?
3. Өлеңдегі ақынның арманы қандай?

2

Түсіну

QR код арқылы өлеңті тыңдай отырып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Неліктен Абай «Жасөспірім замандас қапа қылды» дейді?
2. Ақын жасөспірімдерден қандай үміт күтеді? Неліктен?

3

Қолдану

1. Жұптық жұмыс. Өлеңті талдап оқыңдар. Абайдың «Замандас» туралы ой-тұжырымдарын «Аяқталмаған сөйлем» әдісі

арқылы өлеңнен дәлелді үзінді келтіре отырып, сөйлемдерді жалғастырып, тұжырымды ойларыңды жазыңдар.

2. «Тұрлаусыздың қолынан не келеді», «Сендіре алмай, сенделеді» өлең жолдарының лексикалық және ауыспалы мағыналарына талдау жасаңдар.

4

Талдау

1. Көркем мәтінді оқып, сатылай кешенді талдау жасаңдар.
2. Шығармада қолданылған көркемдегіш құралдарды тауып, олардың қолданысын талдаңдар.
3. Өлеңде суреттелген жасөспірім сипаты мен қоғам келбетін салыстырыңдар. Қандай қорытынды жасадыңдар?

5

Жинақтау

1. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын түйіндеп жазыңдар.
2. Топтық жұмыс. Шығарманы хрестоматияда берілген М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» және И. Уткиннің «Молодежи» өлеңдерімен салыстырып, рецензия жаз.

6

Бағалау

«Жасөспірім замандас қапа қылды» өлеңінің мазмұны бойынша пікірлеріңді «ПОПС формуласы» арқылы білдіріңдер.

*Бірінші сөйлем:* «Менің ойымша, ...»

*Екінші сөйлем:* «Себебі мен оны былай түсіндіремін...»

*Үшінші сөйлем:* «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»



### Шығармашылық тапсырма

Мүрсейіт Бікеұлының Абай шығармаларының халық ішіне таралып, бүгінгі ұрпақтарға жетуіне қосқан үлесі туралы ақпараттармен танысып, шағын баяндама жасаңдар.



### Білгенге маржан

1977 жылғы Абайдың екі томдық шығармалар жинағында (жалпы редакциясын басқарған Ы.Дүйсенбаев, жауапты шығарушы Қ.Сыдықов) «Жасөспірім замандас қапа қылды» өлеңіне мынадай бесінші шумақ қосылған.

Пайдаға сат, малға сат қылығыңды,  
Ылайла ылай оймен тұнығыңды.  
Сонда өмірден алдамшы бола алмассың,  
Ол білдірмек, ұрламақ қызығыңды.

Абайдың 150 жылдығына арналған 1995 жылғы жинаққа дейінгі әр баспадан шыққан Абай өлеңдерінің жинағында осы бесінші шумақ кездесіп отырады. 1977 жылғы жинақта: «Өлеңнің бесінші шумағы «Көк тұман алдындағы келер заман» өлеңінен алынды. Мағынасына қарағанда осы өлеңнің қорытынды шумағы ретінде қабылданды» (406-б.) деген түсініктеме берілген.

1995 жылғы Абай өлеңдерінің түсініктемесінде 1897 жылғы жазылған «Көк тұман алдындағы келер заман» өлеңінің бесінші шумағын зорлықпен қосуға болмайтындығын айта келіп, «соңғы шумақ орнына қойылды» (268-б.) деп жазылған. Қазіргі таңдағы жинақтарда 4 шумақ болып жарияланып келе жатқанымен, осы бесінші шумақ «Жасөспірім замандас қапа қылды» өлеңі сөз бола қалған жағдайда ұшырасатындықтан, өлең текстологиясынан хабардар болу артық етпейді.

*Абай шығармаларының 3 томдық  
академиялық толық жинағы*



#### Міне, қызық!

Астаналық өнертапқыш Серікбол Шәймардан өздігінен тербелетін бесік ойлап тапты. Ол баланың дауысына қарай тербелетін бесік жасап шығуға 6 жыл уақытын жұмсаған.

«Smart бесіктің» ұзындығы – 100 см, ені – 40 см, биіктігі – 60 см. Бесікте баланың жағдайынан хабар беретін бірнеше құрылғы бар. Оның бірі бөбектің дене қызуын бақыласа, екіншісі жаялықтың ылғалдылығын анықтайды. Егер баланың қызуы бөлме температурасынан түсіп не асып кетсе: «Балаңыз тоңып қалды» немесе «Балаңыз ауырып қалды» деген дыбыстық ескерту айтады. Бесік тербелгенде қондырғыға енгізілген «Бесік жырын» ойнатып қоюға болады.

«Smart бесік» – ата-анаға көмекші ғана емес, сонымен бірге тәрбие құралы да.



*Өркен Жоямерген*

Алматылық Тимур Рысбеков – «Қазақстанның 100 жаңа есімі» тізіміне енген тұңғыш оқушы. Дарынды жастың әлеуметтік, медицина және ғарыш саласы бойынша көптеген өнертабысы бар. Жақында оқушы Америкаға аттанғалы отыр және онда NASA ұйымдастырып

отырған байқауға қатыспақшы. Ұйым тікелей Америка Құрама Штаттарының вице-президентіне бағынады. Агенттік авиация, аэронавтика, космонавтика салаларында зерттеулер жүргізумен және ғылыми тұрғыда ғарыштың құпияларын ашумен айналысады. Қазір Тимурдың 72 өнертабысы бар. Оның 28-і патенттелген. Ол өзінің ерекше өнертабысын ғарыш саласына арнап жасапты. Қалта телефоны арқылы басқарылатын робот ашық ғарышта кез келген тапсырманы орындай алады.



Тимур жақында бұл жұмысын Америка Құрама Штаттарына апарып, бағын сынап көрмек. NASA ұйымдастырған үлкен байқауға шақырту алған. Тимур Рысбеков 2017 жылы халықаралық байқауға қатысып, 77 химиялық реактивті анықтай алатын роботты жасап, ұсынған еді. Сол кезде NASA сарапшылары баланың өнертабысына қатты қызығушылық танытқан. Тіпті әріптестік байланыс орнатуға ұсыныс білдірген еді.

*turkystan.kz*



### Әдебиет теориясы

**Рецензия (ағылш. *review*)** – жаңа туынды туралы мағлұмат бере отырып, оның қысқаша талдамасын және бағасын қамтитын сыни еңбек. Рецензияда рецензенттің өз көзқарасы баяндалып, өз бағасы беріледі, еңбектің жетістігі мен кемшілігі айтылады, кейде оны жетілдіре түсу үшін ұсыныстар жасалады. Рецензия ғылыми негізде, объективті түрде, баршаға түсінікті тілде, шығарманы жазған авторға да, оқырманға да пайда келтіретіндей түрде жазылуы керек.

Рецензент мәтіннің негізгі артықшылықтары мен кемшіліктерін бөліп көрсетуі керек. Алдымен шығарманың барлық жағымды жақтарын егжей-тегжейлі қарастырып, стиль ерекшеліктерін, жалпы мәтін үшін мәтіннің мәнін атап өтуі керек. Шығарманың қай әдеби бағытқа жататынын анықтап, оған қосқан үлесі туралы, шығарманың авторлық шығармадағы орнын, жалпы автордың позициясын, оның дүниетанымы мен дүниетанымын түсінудегі маңызын көрсетуі керек.



### Кітап – білім бұлағы

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-т. С-Т. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. – 752 б.
2. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.

Бір адамның бір адамнан парқы бар, ол айырма білімменен жарқырап.

Жүсіп Баласағұни

## «КӨЗІНЕН БАСҚА ОЙЫ ЖОҚ» ӨЛЕҢІ



### Меңгерілетін білім:

- тілдік бірліктердің мәтіндегі қызметін айқындай отырып, жекелеген қолданыстардағы автордың ой-ниетін танытудағы рөлі мен концептілік мәнін ашу;
- көркем шығарманың идеялық мазмұнына сүйене отырып, оқырмандық ой-пайымын ауызша/ жазбаша түйіндеу;
- туындыдағы даралық образдар мен типтік характерлердің ұлттық және тарихи құндылығын әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра бағалау.

### Тірек сөздер

Ақыл  
Парасат  
Надандық

### Сөзмаржан

**Хақ** – шындық, растық  
**Хикмет** – керемет, сыр, ақыл  
**Дағар** – астық, ұн, тезек, т.б. салатын үлкен қап, қанар.

«Абайдың «Көзінен басқа ойы жоқ» (1891 ж.) өлеңі надандықты, ойсыздықты, білімсіздікті сынауға арналған. «Көзінен басқа ойы жоқ» дегенде мәселе маңдайдағы көз емес, жүрек пен көңілде айнадай жарқыраған көз болу керек деген ойды айтпақ. Абай надан адамды «адамның әуресі» санайды. Себебі ондай адам басын ауыртып, ештеңе ойлағысы келмейді, ақылға да көнбейді. Азынаулақ мардымсыз іс-әрекетіне мәз болып, тоқмейіلسуді ғана біледі.

Жүректің көзі ашылса,  
Хақтықтың түсер сәулесі.  
Іштегі кірді қашырса,

Адамның хикмет кеудесі, – дегенде Абай оқу-білімге талпынып, ізденген адамға шындық өмірдің қыр-сыры ашылады, айналаны ел көзімен көріп, жақсы мен жаманды ажырата білуге болатындығын нағыз адамгершілік тұрғыда баяндайды. Абай ел қамы, халық қамы дегенді ойламайтындарға қарсы, оларды дүлей, надан топқа балап, жиіркенішпен сөз етеді.

Наданның көңілін басып тұр,  
Қараңғылық пердесі.  
Ақылдан бойы қашық тұр,  
Ойында бір-ақ шаруасы, – дейді.

Ал елге ақыл айтып, жөн сілтеуге шамасы келеді-ау деген молдаға да

Абайдың көңілі толмайды. Молданың басындағы сәлдесін дағарға теңей отырып, «кітапты теріс оқитындығына» налиды. Теріс оқу деген – қате, өтірік оқу деген сөз. Мұны «Аңқау елге, арамза молда» дейді. Молданың надандығы сонда, ол өзінің қате оқитындығын ешкім сезбейді деп ойлауында. Бірақ «көңілі – бек соқыр» болса да, малқұмарлығы «бүркіттің жем жегенінен кем емес», тойымсыз, қанағаты жоқ, елді аямайды.

#### Зертте

Хрестоматиядан Ш.Құдайбердіұлының «Жастарға» өлеңін оқындар. «Көзінен басқа ойы жоқ» өлеңімен салыстырып, пікір жаз.

Абай айналасынан білімге құмар, жүрегімен сөз ұғатын зейінді адам іздейді. Шын ел қамқоры болған Абай жастарды білімді, ақылды, парасатты болуға үндей отырып, надандықтан, білімсіздіктен жиренуге шақырады. Жастардан жақсы мінез күтті, ұрпаққа аманат қалдырды.

1

Білу

1. «Көзінен басқа ойы жоқ» өлеңі қай жылы жарық көрді?
2. Шығармада Абай нені қатты сынады?
3. «Қараңғылық пердесі» деген не?
4. Өлеңнің мазмұндық желісі қандай?

2

Түсіну

QR код арқылы өлеңді тыңдай отырып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Абай неліктен «Көзінен басқа ойы жоқ» дейді?
2. Ақыл, парасат көзінің болмауының себебі не екен?
3. Шығарманың құндылығы неде деп ойлайсындар?

3

Қолдану

«Жүректің көзі», «іштегі кір», «Хикмет кеуде» сөз тіркестерінің қызметін айқындап, өлеңдегі концептілік мәнін ашыңдар.

4

Талдау


Көркем шығарманың идеялық мазмұнын талдап, оқырмандық пайымдарыңды жазыңдар.

5

Жинақтау

1. Өлеңдегі суреттелген қасиеттер өз бойларыңда бар ма?

2. Шығармадан алған білімдеріңді тірек сызба арқылы беріңдер.



6

Бағалау

1. Ақынның айтқан сынымен келісесіңдер ме? Қандай ой қосар едіңдер?
2. Туындыдағы даралық образдар мен типтік характерлердің ұлттық, тарихи құндылығын Р.Солнцевтің «Молодежи больше с каждым днём» өлеңімен салыстыра бағалаңдар.



#### Білгенге маржан

Шынында Абай малшы, көршіден бастап, солардың баласынан, жасынан бастап, айналасындағы барлық естияр жанның үлкенді-кішілі қауымның, жұрттың бәріне бойында барын түгел, үнемі үлеске салып отырған. Сол арқылы өзі тіршілік еткен ортасына тағы да мол сәуле төгіп, нәр беріп отырған Абай да, ақын Абайдың өнегелі сыр-сипатын танытушы еді.

*М.Әуезов*

Тегінде Абай – уайымшыл емес, өмірді сүйген, тамашалай білген, әр нәрсеге үмітпен қарай білген суреткер. Мүмкін сондықтан да Абайда «жақсы» сөзі 130 рет, «жаман» сөзі 46 рет, «жақсылық» сөзі 33, «жаманшылық» сөзі 18 рет, «дос» сөзі 60, «достық» 28 рет қолданылса, «дұшпан» 18-ақ рет, «өмір» 113, «өлім» 26 рет аузына үйірілген болар. Әрине, бұл – сырттай қарағанда көзге түсетін сандық өлшем бойынша топшылағанымыз. Дегенмен статистика мәліметінің де (сөз санына қараудың да) маңызы барын ескеру қажет.

*Р.Сыздық*



#### Кітап – білім бұлағы

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. – Алматы: Арыс, 2007. – 752 б.
2. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995.



Маңайлама ар-ұяттан безгенге,  
Мыңдап алғыс инабатты сезгенге.

Жүсіп Баласағұн

## ОТЫЗ АЛТЫНШЫ ҚАРАСӨЗ

### ● Меңгерілетін білім:

- қарасөздегі ойтолғамдарды оқырмандық ұстаным тұрғысында дәйектеп айту, жазу;
- мәнмәтіндегі астарлы ойды анықтау, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені беруде авторлық ниетті (дітті/интенцияны) түсіну.

Абайдың «иман» мен «ұят» деген ұғымдардың бір-бірімен тығыз байланыстылығын, ажырамас сабақтастылығын, берік бірлігін «кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ» хадисіне орай «ұят» деген ұғымға тереңдеп тоқталатын қарасөзі. 1896 жылы жазған бұл қарасөзінде ақын «ұят кімде болса, иман сонда» деп, «ұят – иманның бір мүшесі» екендігін дәлелдеп береді. Автор шығармаларында «иман» деген сөз 59 рет қолданылған.

### *Иман деген не?*

Иман – «діндар», «діншіл» деген наным-сенім ғана емес, «таза», «адал», «шыншыл адам» деген мағына береді. Абай «иман» деген сөздің «ар, ұят» деген мағынамен астасатынын аша отырып, «Ұят екі түрлі болады» дейді.

Бірі – шарифатқа, ақылға немесе атақ-абыройға теріс келген қылығыңды түсініп, «кірерге жер таппай, кісі бетіне қарай алмай» – шын ұялу. Енді «Бір ұят бар – надандықтың ұяты, жас бала сөз айтудан ұялған секілді, жақсы адамның алдына жазықсыз-ақ әншейін барып жолығысудан ұялған секілді... Не шарифатқа теріс, не ақылға теріс жазығы жоқ болса да, надандықтан бойын керістендіріп, шешілмегендік қылып, ұялмас нәрседен ұялған – мұндай ұят шын ұялу емес – ақымақтық, жамандық», – дейді. Ал шын ұят шарифатқа, ақыл-ойға, атақ-абыройға, тату жолдастыққа дақ түсірмеуден туындайды.

«Осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да», – деп хакім Абайдың өзі айтқандай қате ісінді түсініп, ұяла білу – бұл иманның бір шарты. Иманы жоқ адамда ұят-сенім болмайтындықтан, ондай адамды қазақ «құдайсыз» деп атайды. Ал

ағат кеткенін түсінген адам, ұялғанын мойындап, кешірім сұрай білсе, бұл күнделікті өмірде достық, татулық қарым-қатынас орнатуға себеп болады.



### Суретпен жұмыс

Ақын бойындағы қасиеттер туралы жасалған инфографиканы үлгі ретінде алып, «Отыз алтыншы қарасөзде» айтылған «шын ұятқа» және «надандық ұятқа» ие адамдардың бойында кездесетін қасиеттер туралы дәл осындай инфографика жасаңдар.



Абай қарасөздерінің ішіндегі ең қысқасы саналатын «Он алтыншы қарасөзінде» Құдайға шынайы құлшылық ете білу мен дінді таза ұстаудың мән-мағынасын аша келіп, пайғамбарға салауат айтуды дұрыс түсіне алмаған адамдарды сынайды. Құдайға құлшылық ету имансыздықпен, арсыздықпен жүзеге аспау керек. Ең алдымен, адам баласында ар, ұят, иман, әділет, ынсап, рақым, мейірбаншылық болу керек. Абайша айтқанда, Құдай Тағалаға жасалған құлшылық – «саудагерге берешегін беру» емес, ең алдымен тілін жаттықтыру, дінді таза ұстау, мағынасын түсіну және соған лайық әрекет ету. «Он алтыншы қарасөзінде» Абай құран аяттарына тілі келмей, бұзып оқу да ұят деген ойды айтады.

Абай «Отыз сегізінші қарасөзінде»: «Сен Алла Тағалаға Алла тағала үшін иман келтіремісің я өзің үшін иман келтіремісің?», – деген сұрақ қояды да, оған өзі жауап береді: «Сен иман келтірмесең де, Алла Тағалаға келер ешбір кемшілік жоқ еді. Өзің үшін иман келтірсең, жә иландың. Ол иланбақтығың құр

ғана иланбақтықпен қалса, саған пайда бермейді. Бұл үшін сен өзің иланбақтығыңнан пайда ала алмадың, ал пайдаланамын десең, пайда береді, кәміл иман болады. Пайданы қалайша алуды білмек керек. Сіз «Құдайға оның есімдері мен сипаттарына иман келтіремін» (Өмәнту биллаһи кәма һуә би исмайһи уа сифатиһи) дедіңіз. Ол есім Алланың аттары, Алла Тағаланың бүкіл ұлы сипаттарының аттары, олардың мағынасын біл һәм өзіне лайық сегіз сипатын кәміл үйрен. Өзіңді оның құлы деп біліп және мұсылманмын деп ат қойып, шын пиғылмен берілу керек. Өз пиғылдарыңды соған өз халіңше ұқсатуды шарт қыл», – дейді.

Абай «Он үшінші қарасөзінде» әуелі не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылмен ой жүгірту керек, екінші кітаптан оқып, білімділерден естіп, соны көкірекке берік байлай білу керек деген. «Иман» сөзімен қазақ тіліндегі «илан» (сену, нану) сөзінің лексика-семантикалық мағынасы астасатынын тіл мамандары арнайы зерттеп, Абайдағы адамгершілік, адалдық, ар, ұят ұғымдарымен сабақтастырады.

«Отыз алтыншы қарасөз»: «Ұялған десек, хадис анау, жақсылардан қалған сөз анау. Осындай адамның иманы бар дейміз бе, жоқ дейміз бе?», – деп оқырманға ой тастаумен аяқталады.

1

Білу

1. Хрестоматиядан «Отыз алтыншы қарасөзді» мұқият оқып шығыңдар.
2. Қарасөздің идеясы қандай?
3. Абай ұяттың неше түрі барын айтады?

2

Түсіну

1. Абай осы қарасөзде нені жеткізгісі келді?
2. «Сегіз аяқ» өлеңіндегі қандай сөздер қарасөзбен үйлеседі?

3

Қолдану

1. Мәнмәтіндегі астарлы ойды анықтап, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені берудегі авторлық ниетті түсіндіріңдер.
2. Қарасөзді мұқият оқып, «Сканерлеп оқу» әдісі бойынша жинақы мәтін жазыңдар.

4

Талдау

1. Жұптық жұмыс. Қарасөздегі ойтолғамдарды оқырман-дық ұстаным тұрғысында дәйектеп айтыңдар.
2. «Ұят – иманның бір мүшесі» дегенді қалай түсінесіңдер? Топпен талдаңдар.

5

Жинақтау

1. Ар-ұят жайында шағын мақала жазыңдар.
2. «Пайда ойлама – ар ойла» тақырыбына шағын эссе жазыңдар.

6

Бағалау

1. Қарасөздің көркемдік ерекшелігіне баға беріңдер.
2. Қазіргі қоғамда қарасөзде сипатталған қасиеттердің маңыздылығы неде?
3. Ақын «Отыз алтыншы қарасөзінде» айтып кеткен, надандық ұяты мен шын ұятты Венн диаграммасы арқылы салыстырып, бағалаңдар.



#### Білгенге маржан

Абай қарасөздерінің ішінде тағы бір қайталай түсетін тақырып – дін менен мораль, тәрбие жайларын қозғайды. Олар: «Он екінші», «Он үшінші», «Жиырма жетінші», «Отыз бесінші», «Отыз алтыншы», «Отыз сегізінші» және «Қырық бесінші сөздерде».

Осы сөздердің кейбірінде Абай Құдайға құлшылық етудің мәнін айтып, иман жәйін сөз етеді («Он екінші», «Он үшінші сөздер»). Бірақ сол мұсылманшылдықтың анық діндік үгітін айта отырып, Абайдың өз оқушысына жеткізбегі адамгершілік өсиеттер болады. Сол адамгершілік қасиетті адам өзінің жаратылыс сырымен қоса бағалап, түсінсін деп ойлайды. Сондай түсінік адамды адамгершілік биік сатыға көтереді дейді. Осы ойына тіреп, дерек етіп («Жиырма жетінші сөзінде») әдейі ұстаздық, тәрбиешілік ниетпен Сократ сөзін береді.

«Отыз бесінші», «Отыз алтыншы сөздерде» Абай қазақтың дін күтушілерін және сол дін жолының өзіндегі өрескел мінді мінездерін шенейді. Пайғамбар өсиетін айта отырса да, сыншыл ақылдың талаптарын Абай айқын атап отырады.

*Мұхтар Әуезов энциклопедиясы*

## ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР

1

Білу

1. Ақынның жастарға арнаған өлеңдері қай жылдары жазылды?
2. «Сегіз аяқ» өлеңінің Мүрсейіт қолжазбасындағы атауы қандай?
3. Абай ұятты неше түрге бөледі?

2

Түсіну

1. Ағайын бек көп,  
Айтамын ептеп,  
Сөзімді ұғар елім жоқ, –  
деп ақын нені меңзейді?
2. «Заманақыр жастары» өлеңінде ақынның өз заманын «заманақырға» балауының себебін түсіндіріңдер.
3. Ақын өлеңінде кездесетін «жүректің көзі» тіркесінің мағынасын қалай түсінесіңдер?

3

Қолдану

1. «Екі жақты түсіндірме күнделікті» толтырыңдар.

«Жасөспірім замандас қапа қылды» өлеңінің өзіңе қатты әсер еткен шумағын жазыңдар.	Осы шумақ жайлы пікір жазыңдар.
«Көзінен басқа ойы жоқ» өлеңінің өзіңе қатты әсер еткен шумағын жазыңдар.	Осы шумақ жайлы пікір жазыңдар.

2. «Заманақыр жастары» өлеңіндегі ақынның негізгі айтпақ ойын тұжырымдаңдар.

1. «Сегіз аяқ» өлеңінің негізгі ерекшелігін атаңдар.
2. Абай «ұяты күшті адамдар» қатарына қандай адамдарды жатқызады?
3. Ақынның «Отыз алтыншы қарасөзінің» маңызын «DEAL» әдісімен талдаңдар.  
 D – Describe – қарасөздегі маңызды жайтты сипаттау.  
 E – Explain – осы жайт бойынша не білетінін түсіндіру.  
 A – Analyse – ақпаратты талдау.  
 L – Links – өзінде бар біліммен байланыстырып, қорытынды жасау.

1. Ақынның  
 «Жүректің көзі ашылса,  
 Хақтықтың түсер сәулесі.  
 Іштегі кірді қашырса,  
 Адамның хикмет кеудесі», –  
 деп ой толғауының мәні неде? Пікірлеріңді дәлелдендер.
2. Ақын «Көзінен басқа ойы жоқ» өлеңінде молдаларға сын айтуының себебі неде?

1. Ақынның жастарға арнаған өлеңдерін негізге ала отырып, бүгінгі күннің жастары туралы пікірді «SWOT-талдау» әдісімен талдаңдар.

<b>Күшті жақтары</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>
<b>Мүмкіндіктер</b>	<b>Қауіптер</b>

2. «Еңбек етсең ерінбей» тақырыбына эссе жазыңдар.

## Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

### Отыз алтыншы қарасөз

Пайғамбарымыз салаллаһу ғалайһи уәссәлләмнің хадис шарифінде айтыпты: «мән лә хаяһүн уәлә иманун ләһу» деп, яғни кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ деген. Біздің қазақтың өзінің мақалы да бар: «ұят кімде болса, иман сонда» деген. Енді бұл сөзден білінді: ұят өзі иманның бір мүшесі екен. Олай болғанда білмек керек, ұят өзі қандай нәрсе? Бір ұят бар – надандықтың ұяты, жас бала сөз айтудан ұялған секілді, жақсы адамның алдына жазықсыз-ақ әншейін барып жолығысудан ұялған секілді. Не шарифатқа теріс, не ақылға теріс жазығы жоқ болса да, надандықтан бойын керістендіріп, шешілмегендік қылып, ұялмас нәрседен ұялған мұндай ұят – шын ұялу емес – ақымақтық, жамандық.

Шын ұят сондай нәрсе, шарифатқа теріс, я ақылға теріс, я абиұрлы бойға теріс бір іс себепті болады. Мұндай ұят екі түрлі болады. Біреуі – ондай қылық өзіңнен шықпай-ақ, бір бөтен адамнан шыққанын көргенде, сен ұялып кетесің. Мұның себебі сол ұят істі қылған адамды есіркегендіктен болады. «Япырым-ай, мына байғұсқа не болады, енді мұның өзі не болады?» дегендей, бір нәрсе іштен рахым секілді болып келіп, өзіңді қысып, қызартып кетеді. Біреуі сондай ұят, шарифатқа теріс, я ақылға, я абиұрлы бойға теріс, я адамшылыққа кесел қылық, қатеден яки нәпсіге еріп, ғапылдықтан өз бойыңнан шыққандығынан болады. Мұндай ұят қылық қылғандығыңды бөтен кісі білмесе де, өз ақылың, өз нысабың өзіңді сөккен соң, іштен ұят келіп, өзіңе жаза тарттырады. Кірірге жер таба алмай, кісі бетіне қарай алмай, бір түрлі қысымға түсесің. Мұндай ұяты күшті адамдар ұйқыдан, тамақтан қалатұғыны да бар, хатта өзін-өзі өлтіретұғын кісілер де болады. Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өз мойныңа салып, сөгіс қылған қысымның аты. Ол уақытта тілге сөз де түспейді, көңілге ой да түспейді. Көзіңнің жасын, мұрныңның суын сүртіп алуға да қолың тимейді, бір ит боласың. Көзің кісі бетіне қарамақ түгіл, ешнәрсені көрмейді. Мұндайлыққа жетіп ұялған адамға өкпесі бар кісі кешпесе, яки оның үстіне тағы аямай өртендіріп сөз айтқан кісінің өзінің де адамшылығы жоқ десе болар.

Осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да. «Ол істен мен ұятты болдым дедім ғой, енді нең бар?» дейді. Я болмаса «Жә, жә, оған мен-ақ ұятты болайын, сен өзің де

сүйтіп пе едің?» дейді. Немесе «пәленше де, түгенше де тірі жүр ғой, пәлен қылған, түген қылған, менікі оның қасында несі сөз, пәлендей, түгендей мәнісі бар емес пе еді?» деп, ұялтамын десең, жап-жай отырып дауын сабап отырады. Осыны ұялған кісі дейміз бе, ұялмаған кісі дейміз бе? Ұялған десек, хадис анау, жақсылардан қалған сөз анау. Осындай адамның иманы бар дейміз бе, жоқ дейміз бе?!

**1. Мәтінде қандай мақал қолданылған?**

- A) Жақсылық ұзақ тұрмайды.  
Жамандық әр кез тозбайды.
- B) Ұят кімде болса, иман сонда.
- C) Ұлы сөзде – ұят жоқ.
- D) Жоқтық ұят емес,  
Тоқтық мұрат емес.
- E) Жақсының жаты болмайды,  
Жаманның ұяты болмайды.

**2. Автор ұяттың қанша түрі туралы жазады?**

- A) бір
- B) екі
- C) үш
- D) төрт
- E) бес

**3. Абай ұятты адамды қалай сипаттайды?**

- A) Өз ісін басқалармен салыстырып, ақтап алғысы келеді.
- B) Надандықтан, білмегендіктен керістеніп ұялады.
- C) Өз ісін білсе де, ұялмай, қызармай отырады.
- D) Елше қарап сөйлемейді, басына ой келмейді.
- E) Ұятты ісін білсе де, үндемей жүре береді.

**4. Автор пікірімен келісесіздер ме?**

- Келісемін, себебі... .
- Келіспеймін, себебі... .



## II ТАРАУ

# ЖІГІТТЕР, ОЙЫН АРЗАН, КҮЛКІ ҚЫМБАТ

### **Бұл тарауда:**

- Абайдың жастарға қажетті жақсы қасиеттер туралы ғылыми-пәлсапалық трактаттарын пайымдайсыңдар;
- ақынның көркем-әдеби туындыларындағы ұлттық таным мен рухани-мәдени құндылықтарды танысыңдар;
- ақын идеяларын күнделікті тұрмыста басшылыққа алуға дағдыланасыңдар.

Бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесең істің бәрі бос!

Абай Құнанбайұлы

## «ЖІГІТТЕР, ОЙЫН АРЗАН, КҮЛКІ ҚЫМБАТ» ӨЛЕҢІ



### Меңгерілетін білім:

- көркем шығарманың идеялық мазмұнына сүйене отырып, оқырмандық ой-пайымын ауызша/ жазбаша түйіндеу;
- көркем шығармадағы автордың стилін айқындау;
- көркем шығарманың рухани-эстетикалық құндылығына баға беру.

### Тірек сөздер

Тұрақтылық  
Адалдық  
Жеңілтектік  
Құбылма

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» (1886 ж.) – Абайдың жастарға арналған достық, татулық, жар сүю мәселесін қозғайтын насихат өлеңі. 25 шумақтан тұратын бұл төрт тармақты өлең он бір буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Идеясы – тату достықты, сыйластықты, кісілік келбетті қадірлей білу. Пайдасыз ойын-сауық пен еңбексіз бос уақыт өткізуден аулақ болу.

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,  
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.

Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік,  
Ер табылса, жарайды қылса сұхбат, –  
деп басталатын өлеңде Абай жеңіл-желпі ойын-күлкіге салынбайтын, сөздің мағынасына мән беретін, орынды айтылған қалжыңмен сөйлесе алатын ақылды, парасатты, білімді адамды іздеп отыр.

Абай айналасында мұндай адамдар жоқ емес, бар. Бірақ оның кейбіреуі «үйден шыққанынша» ғана тыңдап, сосын ұмытып кетеді, ал кейбіреуі сөзге құлақ қойып, ойын мен күлкінің, арзан мен қымбаттың, сыр мен сымбаттың парқын айыруға тырысады. Қарама-қарсы ойды білдіретін «арзан мен қымбат» деген антонимдерді негізгі айтайын деген ойына арқау еткен Абай бұл сөздерді метафораға айналдырған. Өлеңнің негізгі тірек сөздеріне айналған «арзан мен қымбат» тұрақтылық, адалдық, жеңілтектік, құбылма сияқты адамның сан қилы мінезінің мән-мағынасын ашып шығу үшін қолданылған. «Шын көңілден сүйсе екен, кімді сүйсе, Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе», – дейді Абай.



## Суретпен жұмыс

«Шеринг» әдісімен инфографика туралы ой бөлісіңдер. Шеңбер бойымен отырып, жүргізуші бастап, кезекпен барлығың да алдымен инфографикада көрсетілмеген жақсы қасиеттерді, одан кейін жаман қасиеттерді атаңдар.

**Менің таңдауым**

→	адамгершілік
→	достық
→	татулық
→	адалдық
✗	ойын
✗	арзан күлкі

Бозбалада «талаптылық, әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық» болу керек. Бұл – жастардың өмірлік мақсаты, яғни бозбалаға нағыз «керек іс». Ал «сыртқа пысық, көзге сынық» көрінуге тырысып, «мақтан күйлеп» жүруге болмайды. «Мақтан күйлеп» деген үнемі мақтануды ғана ойлайтын мақтаншақ деген мағынада.

Абай насихатына назар аударайық:

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,  
Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз.  
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,  
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!

### Зертте

«Пысықтықтың белгісі – арыз беру» дегенді бүгінгі күн тұрғысынан зертте.

Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,  
Біріңнің бірің сөйле сөзін тосып.  
Біріңді бірің ғиззәт, құрмет етіс,  
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.

«Жолдастық, сұхбаттастық» Абайша айтқанда – «бір үлкен іс». Мұның қадірін «жетесіз адам» ғана білмейді. Жақсы дос сырыңды сыртқа жаймайды, басқаға қосылып, бірге жамандап, «артыңнан бір ауыз сөз» артық айтпайды, өзі де күлмейді, досын да табалатпайды.

Абай насихаты бойынша жақсы дос табу – үлкен істің бірі болса, жақсы жар таба білу де – бақыт. Көрсеқызар болу ер жігітке жараспайды, сондықтан ақын: «Әйел жақсы болмайды көркіменен, Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!», – дейді. Сүйген жарың «сені сүйсе, сен де оны сүй», ал отбасы тату болса, үстіндегі үй жұмақпен тең болады.

*Ер жігіт өзіне қандай жар таңдау керек?*

Ең алдымен, өсек-аяңмен, артық-ауыз сөзбен жұмысы жоқ, «салақ, олақ, керім-кербез» емес, мінезі жақсы, «ары бар, ақылы бар, ұяты бар» ата-ананың қызынан қапы қалмау керек.

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,  
Кедей қызы арзан деп құмарланба.  
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,  
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма.

Абай бозбалаға ғана емес, бойжеткенге де ақыл айтады. Оған да «ақыл керек, ес керек, мінез керек».

Егер сүйген жарыңның дос-құрбысы келсе, сазарып, сызданып, қабағыңмен имендірмей, «Ері сүйген кісіні ол да сүйіп, Қызмет қылсын көңілі таза жүріп» дейді.

Бірақ келген құрбыңның да көңілі таза болу керек. «Сен оған мойын бұрып сөз айтқанда» оның көзі мен ойы басқа жақта болса, бұл – мәдениетсіздік, ақылсыздық. Нағыз достың «көкірегінде қаяу» болмайды, ал мұндай адам қиянат жасамайды. «Қажымас, қайта айнымас» тату досқа дүниеде ештеңе жетпейді.

Абай келер заман жастарына сын көзбен қарайды.

*Абайдың неге болашақ бозбалаларға көңілі толмайды?*

Өлеңге назар аударайық:

Пайда деп, мал деп туар ендігі жас,  
Еңбекпен терін сатып, түзден жимас.  
Меліш сауда сықылды күлкі сатып,  
Алса қоймас, араны тағы тоймас.

Абай заманындағы өсіп келе жатқан жастардың қылығы ақынға ұнамайды. Өйткені пайдасы жоқ ойын түрлерін ермек қылуға әуес, содан «алыс-беріс» жасап, пайда тапқысы келеді, мұның арты дау-жанжал, төбелес, арыз жазуға ұласады. Ондай балалардың ата-анасында да береке жоқ, баласының құрбысына ұрысып, «онан жаман» бұрқылдайды. Өртүрлі пайдасыз ойынға бой алдырып, тиімсіз татулықты ұстанған ұрпақ өзіне өзі зиян жасайды. Сондықтан Абайша ой қорытсақ, жас жеткіншек «Табан ет, маңдай терін сатып», адал еңбек ету қажет, ал мұның тиімді жолы – шынайы татулық пен адал достықта.

Жаман тату қазады өзіңе ор,  
Оған сенсең, бір күні боларсың қор.  
Ары бар, ұяты бар үлкенге сен,  
Өзі зордың болады ығы да зор.

Абай «Өзі зордың болады ығы да зор», – дегенде жоғары мансап иесін айтып отырған жоқ. Байлығымен, мансабымен емес, адал еңбегімен, жақсы мінезімен, ақыл-парасатымен айналасына сыйлы болған «ары бар, ұяты бар» адамды қадірлеп, үлгі-өнегені сондай адамнан алу керек деген өсиет айтып отыр. Сондықтан да Абай: «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар. Ата-ананың қызынан ғапыл қалма» дейді.

Абай өз ойын ашық, тура айту арқылы жастардың өмірлік жар таңдаудағы достығы, отбасындағы татулық, құрбы-құрдастармен достығы өз өмірлерінің азығы ғана емес, бүкіл елдің береке-бірлігі деген пікірін танытады.

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбаттың» жалғасы іспетті «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» деген өлеңінде де жеңіл-желпі өмір сүргісі келетін «сидаң жігіттің» нақтылы жинақталған портретін жасайды. Ал «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық» (1886 жылы) деген өлеңінде де «Әуелі өнер іздемек, қолдан келсе, Ең болмаса еңбекпен мал таппақ», – деп жастарға насихат айтады.

Абайдың осы өлеңіндегі: «Қазақтың қайсысының бар санасы?», – деп басталатын соңғы 25-шумағы 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғлының өлеңі» жинағында берілмеген. Бұл шумақ алғаш рет 1933 жылы М.Әуезов құрастырған толық жинақта: «Осы соңғы бір ауыз өлең бұрынғы жазба, баспаларынан қалып жүрген», – деген жазушы ескертпесімен берілген. Қазіргі жинақтардың барлығында осы 1933 жылғы нұсқа негізге алынып келеді.



#### Сөзмаржан

**Сұхбат** – оңаша әңгіме, оңаша отырыс

**Физзәт (иззәт)** – қадір, сый, ізет

**Өлекшін** – иттің және кейбір жыртқыш аңның қаншығы, ұрғашысы. Бұл жерде қаншық итті айтады

**Раис (парсыша)** – көркем, әдемі, сәнді (1933 жылы М.Әуезов құрастырған жинақтағы түсінік, 84 б.)

**Қаяу** – кемістік, оқа

**Меліш, мелочь (орысша)** – ұсақ-түйек

**Кейт** – ұпай, алым. Асық ойында қарыз алу. Ұтылып қалса, кейт болып ойыннан қуалады

1

Білу

1. Өлең қай жылы жазылған?
2. Өлең кімге арналған?
3. Бозбаланың бойында қандай қасиеттер болғаны дұрыс?

2

Түсіну

1. «Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,  
Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес» дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Неге «ойын – арзан, күлкі – қымбат»?

3

Қолдану

1. QR код арқылы өлеңді тыңдай отырып, автор стилін анықтаңдар.
2. Ақын өлеңде жақсы достың артықшылығын атап көрсеткен. Қазақ халқы достықты адал достық және амал достық деп екі түрге бөледі. Достықтың осы екі түрін Венн диаграммасы арқылы салыстырыңдар.

4

Талдау

1. Өлеңдегі достық, талап, күлкі ұғымдарын «SWOT-талдау» әдісімен талдаңдар.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Мүмкіндіктер	Қауіптер

2. Шығармадағы көркемдегіш құралдарды тауып, олардың қолданысын талдаңдар.

5

Жинақтау

1. Көркем шығарманың идеялық мазмұнына сүйене отырып, оқырмандық ой-пайымдарыңды жазбаша түйіндеңдер.
2. Топтық жұмыс. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын автордың осы тектес өзге шығармаларынан тауып жинақтап, оларды салыстырыңдар.

1. Ақынның өлеңде атап көрсеткен жігіт бойындағы болуы керек жақсы қасиеттер «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айтылған «бес асыл іс» қатарына жата ма?
2. Өлең бойынша «Екі жақты түсіндірме күнделікті» толтырыңдар. Өлеңнің рухани-эстетикалық құндылығына баға беріңдер.

Өзіңе қатты әсер еткен шумақтарын жазыңдар.	Осы шумақтар жайлы пікір жазыңдар.



### Білгенге маржан

«Абайдың әдетінде бір жазған өлеңін қайта түзеп, жазып, қайтадан қарастыру машығы жоқ...»

*М. Әуезов*

Зерттеушілер Абайдың «мәліш сауда» дегенін орысша «мелочь («мелочная торговля» немесе «торговля мелочами») дегеннен алынған деп есептейді. Абай «мал деп туып, бірақ оны еңбекпен терін сатып түздеп жимай, мәліш сауда сықылды күлкі сатып» жимақ болғандар туралы айтқанында, шынында да ел кезіп, бір күн анаған, бір күн мынаған дос, жақын болғансып жүргендердің күйкі қылығын ауыл аралап, айна-тарақ сатушылардың ұсақ әрекетіне ұқсатады. «Мәліш сауда» тіркесі осылайша ақынның өз салыстыруынан туған образды атау болуы да мүмкін, сондай-ақ оны өз тұсындағы сөйлеу тілінен алуы да мүмкін. Өйткені орыстар өсіретін құйрығы жоқ ұсақ қойларды қазақтар мәліш деп атайтын болған. Қайткенде де Абайдан өзгелерде кездеспейтін «мәліш сауда» тіркесі – қазақ даласында келген жаңа сауда операциясының біреуінің атауын білдіреді.

*Р.Сыздықова. Абай шығармаларының тілі*



### Кітап – білім бұлағы

Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. 3 томдық. Өлеңдер мен аудармалар. 1-т. – Алматы: Жазушы, 2020. – 604 б.

## «АДАСҚАННЫҢ АЛДЫ – ЖӨН, АРТЫ – СОҚПАҚ» ӨЛЕҢІ

### Меңгерілетін білім:

- көркем мәтінді талдап оқу;
- тілдік бірліктердің мәтіндегі қызметін айқындай отырып, жекелеген қолданыстардағы автордың ой-ниетін танытудағы рөлі мен концептілік мәнін ашу;
- шығармадағы образдар жүйесін салыстыра талдау, «мағыналы жастық» тұжырымдарын айқындап, автордың айтар ойын пайымдау.

### Тірек сөздер

Жалқаулық  
Бойкүйездік  
Сұғанақтық

### Сөзмаржан

**Аршопке** – кездеме өлшемі, мөлшері  
**Сымпыс** – жіңішке, сидаң

Абайдың өлең жазуға біржола ден қойып, ақындық шеберлігін, әсіресе, сыншылдық қабілетін жан-жақты таныта бастаған кезеңде жазылған өлеңдерінің бірі – «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ». Мұнда Абай кімнен үлгі алуды білмей, арам, алаяққа еліктеп, «Қас маңғаз малға бөккен кісімсініп», «сырын түземей, сыртын түзеген» ессіз әуесқойлықты адамның адасқаны деп таниды. Ал мұндай адасқанның арты өмірдің, тағдырдың қиын жолына тап болады.

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбатқа» қарағанда мұнда «сидаң жігіттің» сыртқы портреті нақтылы бейнеленген.

Қоғамдық тақырыпқа арналған бұл өлеңін Абай 1886 жылы 41 жасында жазған. Бұл өлеңде де ақын өзі өмір сүрген әлеуметтік ортадағы кемшілікті, жағымсыз жат мінездерді үлкен турашылдықпен батыл шенейді. Бірақ бұл өлеңінде сынайтыны – басқа көп өлеңдеріндегі сияқты атқамінер, болыстар емес, ел ішіндегі еңбексіз өмір сүретін жалқау, сұғанақ арсыздар. Олардың не малы жоқ, не еткен еңбегі жоқ, сондықтан малы бар, асы бар ауылдарды қыдырып, тамақ асырап жүретін кер жалқауларды сөгіп

әшкерелейді.

Сынай отырып, «адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ» ер жігітке тән асыл қасиет екенін дәріптейді.





## Суретпен жұмыс

Суретке қарап, қандай ой түюге болады? «Қатарына қарап бала өсер» деген халық даналығы туралы шағын ой толғау жазыңдар.



Жан ауыртып, еңбек етуге құлықсыз мұндай «қу борбай, жыл-пос, сидаң жігіттің» киім үлгісі де, сөйлеген сөзі де күлкі туғызады. «Қарсы алдына жымырып келтірем деп, Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ» дегенде басындағы тымағын бір шекесіне сөндеп кимек болып, түзей бергендіктен, ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ болған, яғни кір-қожалақ. Ал жаздыгүні ақ бөрік киіп, сабау ұстайды. Керегеге сабауды шаншып, бөркін бүктемей, іліп қойғанымен, біреу алып кете ме деп «жалтақ-жалтақ» қарай береді. Үстіне кигені «бір аршоппе» (бір өлшемге) болатын тар шапан, тар шалбар, онысын созғылап әлек. Жүріс-тұрысын қимыл-қозғалысын көзге елестетерліктей етіп суреттеген Абай оның бет пішініндегі «жүз құбылған» жасанды құбылысты: өтірік қылымсу, орынсыз керіліп-созылуды ишарамен жеткізеді. «Сидаң жігіттің» бет-пішінін, ішкі жан-дүниесін арнайы сипаттамаса да, «парықсыз, жеңіл ойлы, есерлеу адам» көзге елестейді. Абайтанушы ғалым Зәки Ахметов мұны «адамның мінез-құлқын сипаттаудағы портреттік суреттемеге тән айрықша көркемдік тәсіл» деп атап көрсетті.

Осындай сидаң жігіт елде мол-ақ,  
Бәрі де шаруаға келеді олақ.  
Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,  
Бар өнері – қу борбай, сымпыс шолақ.

Жалғыз аты ғана бар сидаң жігіт – шаруаға олақ, талапсыз, өнерсіз, күлкішіл-кердең, мақтаншақ топтың жинақталған типтік бейнесі.

1

Білу

1. Абай бұл өлеңді неше жасында жазған?
2. Бұл өлеңде ақын кімді сынайды?
3. «Көзіңді сатпа, теріңді сат», «Еңбегің ғана есеңді әпереді» деп кімдерге айтады?
4. Әлеуметтік кеселді Абай қалай сынайды?

2

Түсіну

1. «Олардың жоқ ойында малын бақпақ, Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ» дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Неліктен Абай жігіттерді қатты сынға алады?
3. Неге «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ»?

3

Қолдану

1. Хрестоматиядан өлеңнің толық нұсқасын талдап оқыңдар.
2. Өлеңдегі сөз тіркестерінің қызметін айқындап, автордың ой-ниетін танытудағы рөлін кестеге жазыңдар.

Сөз тіркестері	Қызметі
Бет-аузын құбылту	
Қас кермек	
Мойын бұрмақ	
Сидан жігіт	
Шаруаға олақ	

4

Талдау

Шығармадағы образдар жүйесін салыстыра талдап, "мағыналы жастық" тұжырымын айқындап, автор ойын пайымдаңдар.

5

Жинақтау

Топтық жұмыс. «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ» өлеңін хрестоматияда берілген «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңімен салыстырып, құрылымын талдаңдар.

6

Бағалау

1. Автордың өлеңде берілген жігіттер сипатымен келісесіңдер ме?
2. Жастық шақты қалай өткізу керек? Өз ойларыңды жазыңдар.



### Білгенге маржан

Жай адамның өмір тірлігін біздің халық мүшелмен санайтын. Оның мүшелі он екі жыл еді. Ақындықтың Әбілхаят суын ішкен, өлімді жеңген, мәңгі тірлік тапқан Абайдай дана, даңғыл ақын тарихтағы өз мүшелін жүз жылдан қайырмақ.

*Мұхтар Әуезов*



### Міне, қызық!

Абайдың әділдігіне, адамгершілігіне, қапияда сөз тапқыр шешендігіне разы болып жүрген керей руының Сәресі деген бір жігіті, онымен сыйлас та сырлас болуды көздейді. Тобықты мен Керейдің бас қосқан бір жиынында Сәресі Абайды атымен атамай, Ибраһим деп атай бергенін Абай ұнатпай қалады. Өйткені ресми кісілер мен атқамінерлер ғана Абайды Ибраһим деп атайды екен. Абайдың өзі осылай атауды ұнатқан.

Жиын барысында Абайдың терең де мәнді даналық сөзіне разы болған Сәресі астындағы атақты бесті қара жорғасын достық белгісі ретінде сыйға тарта тұрып: «Бар тілегім сол ғана, Ибраһим, маған әр кезде де оң тізеңнен орын беріп, мәжілістес етсең болғаны», – дейді. Сонда Абай Сәресіге бұрылып тұрып:

Ибраһим емес – Абаймын,  
Ел бақытын қалаймын.  
Ақылдан азған, аузы қан,  
Сұмдығын көрдім талайдың.  
Ибраһим емес – Абаймын,  
Тартуыңды алайын.

Айлалы сөзге алаң боп,  
Алданып жүрдім талай күн.  
Ибраһим емес – Абаймын,  
Адамның көрсем ақылын.  
Алтыннан артық балаймын,  
Дос болсаң – досың болайын, –

деген екен. Бұл сөзді ҚХР-да Сәресінің баласынан ақын К.Шалқаров жазып алған.

*М.Мырзахметұлы, Абайдың адамгершілік мұраттары*



### Кітап – білім бұлағы

1. Абай тілі сөздігі. (Жалпы редакциясын басқарған А.Ысқақов). – Алматы: Ғылым, 1968. – 735 б.
2. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. Зерттеу. – Астана: Фолиант, 2002. – 408 б.

## «ЕСКЕНДІР» ПОЭМАСЫ

### Меңгерілетін білім:

- шығарма бөліктерін ұқсас белгілеріне, айырмашылығына қарай топтастыру, белгілі нысандарды зерделеу;
- шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдау, көркемдік қызметін пайымдау;
- шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, әдеби эссе, сценарий, өлең, блог, әңгіме, кейіпкер монологу, жоба жазу.

### Тірек сөздер

Қолбасшы  
Адамгершілік  
Қанағат  
Рақымшылық

Абайдың «Ескендір», «Масғұт», «Өзімнің әңгімесі» атты төл туындылары мен «Вадим» секілді көркем аудармасы қазақ әдебиетінде поэма жанрының жаңа ғасырдағы алғашқы шығармалары болып саналады. М.Әуезовтің: «Абай жазған 4 поэманың даңқты болатын себебі – олардың тұтастығы бар, іштей терең байланысы бар», – деген пікірінде ғылыми сындарлы түйін жатыр. «Ескендір» мен «Масғұт» Абайдың 1909 жылғы жинағында жарық көрсе, «Өзім әңгімесі» мен «Вадим» поэмаларын Абай жинағына алғаш рет 1933 жылы М.Әуезов енгізген. «Вадим» поэмасы Абай шығармаларын ұқыптап көшірген Мүрсейіт Бікеұлы қолжазбасынан табылған, ал «Өзім әңгімесін» 1927 жылы Ысқақ Ырысайұлы деген кісі Абай шығармаларын жинаушыларға табыс еткен. Содан бері Абайдың екі томдық шығармалар жинағында бұл поэмалар үзбей жарияланып келеді. Абай М.Ю.Лермонтовтың

«Вадим» деген аяқталмай қалған повесінен алып, «Вадим» атты төртінші поэмасын жазған. Орыс қаламгері бұл туындысын нағашы әжесі Е.А.Арсеньевадан естіген әңгімелері бойынша жазып шыққан. Бұл шығарманы зерттеушілер Пугачев көтерілісіне қатысты оқиғалардың сипатталуымен байланыстырады. Бірақ шығарма аяқталмағандықтан, Пугачев көтерілісі толық қамтылмайды. Ал Абайдың басты ерекшелігі: біріншіден – қарасөзбен жазылған шығарманы өлеңмен айшықтап шығуында. Екіншіден – шығарманың сыншылдық жағынан гөрі романтикалық сипатына назар аударуында. Мұнда Абай түпнұсқаның

мазмұнын ғана алып, жалпы мазмұнын еркін аударған. Түпнұсқа да, Абай аудармасы да аяқталмай қалған.

«Ескендір» поэмасы мен «Мың бір түн» желісі негізінде «Мас-ғұт», «Әзім әңгімесі» деген поэмаларын Абай ақындық кемеліне келіп, таланты әбден толысқан кезінде жазылған. Осы шығармалардың ішіндегі ең шоқтығы биігі, ең елеулісі – «Ескендір» поэмасы. Ақын ойының ішкі қуаты мен суреткерлік шеберлігін де, өмір материалының кесектігі мен гуманистік ой-пікірлерін тереңірек танытатыны да – «Ескендір» поэмасы.

Шығарманың негізгі тақырыбы – адамгершілік, қанағат, рақымшылық. Идеясы – әділет пен даналықты дәріптеу, ашкөздіктен сақ болу, пендешіліктен арылу, ол үшін иманды болу, ұятың мен арыңды сақтау. Абай поэмасының көлемі шағын болғанымен, мазмұны эпикалық жүк арқалап тұр, өйткені мұнда адамзат баласына ортақ адамгершілік қасиет пен адамның биік мұраты туралы кесек ой айтылған.

Поэманың басты кейіпкері Ескендір – Еуропаға Александр Македонский деген атпен белгілі болған ірі қолбасшы, Шығысқа Ескендір Зұлқарнайын деген атпен тараған. Ескендір жайында Шығыс ақындарының көбі жырлаған. Ә.Фирдоусидің «Шах-нама», Низамидің «Ескендір-нама», Жәмидің «Ескендір даналығының кітабы», Науаидың «Ескендірдің қорғаны» дастандарында оның образын ардақтап көрсеткен. Ескендір Зұлқарнайын хақында қасиетті Құран-Кәрімнің Кәһф сүресінің 83–97-аяттарында да баяндалады.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп бастап, «Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ» деп өлең жазған Абай мұсылмандық шығыс ғұламаларының бізге жеткен мұрасының барлығымен таныс болған. Бірақ Абайдың «Ескендірі» бұлардан мүлде бөлек. Неге? Поэманың «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?» деп басталуында үлкен сыр жатыр. Академик Сейіт Қасқабасов «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі» деген мақаласында «Ескендір» поэмасының қазақ арасында әпсана, хикаят, жыр түрінде тарап, қос мүйізі бар Ескендір мен өлмес су іздеген Ескендір жайындағы әпсана-хикаяттардың сюжеттік негізі Низамидің «Ескендір-намасы» мен Рабғузидың «Қисса-сул-әнбиясынан» таралғанын, ал Абайдың «Ескендірі» ежелгі дәуірдің аса құнды жазба ескерткіші – «Талмуд» кітабына апаратынын алға тартады. Бұл кітаптың «Агада» деп аталатын бөлімінде Ескендір туралы бірнеше мысал-әңгіме бар. «Агада» – біздің заманымыздан бұрынғы V–IV ғасырлардан бастап ауызша айтылып келген алуан

түрлі мысалдар мен әңгімелердің, ертегілер мен әпсаналардың біздің жыл санауымыздың III–V ғасырларында жазылып алынып, «Талмудқа» енгізілген шығармалардан тұратын жинақ».

XIX ғасырдағы неміс романтикалық әдебиетінің көрнекті өкілі болған француз Альберт фон Шамиссо (1781–1838) осы кітаптағы сюжет негізінде «Ескендір туралы аңыз (Талмуд бойынша)» деген көлемді өлең жазған. Бұл өлеңді орыстың романтик ақыны В.А.Жуковский (1783–1852) 1844 жылы еркін аударып, «Москвитянин» журналының 1845 жылғы № 1 санында жариялайды. Осылайша Ескендірдің жұмаққа барып, қу бастан басқа ештеңеге ие бола алмағаны туралы ежелгі Талмудтағы сюжет XIX ғасырда орыс әдебиетіне Жуковский арқылы келсе, қазақ даласына Абайдың «Ескендір» поэмасы арқылы таралған. Шығармада үш кейіпкер бар: Ескендір, күзетші, Аристотель. Поэмада Ескендірге байланысты бір ғана оқиға баяндалады. Жер-дүниені жаулап, «Ханның ханы, патшаның патшасы» атанған Ескендір қалың әскермен келе жатып, шөл далада бір бұлаққа тап болады. Балдай тәтті, салқын судың дәміне таңғалған Ескендір шаһарды жаулап алмақ ниетпен бұлақ бастауын іздеп, жоғары өрлегенде, алтын қақпаға тіреледі.

Сол әскер суды өрлеп талай жүрді,  
Судың басы бір құзар шатқа кірді.  
Шаттың аузын бекіткен алтын қорған,  
Қақпасы бекітулі, көзі көрді.  
Қақпаны ашайын деп хан ұмтылды,  
Тұтқасын олай-бұлай қатты жұлды.  
Аша алмады қақпаны, үміт үзді,  
Ақылдасып тәуір-ақ амал қылды.  
Ескендір тоқтау көрмей өскен жау ғой,  
Келмей ме тоқтаусыздың бәрі даңғой?  
Дел-сал болып бәрі де қайта шықты,  
Алысып әл келмесін байқаған ғой.  
Долдықпен хан Ескендір ашуланды,  
Ашуланып қақпаға жетіп барды.  
Қақпаны дүбірлетіп қағып-қағып:  
– Қақпаны аш! – деп барынша айғай салды.

Бірақ күзетші Құдайға бастайтын қақпа екенін айтып, оған ашпай қояды. Сөйтіп оған орамалға түйілген бір зат береді. Жүрген жерінен мол асыл қазына жинап дәнiккен Ескендір оның қу сүйек екенін көріп, ашуланады:

Орамалды қуанып қолына алды,  
Сый алдым деп халқына қайта барды.

Қараса – ішіндегі бір қу сүйек,  
Бұл не еткен мазағы деп аң-таң қалды.  
Ашуланып сыйына болды кекті:  
– Ең болмаса білмеді сый бермекті.  
Осы менің теңім бе? – деп ақырып,  
Лақтырып жіберді сол сүйекті.

Алайда данышпан Аристотель ғана лақтырылған сүйекке мән беріп, оның тегін емесін ескертіп, құпиясын шешіп береді.

Жолдасы Аристотель ақылы мол,  
Лақтырған сүйекті алады сол.  
Ханға айтты: «Қасиет бар бұл сүйекте,  
Көзіңе көрсетейін, хабардар бол».  
Сол күнде Аристотель жеке-дара.  
Ақыл сөзін тыңдамай бар ма шара:  
– Таразыны әпкел де, сүйекті сал,  
Бір жағына алтын сап өлшеп қара!  
Бұл сөзге Ескендір де қарай қалды,  
Таразыны құрдырып ортаға алды.  
Қанша алтынды күміс пен салса дағы,  
Бір кішкентай сүйекті аудармады.  
Мұны көріп Ескендір аң-таң қалды,  
Бар қаруын алтынға қоса салды.  
Енді қайтер екен деп қарап еді,  
Бұрынғыдан қу сүйек ауырланды.

Таразының бір басына салынған есепсіз қазына байлығы мен мол алтын-күміс, тіпті патшаның бойындағы бар қару-жарағы да таразының екінші басындағы кішкентай ғана қу басты тарта алмауы дүниенің адамға мәңгілік жолдас болмайтындығын көрсетеді. Аристотель оған жерден бір уыс топырақ алып шаша салғанда, қу бас сылқ ете қалады. «Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да, өлсе тояр, көзіне құм құйылғанда» деген Абай топырақ жамылғанда ғана адам баласының тойымсыз, ашкөздігі түкке тұрмай қалатындығын Ескендір образы арқылы ашады. Тіршілікте ұятың мен арынды сақтаудың маңызын айта келіп, «Ұятсызда иман жоқ» екенін аңғартады.

Поэма сюжеті дүниежүзін жаулаған атақты қолбасшының қу бастан кейін райынан қайтып, тәубе қылуы, «Бекерлік екен менің бұл ісім деп» Құдайдың құдіретін мойындап, бейбіт жолмен еліне қайтқан ғибратты ісімен аяқталады.



#### Сөзмаржан

**Шаһар** – қала, мекен

**Ғаскер** – әскер

**Бодам** – бұл жерде:  
бодан

«Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең, Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең!» деген өлеңдегі негізгі идея мақтансүйгіш, менменсіген қолбасшының тойымсыз іс-әрекетін әшкерелеу арқылы ашылған.



### Суретпен жұмыс

Суреттегі таразыға назар аудар. Ол қай кезде тепе-теңдікте болуы мүмкін? Себебін түсіндіріңдер.



1

Білу

1. Поэма сюжеті қайдан алынған?
2. Александр Македонский деген кім?
3. Абай Македонскийді неге Ескендір Зұлқарнайын деп алған?

2

Түсіну

1. Неліктен Абай «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен» дейді?
2. Ескендірдің райынан қайтуына не себеп болды?

3

Қолдану

Поэманы оқи отырып, «INSERT» стратегиясы бойынша «Түртіп алу» әдісімен мәлімет жинап, кестені толтырыңдар.

v «маған таныс ақпарат»	- «мен үшін түсініксіз»	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	! «мені таңғалдырды»



1. Топтық жұмыс. Шығарма идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, поэмадағы тілдік құбылту мен айшықтау түрлерін талдап, кестені толтырыңдар.

Әдеби тілді құбылту	Айшықтау түрлері

2. Жұптық жұмыс. Абай мен Жуковский мәтіндерінің шешімін салыстырып, талдаңдар.
3. Поэманың соңындағы: «Аз-ақ сөз айттым, бітті бұл әңгіме, Мұны бір өзге сөздің бірі деме» деп басталатын Абайдың өсиет сөзін «Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді, Өз бағанды өзіңнен кім сұрайды?!» деп аяқталатын жеріне дейін бірнеше рет қайталап оқып, «Мен кімін?» деген тақырыпқа монолог жазыңдар.

Поэмадағы Ескендірдің ең әлсіз тұсын пайымдап, Абайдың негізгі айтайын деген ойын анықтап, түйіндеңдер.

Абайдың «Шығысым – батыс, батысым – шығыс боп кетті», – деген сөзін «Ескендір» поэмасы бойынша қалай дәлелдер едіңдер?



#### Шығармашылық тапсырма

«Шоқан – оқығанның жалғызы, Абай – қазақтың жалғызы» деген Ө.Бөкейхан сөзін тақырып ретінде алып, екі ғұламаның әлем әдебиеті мен мәдениетін зерттеулерін қарап, шағын жоба жасаңдар. Мысалы, Ш.Уәлихановтың антикалық әдебиетті зерттеуі, әсіресе, Гомердің атақты «Иллиада» мен «Одиссея» поэмалары, ағылшын жазушысы, драматург В.Шекспирдің «Гамлет», басқа да Руссо, Карлейл, Диккенс, Теккерей сияқты Батыс Еуропа жазушыларының шығармаларын жақсы білуі, Шығыстану мен Еуропаның мәдени мұрасын қазақ халқының әдебиетімен қатар қойып салыстыра зерттеуі. М.Әуезов, Ө.Марғұлан, Ш.Сәтбаева еңбектерін пайдаланыңдар.



### Міне, қызық!

Жуковскийдің мәтіні бойынша, Александр Македонский ақыл-гөйдің көз сүйегі туралы сөздерін естіген соң да бөтен елге деген шабуылдарын тоқтатпай, керісінше, «өмір қысқа, бәріне үлгеру керек» деп, енді Үндістанды жаулауға аттанады. Елдерді қырып, қандарын судай ағызып, жеңіске жеткен сайын өршелене түседі. Ең соңында: «Тоймас жаугерді бір уыс қана топырақ тоқтатты», – деп аяқтайды. Абайда, керісінше, Ескендір «қолын алып, жұртына қайта көшеді». Оқиға осымен аяқталады. Одан әрі қарай Абай нақыл, ғибрат айтады. Екіншіден, поэманың басында шөл аралап жүрген Ескендір Жуковский өлеңіндегідей үлкен өзенге емес, кішкене ғана бұлаққа кездеседі. Осы жерде Жуковскийде жоқ, бірақ Талмудта кездесетін бір эпизод бар. Талмудта: «Остановился Александр для обеда близ одного ручья. Поданную ему соленую макрель царь начал обмакивать в воду ручья – и рыба получила удивительный запах».

Абайда:

«Барса, бір сылдыр қаққан мөлдір бұлақ,  
Таспадай бейне арықтан шыққан құлап.  
Түсе сала Ескендір басты қойды,  
Ішсе, суы өзгеше тәтті тым-ақ!  
Кепкен балық келтіртті сонда тұрып,  
Сол суға балықты алды бір жудырып.  
Иісі, дәмі өзгеше болып кетті».

Абай нұсқасының тағы бір ерекшелігі – поэманың басында Ескендірдің аты-жөнін, әкесін, тұрған жері мен патшалығын көрсетуі және Ескендірдің ұстазы Аристотельді енгізуі. Бұл – сөз жоқ, ақынның Александр Македонский туралы тарихи еңбектермен таныстығының куәсі. Сонымен, «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі көне заманның ескерткіші Талмудтағы мысал әңгіме екеніне көзіміз жетті. Талмудтың әңгімесінің сюжеті Батыс Еуропа арқылы орыс әдебиетіне, одан Абайға жеткен. Абай Жуковский өлеңін, Талмудтың өзін, сондай-ақ Македония мен Ескендірге қатысты тарихи еңбектерді шығармашылық түрде пайдаланған.

*Сейім Қасқабасов*



### Кітап – білім бұлағы

1. Қасқабасов С. Ескендір поэмасының сюжеттік негізі. / Кітапта: Абай тағылымы (Құр., Н.Ғабдуллин, пікір жазған С.Ақатаев). – Алматы: Жазушы, 1986. – 224–237б.
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 2011.

Саналы да ерікті еңбек қана адамды бақытқа кенелтеді.

*Константин Ушинский*

## ЖИЫРМАСЫНШЫ ҚАРАСӨЗ

### Меңгерілетін білім:

- мәнмәтіндегі астарлы ойды анықтау, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені беруде авторлық ниетті (дітті/интенцияны) түсіну;
- қарасөздегі ой-толғамды оқырмандық ұстаным тұрғысында дәйектеп айту, жазу;
- қарасөзді қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, рецензия жазу.

### Тірек сөздер

*Баянсыз өмір  
Жалығу  
Ауыспалы дүние*

Абайдың адам баласына тән «жалығу» сияқты сезімнің пайда болуы туралы толғанып, оған қарсы қамдану жолдарын ұсынатын қарасөзі – «Жиырманасыншы сөз».

Философиялық-діни мазмұндағы «Жиырманасыншы қарасөзін» Абай 1894 жылы 49 жасында жазған. Қарасөз алғаш рет Абайдың 1933 жылы жарық көрген жинағында жарияланды. Жарық дүниеге келген адам есейе келе, естіп, біліп, көріп түйгенін қорытып, бойына білім мен өнер жинап, санасы толыққан сайын, дүниенің өткіншілігін, Құдайдан басқаның барлығының баянсыздығын түсінеді. Мұндай ойға есті адамдардың айтқанын санасына құйған, оқығаны мен тоқығаны мол жандар батады.

Абай «Жиырманасыншы қарасөзінде» жалған өмірдің баянсыздығына, қызықты саналған дүниенің барлығы да

адамды жалықтыратынына тоқталған. «Тағдырдың жарлығын білесіздер – өзгерілмейді» деген бірінші сөйлемде Абай Құдайдан басқаның бәрі де дүниеде ауыспалы, тұрақсыз, баянсыз, өлшеулі деген пікір айтқан. Адамның пешенесіне жазылған тағдыры – Құдай Тағаланың бұйырған жолы екенін Абай қысқа сөйлеммен мойындаған. Ал сол баянсыз өмірде пенденің өзімен бірге жаралған ісінің бірі – жалығу деген ой айтады. Жалығуды адам өзі іздеп таппайды, біреуден жұқтырмайды деп есептеп, «Оған бір еліксе, адам баласының құтылуы қиын» дейді. Қанша ұмтылса да, шыр-мауықтай құрсаған күшінен шығамын деп қайраттанса да, жалығу адамды түбі жеңбей қоймайтындығына тоқталады. Саналы адам ақыл таразысына салып, ой елегінен өткізіп, көкірек көзімен зерделесе, қоршаған дүниеде бәрі де жалықтыратынын түсінеді.



## Суретпен жұмыс

«Болжау» стратегиясы бойынша «Ақын неден жалығуы мүмкін?» сұрағына жауап беріңдер.



Дәмді тағам да, ойын-күлкі мен жиын-той да, кербездік пен мақтан да, әйел де – қоршаған жалған өмірдегі қызықтың бәрі де саналы адамды жалықтырады. Бәрінің өткінші, тиянақсыз, баянсыз екенін білгенінде, адамның көңілі одан сайын суыйды. Қызықты өмірдің баянсыздығынан көңілі қалған саналы адам бірқалыпты ештеңе жоқ екенін түсінеді дей келе: «Енді көңіл қайдан бірқалыпты тұра алады?», – деген сұрақ қояды.

Сондай жалығуға, дүниенің баянсыздығын сезініп жалғыздықты түсінуге пенденің барлығы бара алмайды. Ондай күйге ойлы адам ғана түседі деп есептейді. Ойлы адам тіршіліктен де жалығады деп, «Бұлай болғанда ақымақтық пен қайғысыздық та бір ғанибет екен» деген ойға келеді. Демек, ештеңе ойламайтын, ешнәрсенің байыбына бармайтын, көкірек көзі надан адам өмірдің қыр-сырына терең бойлай алмайды. Абай осыны айтып отыр.



### Сөзмаржан

**Ғайыбы** – айыбы  
**Мақлұқ** – жан-жануар, жәндіктің жекелеген өкілі; *ауысп.* тірі жан иесі, жаратылған пенде

Зерттеушілер мұны көп жағдайда өнер адамына тән психологиялық құбылыс деп қарайды. Өйткені ақын-жазушылар шығармаларында «Жалғыздық» ұғымы кең түрде сипатталады. М.Мақатаев: «Өмірде ақындардың бәрі жалғыз» деген

сөзді тегін айтпаса керек. Жалғыздық ұғымының түп-төркінінде Абайдың «жалығу» пәлсапасы тұр.

1

Білу

1. Хрестоматиядан қарасөзді түсініп оқыңдар.
2. Қарасөз қашан жазылған?
3. Қарасөзде не жайлы айтылады?
4. Басты идеясы қандай?

2

Түсіну

1. Неліктен адам баласы жалығуға бір еліксе, арыла алмайды?
2. Адамдар неден жалығуы мүмкін? Неліктен?
3. Жалығуды жеңуге бола ма? Қалайша?

3

Қолдану

Жұптық жұмыс. Абайдың «еріншектік, жалқаулық» туралы ой-тұжырымдарын «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы қарасөздерден дәлелді үзінді келтіре отырып, сөйлемдерді жалғастырып, тұжырымды ойларыңды жазыңдар. Мәнмәтіндегі астарлы ойды анықтаңдар.

4

Талдау

1. Қарасөзді «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңімен салыстырыңдар. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын Венн диаграммасында талдаңдар.
2. Қарасөздің идеясын Омар Хайямның нақыл сөздерімен салыстыра талдап, рецензия жазыңдар.

5

Жинақтау

1. Шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені берудегі авторлық ниетті түйіндеп жазыңдар.
2. Қарасөздегі ой-толғамды оқырмандық ұстаным тұрғысында дәйектеп, эссе түрінде жазыңдар.

6

Бағалау

1. Қалай ойлайсың, жалығу қасиеті адам бойында қай кезеңде пайда болуы мүмкін?
2. Ақынның «Жиырмамыншы қарасөзін» үлгі ретінде алып, адам бойындағы жаман қасиеттердің бірі туралы шағын ой толғау жазыңдар.



## Шығармашылық тапсырма

Топтық жұмыс. «Абайдың ақын ұлдары» жинағымен танысып, шағын жоба дайындаңдар.



## Білгенге маржан

Абай ұрпақтары «байдың баласы» деген желеумен сонау 1922 жылдан қуғын-сүргінге ұшырайды. Сол жылдардың саяси науқанында Абайдың 1876 жылы Әйгерімнен туған ұлы Тұрағұл абақтыға жабылып, төрт айдай қамауда болады. Өзі орысша-арабшаға сауатты. Түрмеден босатылған соң Ақшоқыда жатып, аудармамен айналысады. М.Горькийдің «Черкаш» әңгімесін тұңғыш рет қазақ тіліне аударып, 1924 жылғы «Таң» журналына бастырған. А.Невровтың «Мен өмірге жерікпін», Джек Лондонның «Балалық туралы әңгіме» сынды шығармаларын да қазақ тіліне аударған. 1927 жылы Тұрағұл қайта қамауға алынып, бір жыл түрмеде жатады. Шыққан соң бар дүние-мүлкі кәмпескеленіп, өзін Шымкентке жер аударды. Тұрағұл Абайұлы 1934 жылы 59 жасында қайтыс болып, Шымкенттегі мұсылмандар зиратына жерленеді.

Тұрағұлдың інісі Мекайыл да арабша, орысша білетін, домбыра тартып, ән салған сері кісі болған. Әкесі туралы естеліктерді ел ішіне кеңінен насихаттады. Мұхтар Әуезов те Мекайылдан Абай туралы көп естелік естиді. 1931 жылы бай баласы деп, Мекайылды Семейдегі Полковничный аралында атып тастайды. Сол жылдары Құнанбаев болып жазылған Абайдың немерелерінің бәрі қуғынға ұшырап, көбі Қарақалпақ, Өзбекстан елін паналаған. Тұрағұлдың ұлы Жебірейіл де қашып жүріп, небәрі 28 жасында Ташкентте сүзектен қайтыс болады. Өзі қыз біткеннің жүрегін жаулаған көркем жігіт болған деседі. Ақындығы, әншілігі, серілігі де бар. Мұхтар Әуезовпен дос болады. Дүниеден өткенде Мұхтар Әуезов арулап жерлейді.

Соғыс жылдарында да ұлы ақынның ұрпақтары өздерінің кімнен тарағанын ашық айтуға қаймыққан. Соның бір дәлелі, Абайдың шөбересі Жошыхан 18 жасында майдан шебіне алынып, соғысқа аттарда қарындасы Ғазелді құшақтап тұрып: «Айналайын, Абайдың ұрпағы екенің туралы ләм-мим деп аузыңды ашушы болма. Қудалап интернаттан шығарады, далада қаңғып өлесің», – деп айтып кеткен.

*«Ұлан» газеті, №37, 12 қыркүйек, 2017 жыл*

## ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР

1

Білу

1. Абайдың қандай поэмасы адамгершілік, қанағат, рақымшылық тақырыбында жазылған?
2. «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ» өлеңі қай жылы жазылды?

2

Түсіну

1. «Ескендір» поэмасының негізгі идеясы қандай?
2. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінің негізгі идеясы қандай?

3

Қолдану

1. «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ» өлеңі арқылы сідан жігіттің портретін жасаңдар.
2. «Ескендір» поэмасы бойынша «Екі жақты түсіндірме күнделікті» толтырыңдар.

Өзіңе қатты әсер еткен шумақтарын жазыңдар.	Осы шумақтар жайлы пікір жазыңдар.

4

Талдау

1. Абайдың жігіттерге айтқан сыни өлеңдерінен қандай ой түйдіңдер? Жігіттер бойын қандай қасиеттерде аулақ ұстағаны жөн?
2. «Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп, Жүрмесін деп, аз ғана сөз шығардық», – деп ақын айтпақшы, жасы үлкен кісілерден естіген ақыл-кеңестеріңді жазыңдар. Олардың

ақын өз өлеңдерінде айтқан сөздерден айырмашылығы бар ма? Бар болса, не себепті деп ойлайсыңдар?

5

Жинақтау

1. Ақын өлеңдерінде жақсы жолдас табудың қандай артықшылығын атап көрсетеді?
2. «Қарсы алдына жымырып келтірем деп, Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ», – деп ақын сидаң жігіттің қандай қасиетін сынайды?
3. «Құнды ой» стратегиясы бойынша «Ескендір» поэма-сының маңыздылығы туралы ойларыңды 7 сөйлеммен жеткізіңдер.

6

Бағалау

1. «Төрт сөйлем» тәсілімен Ескендірдің ұстазы Аристотельдің бейнесін ашыңдар.  
Пікір. Шығармадағы кейіпкер туралы өз пікірлеріңді жазыңдар.  
Дәлел. Өз ойларыңды аргументпен дәлелдеңдер.  
Мысал. Пікірді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.  
Қорытынды. Өзіндік қорытынды шығарыңдар.
2. «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?», – деп ақын өзі айтпақшы, поэмадан Ескендір Зұлқарнайын туралы алған ақпараттарың бойынша «БКТЗО» кестесін толтырыңдар.

Б	Ескендір туралы не білемін?	
К	Нені білгім келеді?	
Т	Көбірек ақпаратты қайдан табамын?	
З	Нені зерделеуім керек?	
О	Одан әрі не істеуім керек?	



**Халықаралық зерттеулер форматындағы  
тапсырма үлгілері**

Шығармаларды оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.

Абай

**Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат**  
Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,  
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.  
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік  
Ер табылса жарайды, қылса сұхбат.  
Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,  
Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.  
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,  
Абайлар әрбір сөзді өз халынша.  
Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,  
Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.  
Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар,  
Оңғақ пұлдай былғайды, бір дым тисе.  
Керек іс бозбалаға – талаптылық,  
Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық.  
Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп,  
Сыртқа пысық келеді, сөзге сынық.  
Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,  
Жетпесе, біріндікін бірің жеткіз!  
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,  
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!

Міржақып Дулатұлы

**Жастарға**

Найзаменен түртсе де,  
Жатырсың, қазақ, оянбай.  
Мұнша қалың ұйқыны  
Бердің бізге, ой, Алла-ай!

Етемін үміт жастардан,  
Жаңа гүл шашқан бақшадай.  
Мұрадын оңай кім табар,  
Жар салып жұртқа қақсамай?

Бар ма екен біздей ғафыл жұрт,  
Атырафқа көз салсақ.  
Көзі іскенше ұйқыға  
Келе жатқан тоя алмай?

Халыққа, жастар, басшы бол!  
Қараңғыда жетектеп.  
Терең судан өтер ме,  
Мың қойды серке бастамай?

1. Шығармаларға арқау боп тұрған не?
  - A) Патша үкіметінің озбыр саясаты
  - B) Жастардың бас болып елді надандықтан құтқаруы
  - C) Қазақтың бала тәрбиесіндегі қателіктері
  - D) Қазақ әйелінің теңдігі мен бостандығы
  - E) Болыстық сайлаудағы қазақтың араздығы
2. Абайдың осы шығармаларға идеясы жағынан жақын өлеңдері:
  - A) «Есінде бар ма жас күнің?», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңдері
  - B) «Жастықтың оты жалындап», «Әсемпаз болса әрнеге» өлеңдері
  - C) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Құлақтан кіріп, бойды алар» өлеңдері
  - D) «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Заманақыр жастары» өлеңдері
  - E) «Жасөспірім замандас қапа қылды», «Қуанбаңдар жастыққа» өлеңдері
3. Төмендегі жауаптардың қайсысы Абай мен М.Дулатұлы өлеңдерінің мәнін ашпайды?
  - A) Адамзатқа бауырым деп теңдей қарау
  - B) Дос-жаранмен тату, ұйымшыл болу
  - C) Жас кезде талапты болып жақсы өнер үйрену
  - D) Сырттай пысық болып, елден мақтан іздемеу
  - E) Халықты қараңғылықтан алып шығатын басшы болу
4. Екі шығарманың идеясына сай мақал-мәтелді тап.
  - A) Жас кезінде тандыр нан да тәтті,  
Қартайғанда құймақ та қатты.
  - B) Жастық – желік.
  - C) Жастық – жалын,  
Кәрілік – құл.
  - D) Жас шағында сүзеген болса,  
Қартайғанда сотқарлығы тізеден болар.
  - E) Жасқа – қызмет,  
Қартқа – құрмет.

## III ТАРАУ

# ЕР ІСІ АҚЫЛҒА ЕРМЕК, БОЙДЫ ЖЕҢБЕК

### **Бұл тарауда:**

- хакімнің заман келбеті мен заман адамының мінез-құлқын саралауын;
- тарихи кезеңдегі қазақ болмысын таразылау арқылы жаңа заман адамына қажетті тұлғалық қасиеттерді сыни пайымдауды меңгересіңдер.

Кей адам бүгін тату, ертең қату:  
Тілеуі, туыстығы бәрі сату.

Абай Құнанбайұлы

## «КӨҢІЛІМ ҚАЙТТЫ ДОСТАН ДА, ДҰШПАННАН ДА» ӨЛЕҢІ

### Меңгерілетін білім:

- көркем мәтінді талдап оқу;
- көркем шығармадағы автордың стилін айқындау;
- көркем шығарманың идеялық мазмұнына сүйене отырып, оқырмандық ой-пайымын ауызша/ жазбаша түйіндеу.

### Тірек сөздер

Алдау  
Пайдакүнем  
Ұрлық-қарлық  
Билік

Әрқайсысы 4 тармақты 11 шумақтан тұратын «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» (1886 ж.) өлеңі 1909 жылдан бері Абай жинақтарында үнемі жарияланып келеді. Өлеңнің идеялық мәні, қорытынды түйіні бірінші шумақта көрініс тапқан. 1880 жылдардағы сайлау мен партиялық тартыстардан шаршап, достан да, дұшпаннан да көңілі қалған Абай өз сезімкүйін сипаттау арқылы қазақ қоғамындағы әділетсіздік, зұлымдық іс-әрекеттерді ашады. Мұны үлкен мен кіші, ер мен ез, есті мен надан, адал мен арам, бай мен саудагер, ел билеушілер мен атқамінер әкімдер сияқты алуан түрлі адамдардың психологиясын ашу арқылы ел басындағы күйзелушілікті көрсетеді. Өтпелі қоғамдағы

### Суретпен жұмыс

Суретте адам бойындағы қандай қасиет бейнеленген? Бұл қандай достық? Адал достық па, әлде амал достық па?





### Сөзмаржан

**Жыға** – бас киімге сәндік үшін тағылатын (шаншылатын) құс қанаты немесе алтынды, асыл тасты әшекей зат. Бұл өлеңде адамның басынан бағы таюды, басына іс түсуді бейнелеп айтқан



### Зертте

Мұхтар Әуезовтің «Абай Құнанбаев монографиясымен» танысып, Оразбай мен Жиреншенің Абайға қарсы келуінің неден басталғанын анықтаңдар.

өзгеріске түскен адамдардың мінез-құлқындағы ақын көңілін құлазытатын сипаттар сол кезеңдегі әлеуметтік өмірді танытады. Тағдырдың талқысына түсіп, шырқы бұзылған халықтың берекесін кетіріп, аздырып- тоздыруға мұрындық болып отырғандарды Абай ашына сынайды. Бұл мүсәпірлікке налыған Абай:

Ішім өлген, сыртым сау,

Көрінгенге деймін-ау.

Бүгінгі дос – ертең жау,

Мен не қылдым, япырым-ау?!–

деп келетін «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңінде де жалғастырады.

1884 жылғы болыс сайлауында бір кезде жақын дос болған Оразбай, Жиренше, Күнтулар бастаған жиыны 16 атқамінердің Абайға жаулық жасауға анттасып, тіпті жанындай жақсы көрген

досы Ерболдың да сатқындық жасауы – ақынды өмірден түңілдірген, жанын күйзелткен шындық. «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңіндегі билікке таластың елдің берекесін қашырып, кетеуін кетіретіндігін шеберлікпен суреттейді.

1

Білу

1. Ақын бұл өлеңінде кімдерді сынайды?
2. Абайдың шын өмірдегі досы кім?

2

Түсіну

1. Абай не себепті «саналы адам көрмедім» дейді?
2. Неліктен ақынның достан да, дұшпаннан да көңілі қалып отыр?

3

Қолдану

1. «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңін талдап оқыңдар. Автордың идеясы бүгінгі өмір шындығымен байланыса ма?
2. Шығармадағы ақын стилін айқындаңдар.

Өлеңнің тақырыбын («Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да») «Жолаушының қойын дәптері» әдісі бойынша талдап көріңдер.

- 1) Топқа бөлініңдер.
- 2) Өлеңнен тақырыпты ашатын үзінділерді жазып алыңдар.
- 3) Осы үзінділерді рухани құндылықпен байланыстырып, топ ішінде талдаңдар.
- 4) Өз пікірлеріңді жазыңдар.
- 5) Автор орындығында жазған пікірлеріңді оқыңдар.

1. «Құнды ой» стратегиясы бойынша өлеңнің маңыздылығы туралы ойыңды 7 сөйлеммен жеткізіңдер.
2. Өлеңнің идеялық мазмұнына сүйене отырып, оқырмандық ой-пайымдауларыңды жазбаша түйіндеңдер.

Қандай адам ел басқару керек? «Креативті жазу» әдісімен өлеңдегі теріс қылықтарды оң қасиетке айналдырып жазыңдар.



### Білгенге маржан

Абай ержетісімен өзі тұрғы жастан дос етіп, қасына ертіп адам ғып шығарған кісілері ең алдымен, осы Оразбай, Жиренше, Ерболдар болатын. Дәл Жиренше басына өткен сан жақсылығының бірі – көп сайлаудың бірінде «тентек ояз», «қара ояз» деп атанған бір сотқар ояз елдің жазықсыз адамдарына дүре соға бастап, солар қатарында Жиреншеге де дүре салмақ болғанда, Абай оязбен қатты жанжалдасып, ара түсіп, сабатпай, ананың арын, намысын қорғап шыққан. Соның артынан «тентек ояз» Абайды Семейдің каталашкасына да жапқызған. Арғын, Найман арасына барса, өмірінде жалғыз-ақ рет, жас шағында Қоңыр-көкшеге болыс болса, Абайдың әрдайым сенімді, белді би қып ерткен кісілері осы Жиренше мен Оразбай еді.

Ол екеуі Абайдың ығында жүріп, елеусіз хәлден белгілі адам қалпына жеткенде, малданып, әлденіп күшейген күндерінде Абайға ең алдымен қас боп шығады. Сол жылдардың алдында бұрын ондайлық бай болмаған екеуі мейлінше байып алады. Әрқайсысында мың-мыңнан жылқы болған. Ал Абайдың өз басында ешбір уақытта ондай байлық болған емес.

*Мұхтар Әуезов*

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,  
Тәртеу түгел болса, төбедегі келеді.

Мақал

## «ӨКІНІШТІ КӨП ӨМІР КЕТКЕН ӨТІП» ӨЛЕҢІ

### ● Меңгерілетін білім:

- тілдік бірліктердің мәтіндегі қызметін айқындай отырып, жекелеген қолданыстардағы автордың ой-ниетін танытудағы рөлі мен концептілік мәнін ашу;
- шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдау, көркемдік қызметін пайымдау.

### ● Тірек сөздер

*Күлкішілдік  
Ыржаң-қылжаң  
Жолдас  
Татулық*

«Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» өлеңі (1886 ж.) 4 тармақты, 8 шумақтан тұрады. Көлемі 32 жол. 1939 жылы екі томдық Абай жинағында Мүрсейіт қолжазбасы бойынша тұңғыш жарияланған.

Жанры – әлеуметтік-психологиялық лирика. Идеясы – достық, татулық, жақын туыстықтың қадір-қасиетін білу. Бұл өлеңнің жазылуына да «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» дегені сияқты 1884–1886 жылдардағы тобықты ішіндегі партияға бөліну, билікке таласудағы алауыздықтар себеп болған.

Лирикалық қаһарман – ақынның өзі. Ол өзінің өткен өміріне көз жүгірте отырып, айналасын сынға алып, өкінішін білдіреді. Ойшылдықты мансұқ етіп жүргенде, талапсыз, ойсыз мақтаншақтарға ұрынғанына, «үлгісіз жұртты үйретіп» жүргенде «ыржаң-қылжаң ит мінезге»

тап болғанына, дос-жарандықтың жөдігөйлік пен жылмаңдыққа ұласқанына күңіренеді. Сеніскен досы да, ғашығы да (асығы) жалғандық танытқанын, өмірінің көбі өкінішпен өтіп кеткенін, ақыры жасыған көңілді жұбату үшін өлең қылғанын толғайды.

Сеніскен досым да жоқ, асығым да,  
Ақыры өлең қылдым, жасыдым да.  
Көрмеген көп дүние көл көрінді,  
Кірлемеген көңілдің ашығында.

Абай достықты «кәнге», яғни мейірім, қайырым, ізгілікке толы байтақ кен орнына балайды. Мақсатсыз өмір сүру, бос сөз,

құр бөсу, ойсыз-арсыз күлкі адал достыққа ақау түсірер, шын жолдастықты жоғалтар надандық екенін айтады.

Сол досты сая таппай іздейді жан,  
Жоқтайды күңіреніп, қозғалып қан.  
Жау жабылса, бұзылмас жан көрмедім,  
Артық жолдас таппадым татулықтан.

Адал достықты ардақтаған Абай татулықты бәрінен жоғары қояды. Тату болу сыйластықты арттырады. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында Ербол мен Абай достығы Тоғжан айналасында кең тұрғыда баяндалады. Бірақ сайлау қарсаңында Ерболдың өзіне қарсы партия құрамына кіріп, әрекет етіп жүргенін естігенде, Абай басында сенбейді. Артынан көзі жеткенде, бұл жағдай осындай өлеңдердің жазылуына себеп болады. Кейіннен Ербол қайтыс болғанда, бәрібір Абай оның отбасына үнемі көмектесіп, қамқорлық жасап отырған.



#### Суретпен жұмыс

«Болжау» әдісімен екі қарттың өткен өміріне болжау жасаңдар. Олар қандай дос болған деп ойлайсыңдар?



1

Білу

1. Өлең қашан жазылған?
2. Шығарманың тууына не себеп болды?

2

Түсіну

1. Адал достыққа сызат түсіретін қасиеттер қандай?
2. Абайдың күңірену себебі неде?



3

Қолдану

1. Өлеңнің идеясын ашатын тілдік бірліктердің мәтіндегі қызметін айқындап, жекелеген қолданыстардың автордың ой-ниетін танытудағы рөлі мен концептілік мәнін ашып жазыңдар.
2. «5 W» тәсілін қолданып, өлең мазмұны бойынша қарапайым сұрақтар құрастырыңдар. «Кім?» (Who?), «Не?» (What?), «Қайда?» (Where?), «Қашан?» (When?), «Не үшін?» (Why?) деген сұрау есімдіктерін қолданыңдар.

4

Талдау

Шығармадан әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың түрлерін талдап, көркемдік қызметін пайымдаңдар.

5

Жинақтау

Топтық жұмыс. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын автордың осы тектес өзге шығармаларынан тауып жинақтап, оларды салыстырыңдар.

6

Бағалау

Бүгінгі күні ақын ойлары өзекті ме? Пікірлеріңді жазбаша білдіріңдер.



### Шығармашылық тапсырма

Мұхтар Әуезовтің «Абай Құнанбаев» монографиясы арқылы 1885 жылы Қарамола съезінен кейін Абай құрастырған ережелер жинағы және осы ережелердің бүгінгі қоғамдағы өзектілігі туралы жоба жасаңдар.



### Кітап – білім бұлағы

1. Қара өлең. (Ел ішінен жазып алып, құрастырған Оразақын Асқар). – Алматы, 1997. – 637 б.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. (Құрастырып баспаға әзірлеген Н.Ақбаев). – Алматы, «Санат», 1995. – 320 б.

Ең ұлы дарынды да жалқаулық құртады.

Мишель де Монтень

## «САБЫРСЫЗ, АРСЫЗ, ЕРІНШЕК» ӨЛЕҢІ

### Меңгерілетін білім:

- тілдік бірліктердің мәтіндегі қызметін айқындай отырып, жекелеген қолданыстардағы автордың ой-ниетін танытудағы рөлі мен концептілік мәнін ашу;
- шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, әдеби эссе, сценарий, өлең, блог, әңгіме, кейіпкер монологі, жоба жазу;
- әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, рецензия жазу.

### Тірек сөздер

Көрсеқызар  
Арсыздық  
Еріншектік

### Сөзмаржан

**Алты бақан алауыз** – қырғи қабақ араз, қырық пышақ

1887 жылы жазылған «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңінде Абай «Арсыз жұрттан көңілі тына алмай жүр» деген алдыңғы ойды жалғастырған. Мұнда ақын «алты бақан алауыздықты» туғызып, елдің берекесін қашыруға түрткі салып, делдал болып отырған «сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсеқызар» пайдакүнем адамдардың бет-бейнесін ашу арқылы жан-жағын түк қоймай жайпайтын «жалмауызды» көз алдымызға әкеледі. «Өзін-өзі күндейді, Жақынын жалған міндейді, Ол – арсыздық белгісі. Ұятсынбай, ойланбай, Қой дегенге тіл алмай, Іс қылмай ма ол кісі?..», – дей келе, небір кесір-кесапаттарды сынап, жоқ жерден бүлік туғызуға бейім тұратын содыр-сойқандар мен қаскөйлер, қазан бұзар тентектер мен тасыр адамдарды аямай шенейді.

Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсеқызар, жалмауыз,  
Сорлы қазақ сол үшін  
Алты бақан алауыз.  
Өзін-өзі күндейді,  
Жақынын жалған міндейді,  
Ол – арсыздық белгісі.  
Ұятсынбай, ойланбай,  
Қой дегенге тіл алмай,  
Іс қылмай ма ол кісі?  
Бір-ақ секіріп шығам деп,  
Бір-ақ қарғып түсем деп,

Мертігеді, жатады.  
Ұрлықпен мал табам деп,  
Егессе, ауыл шабам деп,  
Сөйтіп құдай атады.  
Бұл нең десе, біреуге  
Жоқ нәрсені шатады.  
Құтылам деп ісінен,  
Бәрін көріп кісіден,  
Шығынға әбден батады.  
Бұл болмаса онысы,  
Аударылып қонысы,  
Алыстан дәм татады.  
Қызмет қылып, мал таппай,  
Ғылым оқып, ой таппай,  
Құр үйінде жатады.

Ерекше ұйқас, үйіріммен 85 жолдан тұратын «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңі Абайдың сықақ өлеңдерінің ішіндегі ең шоқтығы биік таңдаулы өлеңдерінің қатарына жатады.



#### Суретпен жұмыс

Суреттегі кейіпкердің кейпін ақынның «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңінің қай жолдарымен дәл сипаттауға болады?



#### Зертте

«Ғылым таппай, мақтанба» өлеңіндегі «бес дұшпан» қатарына жататын қасиеттерді тауып, презентация жасаңдар.

1

Білу

1. Қандай адамды «сабырсыз», «арсыз» дейді?
2. Ақын қандай болуды ұсынады?

2

Түсіну

1. Осы өлеңнің идеясы не себепті ақынның басқа шығармаларымен де астасады?
2. Не себепті ақын: «Өңкей жалған мақтанмен шынның бетін бояйды» дейді?

3

Қолдану

Өлеңнің идеясын ашып тұрған тілдік қолданыстарды тауып, «Талдау, қолдану» кестесін толтырыңдар.

Өлеңнен сабырсыз, арсыз адам туралы шумақтарды тауып, мінездеме бер.	Өлеңнен ұрлықшы адам туралы шумақтарды тауып, мінездеме бер.	Өлеңнен пысық адам туралы шумақтарды тауып, мінездеме бер.

4

Талдау

Өлеңді «Қабуснама» кітабының идеясымен салыстыра талдап, рецензия жазыңдар.

5

Жинақтау

1. Графикалық органайзерді пайдаланып, өлеңнің негізгі идеясын қоғамдық-өлеуметтік тұрғыда талдап, түйіндеп жазыңдар.
  - өлеңге пікір білдіріңдер;
  - пікірлеріңе дәлел келтіріңдер;
  - пікірлеріңе мысал келтіріңдер;
  - өзіндік қорытынды жасаңдар.
2. «Адам бойындағы асыл қасиеттер» тақырыбына шағын өңгіме немесе әдеби эссе жазыңдар.

6

Бағалау

«Сабырсыздық, арсыздық, көрсеқызарлық» сөздеріне байланысты нақыл сөздермен қорытынды ойларыңды жазыңдар.

Адамның аса зор ерекшелігі – ең қиын кедергілерді жеңудегі табандылығы.

Людвиг ван Бетховен

## «ҚАРТАЙДЫҚ, ҚАЙҒЫ ОЙЛАДЫҚ, ҰЙҚЫ СЕРГЕК» ӨЛЕҢІ

### Меңгерілетін білім:

- шығарма бөліктерін ұқсас белгілеріне, айырмашылығына қарай топтастыру, белгілі нысандарды зерделеу;
- туындыдағы дара образдар мен типтік характерлердің ұлттық және тарихи құндылығын әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра бағалау.

### Тірек сөздер

*Мойынсыну  
Мінез-құлық*

### Сөзмаржан

**Елубасы шар салып** – елу үйдің атынан сайланған елубасылар сайлауға түсетін екі адамға екі бөлек ұялы жәшік дайындап, арнайы дөңгелек тастарды іріктеп алған. Соны қазақ «шар» деп атаған  
**Паруардигер** (*иран сөзі*) – құдай, тәңірі

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңі де 1886 жылы жазылған. «Қартайдық, қайғы ойладық...» деп келетін Абайға тән «қайғылы сарынның құлақкүйі» «ұйқы сергек» деген сөзбен ауыстырылған. Мұнда да өлеңнің негізгі идеясы, ақынның айтайын деген түйінді ойы бастапқы екі шумақта толық берілген. Әлеуметтік өмір шындығы Абайдың түн ұйқысын төрт бөліп, сарсаңға салады. Қолдан келер қайран жоқ әрі сөзіне құлақ қойып жатқан да ешкім жоқ. Сондықтан «ашуы – ашыған у, ойы – кермек» тартқан Абай тағдырға еріксіз мойынсынғандай шарасыздық рай танытады. Мұны «Жас қартаймақ, жоқ тумас, туған өлмек, Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек. Басқан із, көрген қызық артта қалмақ, Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек» деген сөздері арқылы жеткізеді. Мұнда да бір жылда жазылған жоғарыдағы екі өлеңі сияқты заман өуеніне төңкерілген алуан түрлі адамның мінез-құлқы сипатталады. Ер мен ездің арасалмағы ажыратылады. Ер бойын ақылға билетіп, бір тоқтамға бел байлап, жұрт алдында жүйелі сөзін айта білсе, ез өлгенше қор боп, әркімге бір еріп, айтаққа ергеннен басқа, қолынан келер түгі жоқ. Бірақ ол өзін еш уақытта «өнерсізезбін» деп ойламайды, сондықтан



### Суретпен жұмыс

Түн ұйқысы төрт бөлінген ақын нені ойлап, нені уайымдап отыр деп ойласыңдар? Шағын ой толғау жазыңдар.



қулық, сұмдық, ұрлық-қарлық сияқты әдеттерге бойын билетеді. «Алашқа іші жау боп, сырты күлмек, Жақынын тіріде аңдып, өлсе – өкірмек» деген жолдардан жүрегі Алаш деп соққан ер мінезді азаматтарды сырттай жақтағансып, қайғырған сыңай танытқанымен, шындығында, арамзалықпен топ құрып, аңқау елді қан қақсатып жүрген алаяқтар бейнесі де көрініс береді. Бірақ Абай қоғамды бұларға билетпейді, жамандықтан жақсылықтың басы әмәнда биік болатындығын дәлелдейді. «Арамдықтан жамандық көрмей қалмас, Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек», – деу арқылы жамандықтан жирендіреді. «Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек» – адамға дәулеттің өзінен-өзі келетіндігін насихаттайды.

### Зертте

Қырықтан енді ғана асқан ақынның «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деп ойлауының себебін анықтаңдар. Сол кездегі елдің қоғамдық-әлеуметтік жағдайын зерттеңдер.

1

Білу

1. Ақын осы өлеңін жазғанда неше жаста болды?
2. Өлеңде ақылды адам мен ақымақ адамды қалай сипаттаған?

2

Түсіну

1. Абай не себепті «қартайдық, қайғы ойладық» дейді?
2. Неліктен ақын «шошимын кейінгі жас балалардан» дейді?

3

Қолдану

Шығарма бөліктерін топтастырып, кестені толтырыңдар.

Өлең бөлшектерінің ұқсас белгілері	Өлең бөлшектерінің айырмашылықтары

4

Талдау

«Дойбы» әдісі бойынша өлеңді талдаңдар. Ол үшін екі топқа бөлініңдер. Екі оқушы дойбы тақтасындағы тастарды сұрақтарға жауап бере отырып жылжытады. Үшінші оқушы олардың жауаптарын жетістік критерийі бойынша бағалап, тексеріп отырады.

1. Ақынның ұйқысы неге сергек?
2. Қай сөздер мен сөз тіркестері тақырып мазмұнын айқындайды?
3. Ақын адамның қандай кемшіліктерін сипаттап көрсетеді?
4. Өлең соңында ақын қандай байламға келді?
5. Автор жастарды қалай сипаттаған?
6. Өлеңнің қай жолдары ерекше әсер қалдырды?

5

Жинақтау

Қазіргі жастардың арасындағы өздеріңді қынжылтатын жайттарды экспрессивті эссе ретінде жазыңдар.

6

Бағалау

Өлеңдегі дара образдар мен типтік характерлердің ұлттық және тарихи құндылығын А.Блоктың «Сны раздумий небывалых» өлеңімен салыстырып оқыңдар. Ойларыңды оқырмандық ұстаным тұрғысынан дәйектеп жазыңдар.


 Кітап – білім бұлағы

Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 бет.

Абай сияқты жақсы-жаманның парқын білетін, тіршіліктің қырсырына зерде бойлатқан ұлы ақын қыран құстың қылық-қасиетіне тегін таңданбаса керек.

Ақселеу Сейдімбек

## «ҚЫРАН БҮРКІТ НЕ АЛМАЙДЫ, САЛСА БАПТАП» ӨЛЕҢІ

### Меңгерілетін білім:

- көркем мәтінді талдап оқу;
- шығармадағы образдар жүйесін салыстыра талдау, типтік характерлерді ашу, әртүрлі мінез-құлықты саралап тану, автордың айтар ойын айқындау.

### Тірек сөздер

Қыран бүркіт  
Күйкентай

«Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» деген өлеңінде де заманына қарай амалын жасап, далақтаған адамдардың келеңсіз бейнесі сөз болады. Бірақ мұнда қоғам шындығы тура суреттелмейді, автор өз ойын сатира тілімен тұспалдап жеткізеді. Көшпенділер заманындағы аңшылықтың сөні болған «қыран бүркіттің» орнына «күйкентай мен қарғаларды» қаптату арқылы Абай отаршылдық дәуірдің бет-бейнесін ашады. Бұл жерде қыран бүркіт – көшпенділік өмірдің *символы* болса, қарқылдаған қарға мен шықылықтаған күйкентай – кіріптарлыққа бейімделген

отар елдің бейнесі. Өйткені шынайы өмірде қарға мен күйкентай деген құстар бүркіттің орнын баса алмайды. Абай қоғам дағдарысын халыққа түсіндіру үшін бұларды символдық бейне ретінде әдейі алған. Бірақ Абай өмір сүрген замандағы билеуші күш бүркіт сияқты ер мінезді адамдарды қор қылып, арамзалыққа бейім қарға сияқты адамдарды ұлардай шулату арқылы өз билігін емін-еркін жүргізуге жол ашты. Байлығы мен бақытын талады. «Қарға мен күйкентайлар» – қазақ қамын ойлауға өресі жетпейтін, қолынан ештеңе келмейтін, бірақ әртүрлі әрекет жасаудан күні бойы тыным таппайтындықтан, не «өзі алмайтын, не қыранға алдырмайтын» ез адамдардың жиынтық бейнесі. Салақтап артынан қалмайтын жағымпаз мінезімен ұлыққа жағып, болымсыз бір шаруасын істеткеніне мәз болып, күпілдеп мақтанатыны да надандықтың белгісі екенін өздері сезінбейді. Оларды шаршатып-шалдықтырып барып, алғанында шаруасы болмайды. Бұларда ой да, арман да жоқ. Ақынның өлеңі «Басқа сая, жанға олжа дәнеме жоқ, Қайран ел осынымен жүр далақтап» деген өкінішке толы сөздермен аяқтауының маңызы зор.





### Суретпен жұмыс

Суретке қарай отырып, «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» өлеңін тыңдаңдар. Ақын ер мінезді, елге қорған болатын жандарды бүркітке теңеген. Сендер түлкіні кімге теңер едіңдер? Себебін түсіндіріңдер.



1

Білу

Қыран бүркіт туралы не білесіңдер?

2

Түсіну

1. Ақын не себепті қыран бүркіт туралы сөз қозғап отыр?
2. Неліктен Абай күйкентай ұстаған жұртты сынайды?

3

Қолдану

Интернеттен бүркіт, қарға, күйкентайдың суреттерін, олар туралы ақпаратты тауып, жүктеп алыңдар. «Суреттер мен мәліметтер сөйлейді» тәсілі арқылы өлең идеясымен байланысын қарастырыңдар.

Бүркіт	Қарға	Күйкентай
<b>Интернеттен табылған ақпарат</b>		
<b>Өлеңдегі образдар</b>		
<b>Жеке пікірім</b>	<b>Жеке пікірім</b>	<b>Жеке пікірім</b>

1. Өлеңді талдап оқып, идеясын анықтаңдар.
2. Өлеңдегі образдар жүйесін салыстыра талдап, автор ойын айқындаңдар. «Жазушы тілінің сөздігін» құрастырып, кестені толтырып, талдаңдар.

Тілдік ерекшеліктер	Мысалдары

3. Нағыз құсбегі аңға қандай құс салады?

Өлеңдегі және шынайы өмірдегі материалдық, рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырыңдар. Көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беріп, пікірлеріңді түйіндеңдер.

Қазіргі қоғамда бүркіт көп пе, әлде күйкентай, қарға көп пе?



#### Білгенге маржан

Әкемнің бір ғадеті жақсы атқа, қыран құсқа құмар еді, өзі 2–3 жыл салтанатын келістіріп, құсбегілерін, мергендерін сайлап құс салыпты. Балаларының әрқайсысына құс салғызды, бірақ ұзақ уақыт құсшы болғанымыз жоқ. Біреудікін алып, біреуге сапырып отырады. 250 шамалы құсы қолыма келіп-кеткен шығар. Тулақтың шолағындай құс көргенім жоқ деп айтып отырушы еді. Сол кісінің осындай сапырған мінезі біздің елге жұғып, бір ел бірінікін-бірі алып сапырылып жатқыш. Өз атымды өзім мінемін, өз құсымды өзім саламын деп, ат пенен құс секілді асылы бар кісі қаптал сеніп отыра алмаушы еді. Біздің Шыңғыстан басқа Тобықты Шыңғыстай емес, өйтсе де, басқа елден көрі олар да бере алмай қалғанды ұят санайды. Бір жылы жайлауда біреудің бір қоңыр қасқа атын, 5 құлынды биесін беріп алды да, оған көңілі болмай, бауырға түскенде 5 түйесін беріп, Қуқұла деген Қаракесекте атағы шыққан жылқыны алды. Сол секілді біреудің атына көңілі түсіп, бұлдап алады да, тез жеріп, бір болымсыз адамға бере салғыш еді.

Жасында атқа болдырмайтын жүргіш болыпты. Мен есімді білген кезде алысырақ жерге арба жегіп, 30–40 шақырымдық жерге салт атпен жүруші еді. Жасында жылқы бағып, отарға да шығыпты. Мен

білгенде жалпы қазақтың байларынша ертелі-кешті малын аралап, жерін шалып, мал үшін атқа мінбеуші еді. Көбінесе үйде отырғандықтан ба, жазу жазғандықтан ба, иә жанын күтемін дегендіктен бе, ертерек кәрілік көктеді ме, әйтеуір жалпы халықтан көп ерте атқа мінуден қалды.

*Тұрағұл Абайұлы, Әкем Абай туралы*



### Міне, қызық!



Қазақ халқының ежелден қастерлеп киелі деп санаған құсының бірегейі – бүркіт. Халқымыздың өткен тарихы мен күнделікті тұрмыс-тіршілігі тікелей бүркіт құсымен тығыз байланысты. Көрнекті ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұланның деректері бойынша ана тілімізде бүркітке қатысты 1,5 мыңға жуық жеке атау сөздер, сөз тіркестері, теңеу сөздер, мақал-мәтелдер, халықтық даналық нақылдар бар.

Халқымыз бүркітті ерекше дәріптеп, «Құс патшасы – бүркіт, аң патшасы – арыстан», «Көк аспанның әміршісі», «Құс төресі – бүркіт», «Аспан перісі», «Қанаттылар тәңірі», «Дала сермендесі», «Қандыкөз», «Болат тұмсық» және т.б. деп өте жоғары бағалап оған үнемі құрметпен қараған. Бүркіт халқымыздың ұғымында батылдық пен батырлықты, азаттық пен айбындылықты, еркіндік пен бостандықты, өрлік пен ерлікті, қайсарлық пен қайраттылықты сүйетін құс ретінде сипатталады. Соған байланысты «Бүркіт – жеті қазынаның бірі» немесе «Ер жігіттің жеті асылының бірі» деген ұлттық ұғымдар қалыптасқан. Қазіргі тәуелсіз еліміздің көк туында да қыран бүркіт бейнеленген. Қыран бүркітке деген халық сүйіспеншілігі көптеген аңыз-әңгімелерге арқау болған. Ол сал-серілердің жан серігі, аңшылардың айбынды қол қанаты деп есептелген.

*anatili.kazgazeta.kz*

Өнердің жаны – құштарлық, жауы – іштарлық.

*Қажытай Ілиясұлы*

## ТОҒЫЗЫНШЫ ҚАРАСӨЗ

### Меңгерілетін білім:

- қарасөздегі ойтолғамдарды оқырмандық ұстаным тұрғысында дәйектеп айту, жазу.

### Тірек сөздер

*Жақсы көру  
Жек көру  
Үміт ету*

Абайдың болашаққа үмітпен қарау, өз дертіңді өзің анықтау, өзіңді өзің аяусыз сынау – осылайша кеселді дерттен құтылу жолында әрекет ету сынды өмір философиясының қағидаларын баяндайтын қарасөзі. Халқына, оның ұсақ-түйек мардымсыз тіршілігіне қапа болған Абай бұл қарасөзін 1892 жылы жазған. Жанры тұрғысынан көркем прозаға жатады. Абай қайтыс болғаннан кейін Кәкітай Ысқақұлы мен Тұрағұл Абайұлы ақын шығармаларын жинақтап, жазуы маржандай Мүрсейіт Бікеұлына (1860–1917 жж.) көшіртізген.

### Суретпен жұмыс

Алысқа көз тіккен ақынның «Тоғызыншы қарасөзін» үлгі ретінде алып, бүгінгі қазақтың Абай жақсы көретін және қарсы болатын қылықтары туралы шағын ойтолғау жазыңдар.



Мүрсейіт қолжазбасының М.Әуезов арқылы біздің заманымызға 1905, 1907, 1910 жылы көшірген үш нұсқасы жеткен.

«Тоғызыншы қарасөз» тұңғыш рет 1925 жылы «Таң» журналының (Ташкент) №2 санында «Абайдың басылмаған қарасөздерінен» деген атпен бірінші бөлімінде басылған. 1933 жылғы М.Әуезов құрастырған екі томдық Абай жинағында бұл сөздің журналдық нұсқасы берілген. Бұл Мүрсейіт қолжазбасының 1910 жылы жазылған нұсқасымен текстологиялық өзгеріссіз толық сәйкес келеді екен.

### Зертте

Ақынның шырқы бұзылған халқы, ел-жұрты туралы толғаныстан туған, «Тоғызыншы қарасөзімен» үндес «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңін оқындар. Өлең мен қарасөзде көтерілген мәселені сыни тұрғыдан түйіндеп, эссе жазындар.

Зерттеушілер ақын күйзелісін Асанқайғымен салыстырады. Абай да Асанқайғы сияқты болашаққа үмітпен қарау, өз дертіңді өзің анықтау, өзіңді өзің аяусыз сынау, сөйтіп, кеселді дерттен құтылу жолында әрекет етуді қарастырады. Бұл – өмір мен өлім болмысын қатар алып келе жатқан қазақтың пәлсапасында сонау Қорқыт, одан бергіде Асанқайғыда молынан кездесетін ойлар жүйесі. Ақын күйзелісін тура мағынасында емес, ойшылдық көзқараспен танып, «Не себепті?» деп ой жүгірте оқу керек.

1

Білу

1. «Тоғызыншы қарасөз» қашан жазылған?
2. Алғаш рет қашан басылды?

2

Түсіну

1. Ақын неліктен «бір жүрген қуыс кеудемін» дейді?
2. Абайдың күйзелісінің себебі неде?
3. «Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты» дегенді қалай түсінесіңдер?

3

Қолдану

1. Қарасөзден ақынның жан дүниесін бейнелейтін сөз тіркестерін теріп жазындар.
2. Жұптық жұмыс. Ақын рөліндегі жұбыңнан «Сұхбат алу» әдісімен қарасөздегі мәселе туралы сұхбат алындар.

1. Топтық жұмыс. «Осы мен өзім – қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе?» деген ақын сұрағын «Жолаушының қойын дәптері» әдісімен талдаңдар.
  - 1) Қарасөзден осы сұраққа жауап беретін үзінділерді жазып алу.
  - 2) Осы үзінділердің ақын өміріне тигізген әсері туралы топ ішінде талқылау.
  - 3) Өз әсерлерін жазу.
  - 4) Автор орындығында жазылған пікірді оқу.
2. «Көңілге тиянақ қыларлық», «көңілге қуат қылуға», «кеңестес болу» тіркестерінің мәнін ашып жазыңдар.

1. Қарасөздің тақырыбы мен идеясы қандай?
2. Қарасөзде көтерілген мәселелерді оқырмандық ұстаным тұрғысынан қорытындылап жазыңдар.
3. Қарасөз бойынша автор бейнесіне қатысты себептер мен дәлелдер тауып қорғандар.
  - 1-топ: Автор – оптимист.
  - 2-топ: Автор – реалист.
  - 3-топ: Автор – патриот.

1. Қарасөз соңында Абай қандай шешімге келді?
2. Қазіргі таңдағы қазақтарға сендердің көзқарастарың қандай? Абайдың көзқарасы қандай болар еді? Ойларыңды оқырмандық ұстаным тұрғысынан дәйектеп жазыңдар.



#### Білгенге маржан

Зар заман жыршылары мен Абайдың шығармашылығындағы сарындар сабақтастығы өлең сөздің құдіретін сезініп, оның қадір-қасиетін бағалай білу тұрғысынан да көрініс байқатады. Сөз өнерінің шексіз мүмкіндігі арқылы өз дәуірінің бейнесін жеріне жеткізе сипаттаған кезде жыр жүйріктері еңсені езген «қайғы» мен «зар» ұғымынан алшақтап кете алмайды. Өзі өлеңінің көркемдік кестесін сынға алған

ақындар секілді Абайдың толғамдарында да «тіл», «қайғы», «зар» атауларының белгілі бір тұтастық құрайтынын аңғарамыз:

Сайра да зарла, қызыл тіл,  
Қара көңілім оянсын.  
Жыласын, көзден жас ақсын,  
Омырауым боялсын.

\* \* \*

Қайғы шығар ілімнен,  
Ыза шығар білімнен.  
Қайғы мен ыза қысқан соң,  
Зар шығады тілімнен.

Әрине, Абай зар заман жыршылары толғаған «қайғы» мен «зардың» ауқымында қалып қоймайды. Санаға ұялаған сөзді жаңаша түрлендіріп, өзгеше образдар топтамасын түзеді. Зарлау мен жылау күйінен, өкініш пен күйініштен арыла қоймаған ақындардың қолданысындағы дәстүрлі ұғымдар енді адами қарым-қатынастың белгілі бір сәттерін аңғартатын тұрақты түсініктерге айналды. Хакім Абай бұл сөзді ішкі сезім арпалысының сипаты («Шырайды қайғы жасырмай, Күлкінің ерні кезермес»), әлдебір құбылыспен салыстыра шендестірудің өлшемі («Қайғың – қыс, жүзің – жаз, Боламын көрсем мез»), мақсаткерлік пен сенім жолындағы көңіл күйдің көрінісі («Қыранша қарап қырымға, Мұң мен зарды қолға алар») ретінде пайдаланып, тосын тіркеске жол ашады.

*«Әділет» газеті, №37  
12 қазан, 2020 жыл*



#### Кітап – білім бұлағы

Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар. 1-т. – Алматы: Жазушы, 2020. – 604 б.

## ҚЫРҚЫНШЫ ҚАРАСӨЗ

### Меңгерілетін білім:

- мәнмәтіндегі астарлы ойды анықтау, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені беруде авторлық ниетті (дітті/интенцияны) түсіну.

### Тірек сөздер

Мінез-құлық  
Кісілік  
Пысықтық

### Сөзмаржан

**Зинһар (парсыша)** – сақ бол, байқа!  
Бұл жерде «Құлақ сал, Сөзіме құлақ қой» деген мағынада қолданылған. Татар тілінде бұл сөз «пожалуйста» деген мағынада айтылады. Абайдың «Отыз екінші қарасөзінде»: «Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, *зинһар*, жаным, соған бек сақ бол» деген сөйлем бар. «Зинһар» сөзі Абайдың «Отыз сегізінші», «Қырық үшінші қарасөздерінде» де қолданылған.

Абайдың қазақ ортасындағы келеңсіз көріністерге философиялық астар беру мақсатында жазылған қарасөзі. Адам басына қонатын бақ пен дәулеттің баянды болуы кісілікке, текке, тұқымға тартатыны, ал «пысықтықпен» көтерілген биіктің тұрлаусыз екендігі туралы пайымдаған қарасөзін Абай 1897 жылы жазған. Абайдың «Қырқыншы қарасөзі» алғаш рет 1918 жылы «Абай» журналының №5 санында «Абай сөзі» деген атпен жарияланған. Осы мәтін текстологиялық өзгеріссіз ақынның 1933 жылы жарық көрген толық жинағында басылған. Содан бері кейінгі басылымдардың кейбірінде «ұқпай кетпейтұғыны қалай?» деген соңғы сөйлем «ұқпай тынбайтұғыны қалай?» деген өзгеріспен жарияланып келеді.

Абай бұл қарасөзін «Зинһар, сендерден бір сұрайын деп жүрген ісім бар» деген алғашқы сөйлемнен басқасын бастан-аяқ риторикалық сұрау түрінде жазған. Жауабы айқын, мағынасы түсінікті, не айтпағы сезіліп тұрған пәлсапалық сұрақтармен оқушыны ойлантуға жетелеу – Абай қаламына ғана тән шеберлік.

«Осы, біздің қазақтың өлген кісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?.. Елді пысық билегені несі? Пысықтың бәрі кедей келетұғыны несі?.. Кеселді кісі ер



келетұғыны несі? Кедей кісінің кер келетұғыны несі?.. Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай кетпейтұғыны қалай?», – деген сияқты сұрақ бере отырып, ойланту арқылы замананың келеңсіз көріністеріне философиялық астар беру мақсатын ұстанған. Абайды пысықтың ел билегені, онымен бірге «пысықтың бәрі кедей келетұғыны» қатты толғандырады. Бұл арада пысық деп отырғаны – алдау-арбау, аңқау елге арамза молда болу жолымен билікке қолы жеткендер.

Әлеуметтік-дидактикалық мазмұндағы «Қырқыншы қарасөз» публицистикалық мақала сипатында жазылған.

Абай қарасөздерінің барлығы орыс, ағылшын, француз, неміс, португал, латыш, қытай, корей, поляк, төжік, түрік, әзербайжан, өзбек, моңғол және өзге де әлем тілдеріне аударылған.



#### Суретпен жұмыс

Суретте бейнеленгендей ақсалдар кеңесіне бару мүмкіндігіне ие болсаңдар, олардан қандай сұрақтарыңа жауап алар едіңдер?



1

Білу

1. «Қырқыншы қарасөз» қашан жазылды?
2. Алғаш рет қай жылы жарияланды?
3. Қарасөз қандай сипатта жазылған?

2

Түсіну

1. Неліктен «пысықтықпен» келген биік тұрлаусыз?
2. Неге Абайды «Пысықтың бәрі кедей келетұғыны» толғандырды?

3

Қолдану

«Қарама-қайшы элементтер» әдісі бойынша қарасөздегі қарама-қарсы мінез-құлықтарды, қасиеттерді кестеге толтырыңдар.

Жақсы қасиеттер	Жаман қасиеттер

4

Талдау

1. Қарасөзде көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені Абайдың басқа осы сипаттағы өлеңдерімен салыстырыңдар.
2. Қазақ психологиясы сол заманнан бері өзгерді ме?
3. Мәнмәтіндегі астарлы ойды анықтап, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені берудегі авторлық ниетті түсініп, талдау жасаңдар.

5

Жинақтау

Қарасөздің көркемдік құндылығын анықтап, «Төрт сөйлем» әдісі арқылы қорытындылаңдар.

1. Пікір. Нақыл сөздер бойынша туындаған өзіндік пікірлеріңді бір сөйлеммен келтіріңдер.
2. Дәлел. Келтірілген өзіндік пікірді тағы бір сөйлеммен дәлелдеңдер.
3. Мысал. Енді өзіндік пікірді тағы да бір негіздеп кету үшін бір сөйлеммен мысал келтіріңдер. Мысалды өмірден алуларың қажет.
4. Қорытынды. Өзіндік пікірді тағы да бір рет пысықтап, қорытынды шешімді бір сөйлеммен келтіріңдер.
5. «Кластер» әдісі арқылы «Толық адам» туралы тұжырымды ойларыңды жазыңдар.

6

Бағалау

«Достық, адалдық, екіжүзділік» сөздеріне байланысты нақыл сөздермен қорытынды ойларыңды жазыңдар.

**Риторика** (грекше – ділмар, шешен) – шешендік өнер туралы ғылым.

**Риторикалық сұрау** – шешендік тәсілге жататын айшықты сөз тіркесі, ойды сезімді әсерлі ету үшін жауабы өзінен өзі-ақ айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айту.

## Білгенге маржан

Абай шығармаларының бір тілден екінші тілге тікелей аударылу жайында мына деректерді келтіруге болады: қытай тіліне – Ха Хуан Жан, грузин тіліне – Ш.Мчедлишвили; қарақалпақ тіліне – Ш.Сеитова; қырғыз тіліне – А.Токомбаева; татар тіліне – М.Максуд және Н.Арсланов; француз тіліне – Ғалымжан Мұқанов; ағылшын тіліне – А.Самохмалов; түрікмен тіліне – А.Хайидова, Т.Касымова; ұйғыр тіліне – П.Искакова және М.Хамраева, неміс тіліне Л.А.Захарова аударған.

Осы аталғандардың ішінен қазақ және француз тілінің маманы, әдебиетші, аудармашы, марқұм Ғалымжан Мұқановтың 1994 жылы Абайдың қарасөздері мен «Ескендір» және «Масғұт» поэмаларын қазақ тілінен француз тіліне тікелей аудармасын атап айтуға болады. Бұл жинаққа француз ғалымы, профессор Альбер Фишлер алғы сөз жазған. 1995 жылы Абайдың ЮНЕСКО көлемінде өткізілген 150 жылдық тойына да белсене қатысқан осы Альбер Фишлер 2005 жылы Астанада Абайдың 160 жылдығына орай өткен халықаралық конференцияда «Француз тіліндегі Абай шығармашылығы» деген тақырыпта баяндама жасады. Ғ.Мұқановтың аудармаларының арқасында ол Абайдың «Отыз сегізінші қарасөзінен» мысал келтіріп, кең көсіліп сөйледі. Абайдың «Көзімнің қарасы» әні француз тілінде «La grunelle de mes yeux» деп аталатынын айта келіп, екі елдің тіліндегі дыбыс үндестігі мен әуезділігіне де терең мән берген.

Бұдан кейін Абай елінде «Абайды аударған Қабай» атанған қытай ғалымы ақын, аудармашы Ха Хуан Жанның (Хабай) еңбегі зор. Шыққан тегі қытай (сібе) болғанмен, ол бірнеше тілді меңгерген. Балалық шағы қазақтар арасында өткендіктен, қазақшаны да тәп-тәуір біліп шыққан. 1950 жылы Абайдың «Ескендір» поэмасын, 1958 жылы «Масғұт» поэмасын қазақ тілінен қытай тіліне аударған. Осы жылдардан бастап, «Қазақтың ұлы ақыны – Абай» деген атпен ғылыми зерттеу жаза бастайды. Шыңжаң университетінің орыс тілі факультетін бітірген Қабай Абайдың орыс тіліндегі аудармасына да көңіл бөлуі мүмкін. 1983 жылы Қабай Абайдың шығармаларын толық аударып,

Пекиндегі «Шыңжаң» баспасынан, ал 1987 жылы «Абай және Абай шығармашылығы» деген монографиялық еңбегін Пекиндегі «Ұлттар» баспасынан шығарған. Абай мұрасымен ұзақ уақыт айналысқан Қабай ақсақал Мұхтар Әуезовтің «Абай жолын» да аударып бастырған. Жалпы миллиардтаған қытай халқы Абайды Қабай арқылы тұңғыш рет толық таныды дей аламыз.

Ал ұлты неміс, бірақ Бельгер мен Қабай сияқты қазақ арасында өскен Л.Захарова «Abai. Buch der worte» деген атпен Абай қарасөздерін 2001 жылы неміс тіліне аударған. 1941–1945 жылдардағы неміс-кеңес соғысы кезінде Қазақстанға қоныс аударылған неміс ұлтының ұрпағы Лариса Захарова Абай ауданы, Қарауыл селосында туып-өскен. Оның кітабы 2003 жылы сол кездегі Германияның Қазақстандағы елшісі Андрес Кортеннің (Andras R. Korting) алғы сөзімен 2010 жылы сол кездегі ҚР Мәдениет және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құл-Мұхамедтің алғы сөзімен қайта басылып шықты.

Бірақ жоғарыда аталған түрлі тілдердегі аудармалардың сапасы туралы зерттеу еңбектер жоққа тән. Ал Абайдың орысша аудармасы туралы пікірлер де әр қилы. Сондықтан да «көркем шығарманы аударуға болады немесе болмайды» деген көзқарастан туған даулы пікір бар. Мысалы, Герольд Бельгер «Абай мен Гете» деген мақаласында «Абайдың әр өлеңі бір кітаптың жүгін көтеріп тұр» деп баға бере келе:

«Оңалмай бойда жүрсен осы қыртың,  
Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?  
Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,  
Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың!

Бір қарағанда бәрі де түсінікті сияқты. Ал енді орысшалаңызшы. Ай, қиын-ау! Немесе, екі ғана сөз – «бойы бұлғаң» дегенді орысша қайтып бересіз? Бір академик «хвастун» депті. Ал шынында, бір «бойы бұлғанды» орыс тіліндегі «гуляка», «праздно шатающийся», «воображуля», «нарядно одетый», «выхваляющийся», «бездельник», «спесивый», «пустопляс» сықылды сөздердің бәрі қосылып, мағынасын бере алмайды. Абай сөзінің салмағы дегенде мен осы жағын айтамын», – дейді.

*Р. Зайкенова. Абайтану, 2016*



#### Кітап – білім бұлағы

1. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар. 1-т. – Алматы: Жазушы, 2020. – 604 б.
2. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. (Құрастырған: З.Ахметов, Т.Шанбаев). – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б

## ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР

1

Білу

1. Абайдың 1886–1889 жылдары жазған шығармаларына қандай оқиғалар арқау болды?
2. «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» өлеңі қандай жанрда жазылған? Негізгі идеясы қандай?
3. Ақынның риторикалық сұрау түрінде жазылған қарасөзін атаңдар.

2

Түсіну

1. Ақынның «ашуы – ашыған у, ойы – кермек» болуының себебі неде?
2. Автор қандай адамдар ел ішінде алауыздық туғызады дейді?
3. Абайдың «Тоғызыншы қарасөзі» қай жанрға жатады?

3

Қолдану

1. «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» және «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» өлеңдерін салыстырып, Венн диаграммасын толтырыңдар.

«Көңілім қайтты  
достан да,  
дұшпаннан да»

«Өкінішті көп  
өмір кеткен  
өтіп»

2. «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап» өлеңі негізінде ақын қарға мен күйкентайға теңеген адамдардың портретін жасаңдар.

3. Тарауда берілген өлеңдердегі суреттеу құралдарының қызметтерін анықтап, кестені толтырыңдар.

Суреттеу құралдары	Мысалдар
Теңеу	
Эпитет	

4

Талдау

1. «Тоғызыншы қарасөзінде» ақынның «Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе?» деп толғануының сыры неде деп ойлайсыңдар?
2. «Алашқа іші жау боп, сырты күлмек, Жақынын тіріде аңдып, өлсе өкірмек», – деген жолдарда ақын нені меңзейді?
3. Интернет желісінен ақынның «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңін тауып, оқыңдар. «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» өлеңімен салыстырыңдар. Өлеңдердің негізгі идеялары мен тақырыптарында қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар?

5

Жинақтау

1. Ақынның:  
«Ойшылдың мен де санды бірімін деп,  
Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтіп», –  
деп жырлауының себебі неде?
2. Ақын шын жолдастықты жоғалтатын қандай әрекеттерді атайды? Ойларыңды түйіндеп жазыңдар.

6

Бағалау

1. Қазақта достықтың екі түрі болады дейді: «Бірі – адал достық, екіншісі – амал достық». Абай достықтың қай түріне кез болды? Пікіріңді дәлелдендер.
2. Ақынның «Қырқыншы қарасөзіндегі»: «Біреуді досым деп ат беріп жүрсең, оған сенің бір дұшпаның келіп тай берсе, бұзыла қалатыны қалай?», – деген сұрағына жауап ретінде эссе жазыңдар.

## Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырмалар үлгілері

### 1. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер

#### Тоғызыншы қарасөз

Осы мен өзім – қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уә әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ. Егер жек көрсем, сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, «не қылды, не болды?» демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ. Бұлардың бірі де жоқ. Бұл қалай? Бұл айтқанның бірін тұтпай болмас еді.

Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? – еш білмеймін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім – өз сөзім емес, күлгенім – өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі. Қайратты күнімде қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріпшім. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін. Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде «әттеген-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге.

1. Төмендегі жауаптардың қайсысы Абайдың өзін сипаттауы емес.

А) күлдім, бірақ шын жүрегіммен қуанышты бола алмадым

В) ашуландым, адамдарға ыза боп жүре алмадым

С) қазақты өзгереді деп ойлап көп үміттендім

Д) халықтың теріс қылығымен алысам деп жүріп, өзім бірге сол мінезге тап болдым

Е) етім тірі болғанмен, жан дүнием тірі емес

2. «Әттеген-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!», – деп қайғылы болмас үшін өмірді қалай өткізу керек?

## 2. Шығарманы оқып, сұрақтарға жауап бер.

**Қартайдық, қайғы ойладық,  
ұйқы сергек**

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек  
Ашуың – ашыған у, ойың – кермек.  
Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,  
Кім көңілді көтеріп, болады ермек?

Жас қартаймақ, жоқ тумақ, туған өлмек,  
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.  
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,  
Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Ер ісі – ақылға ермек, бойды жеңбек,  
Өнерсіздің қылығы өле көрмек.  
Шыға ойламай, шығындап қылық қылмай,  
Еріншек ездігінен көпке көнбек.

1. Сөйлемдердің қайсысы жоғарыда берілген шығарманың мәнін ашпайды?
  - A) Қарттық кезде бұл өмірдің жалғандығын түсінесің
  - B) Ақылды адамды тыңдап, өз-өзіңді жеңу – ер адамның ісі
  - C) Қартайғанда бала-шағаның қызығын көріп отыру – үлкен бақыт
  - D) Қартайғанда мұңдасар жан азаяды
2. Өлеңнің тақырыбы қандай?
  - A) Ұйқысыздық
  - B) Өлеуметтік-қоғамдық мәселе
  - C) Жалғыздық
  - D) Жастық пен көрілік



## IV ТАРАУ

# ТОЛҚЫНЫН ЖҮРЕГІҢНІҢ ХАТТАЙ ТАНЫР

### **Бұл тарауда:**

- адамзатқа тән шынайы сезім, сүйіспеншілік пен нәпсіқұмарлықтың аражігін саралап тануды;
- өлең жолдары арқылы әдептілік, сүйіспеншілік, татулық сияқты қасиеттерді зерделеуді;
- тағылымдық мәнін пайымдауды меңгересіңдер.

Көкірегі – сезімді, көңілі – ойлыға бәрі анық.

Абай Құнанбайұлы

## «ҒАШЫҚТЫҚ, ҚҰМАРЛЫҚПЕН – ОЛ ЕКІ ЖОЛ» ӨЛЕҢІ

### Меңгерілетін білім

- көркем шығармадағы автордың стилін айқындау;
- шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдау, көркемдік қызметін пайымдау.

### Тірек сөздер

Ғашықтық  
Құмарлық

### Сөзмаржан

**Нәпсі** – тойымсыздық, құмарлық

**Ғашықтық** – адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілік, ынтызарлық, асықтық сезімін білдіретін ұғым

«Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» – Абайдың 1889 жылы махаббат тақырыбында жазған өлеңі. Қара өлең ұйқасымен жазылған он бір буынды өлең 4 тармақты, 3 шумақтан тұрады, көлемі 12 жол.

«Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, Көзбен көр де, ішпен біл», – деп үлкен мағына берген Абайдың сүйіспеншілік, ғашықтық тақырыбына арналған өлеңдері – махаббат лирикасына қосылған үлкен қазына. Ол адам баласының бойындағы ғашықтық сезімге, асыл дос пен айнымас жарға үлкен құрметпен, айрықша ыстық ықыласпен қарады. Ақын «Махаббат, қызық кім көрер, Оның да дәмін татпаса. Біржола басты кім берер, Жанына қайғы батпаса» деп жанын аямай жолдас болатын адамды шын қадірледі, «жүрегі жұмсақ» аяулы достықты «пайда мен мақтаннан» жоғары қойды. Тіпті ғашықтық пен құмарлықтың аражігін ажыратып, «Махаббат, достық қылуға... Қазір дайын тұруға, Бес күндік ғашық жөн емес» деп, тек нәпсі үшін

ғана болатын құмарлықтан безіндіреді. «Серт бұзғанның – орны шоқ» деп, шынайы махаббатты қадірлеп, адалдыққа үндеді. Бұл өлеңінде Абай махаббат сезіміне үлкен ілтипатпен қарап, шынайы жақсы көрудің адам өмірі үшін зор маңызы бар екендігін ашады.

Ол «Кейде есер көңіл құрғырың», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Қор болды жаным», «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол», «Сен мені не етесің», «Білектей арқасында өрген бұрым», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Қызарып, сұрланып», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Махаббат, достық



## Суретпен жұмыс

Суретке қарай отырып, «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» өлеңін тыңдаңдар. Ақынның ойын сезінуге тырысыңдар.



қылуға», «Көзімнің қарасы», «Жігіт сөзі», т.б. махаббат тақырыбына жататын өлеңдер жазды.

«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» (1884) мен «Қызарып, сұрланып» (1891), «Көзімнің қарасы» (1891) өлеңдерінен басқа махаббат лирикасына арналған өлеңдерінің барлығы М.Әуезовтің сараптауы бойынша 1889 жылы жазылған. Бұлардың композициялық құрылымында да Абайдың өлең құрылысына енгізген жаңалықтары көрінеді. Мәселен, «Қор болды жаным» өлеңі әрқайсысы 6 тармақты 4 шумақтан тұрса, «Сен мені не етесің» өлеңі 7 жолдан соң, бір қайырылып отыратын 14 тармақты 6 шумақтан тұрады. Бұл – Абайға дейінгі қазақ поэзиясында ұшыраспаған үлгі.

Махаббат лирикасына арналған аталмыш өлеңдердің барлығы да 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақтан бері қарай Абайдың екі томдық толық жинағында үзбей жарияланып келеді.

Абай осы лирикалық өлеңдерінде (1889) құмарлық сезімі, тұрақтылық, сүйіспеншілік туралы ой-топшылаулары үндестікпен сөз болады. «Қор болды жаным» өлеңіндегі «жар тайған соң әр серттен» араларына сызат түсіп, көп уақыт хабарласпай қалған сүйген жарын ақын ғашықтық, құмарлық сезіммен сағына, сарғая іздейді. Қамыққан көңілін тек қана сүйген жары жұбата алатындығын, «жүрек жай таппағаннан кейін сүйегі жасып, белі бүгілген» адамға тек сүйген жары ғана демеу, «дәрі» болатындығын ақын толғана отырып жеткізеді.

«Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» өлеңінде Абай «Қор болды жанымдағы» ой-толғаныстарын одан әрі жалғастырып:

Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол,

Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.

Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,

Мен не болсам болайын, сен аман бол, – деген сөзді ғашығына кесіп айтады. Бұл – ынталы жүрек, шын пейілден туған сөз. Сүйген адамы үшін қандай қиындыққа болсын шыдап, тіпті қосылмай кетсе де, оған жақсылық тілеп, азаматтық биік ұстанымын анық аңғартып тұр. Мұнда философиялық тұжырымдау басым. Ол ақынның ғашықтық пен құмарлықтың аражігін ажыратып беруінен де, ғашықтық туралы ойларынан да көрінеді. Адам баласында ғана болатын махаббатты, сүйіспеншілікті, нәзік сезімді құрметтеу – бұл өлеңге де тән сипат.

«Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» өлеңі алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңімен бірге басылған. «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңіндегі тақырып – махаббат емес. Мұнда «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», «Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек» деп мүлде басқа ой түйінделеді. Кейінгі жинақтарда екі өлең ажыратылып, екі бөлек жарияланып келеді. Мүрсейіт Бікеұлы қолжазбаларындағы (1905, 1907, 1910 жж.) мәтіндік нұсқа сақталған. Мүрсейіт қолжазбаларында «ғашықтық, ғашық» сөздері «асықтық, асық» деп берілген («Асықтық, құмарлықпен – ол екі жол»). Бұл өлеңге М.Қойшыбаев, Н.Меңдіғалиев сияқты композиторлар ән шығарған.

1

Білу

1. Ғашықтық деген не?
2. Құмарлық деген не?

2

Түсіну

1. Не себепті «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол»?
2. Ақын заманында ғашықтар неге қосыла алмаған?
3. Абай осы өлеңдерімен қазақ поэзиясына қандай жаңалық әкелді?

1. Шығармадан әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың түрлерін тауып, көркемдік қызметін пайымдаңдар.

Тілдік құбылтыу	Айшықтау

2. Екі өлеңді «Самаралық әдіспен» кезектесіп оқу арқылы тақырыбы мен идеясына, көркемдік ерекшелігіне тоқталыңдар. Әрбір шумаққа мән беріп, ақынның айтайын деген ойын анықтаңдар.
- 1) Өлеңдерді шағын топтар ішінде үзінділерге бөліп оқыңдар.
  - 2) Оқылған үзінділерді өзара талқылаңдар.
  - 3) Осы үзінділердің мазмұнын ашатын 9–10 түйін сөз жазыңдар.
  - 4) Үзінділерді қайта оқып, әр топтан бір оқушы өз үзіндісін мазмұндап береді.

Өлеңдерде көтерілген мәселелерді қарастырып, «Махаббатсыз дүние қандай?» деген сұрақты «Рөлдегі оқушылар» әдісімен топтарға бөлініп, тақырып бойынша талдаңдар.

1-топ: Из қуушы – лирикалық кейіпкердің ізін қуады.

2-топ: Кейіпкерді сипаттаушы – лирикалық кейіпкердің мінезін, сыртқы тұлғасын сипаттайды.

3-топ: Бейнелеуші-суреттеуші – оқиғаларға байланысты шығармалардан суреттер салады.

4-топ: Жазушы – өлеңдердегі маңызды деген мәселе төңірегінде хат, хабарлама, шағын эссе жазады.

5-топ: Дәнекер – өлең мазмұнын қазіргі қоғаммен байланыстырады.

Өлеңдегі автордың стилін анықтап, ерекшелігі туралы тұжырым жасаңдар.

Ақынның ғашықтық пен құмарлықты екі түрлі нәрсе дегеніне баға беріп, пікірлеріңді дәлелдендер.



Махаббат лирикасына жататын өлеңдері тақырыбы жағынан, көркемдік сипат-өзгешелігі жағынан да сан алуан. «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» таза махаббат сезімдерін қастерлейтін өлеңдер болса, «Мен сәлем жазамын» – ғашығына деген сағыныш сезіміне толы мұңды өлең. Ал «Қор болды жаным» тіпті сағынышты, зарлы өлең деуге де лайық, бірақ қайғы мен үміт аралас келеді.

Абай «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» деген өлеңінде:

Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,  
Мен не болсам болайын, сен аман бол, –

десе, «Сен мені не етесің» өлеңінде:

Серт бұзғанның, біл, орны – шоқ, –

дейді.

Алдыңғы өлеңінде мейірімділік, кешірімділік сарыны басым келсе, екінші өлеңінде сөзінде тұрмаған жар жазалы болады, о дүниеде қасірет шегеді дейді. Мұны ақынның екі өлеңіндегі екі түрлі көркемдік шешім тапқаны деуге лайық. Біріншісінде ақын (айтушы) адал сезімін білдіргендей болса, екінші өлеңінде ғашық жігіттің (өлеңдегі жинақталған лирикалық кейіпкердің) ғашығына, сүйгеніне мені тастап басқамен мүлде кетер болсаң, кейін осындайға душар боласың деп қимастықпен айтқаны байқалады.

«Сен мені не етесің» өлеңіндегі әр шумағы ұзынды-қысқалы он төрт тармақтан құралатын бұл өлшемді Абай өзі де басқа өлеңдерінде қолданбайды.

Жастардың, көпшіліктің айтуына лайықтап жазған өлеңдерін ақын кең тараған жеті-сегіз буынды немесе алты буынды өлшеммен шығарған. Олар – әнге салып айтылатын «Айттым сәлем, қаламқас» («Жігіт сөзі» деп те айтылады), «Көзімнің қарасы» секілді өлеңдер.

*Зәки Ахметов, Абайдың ақындық әлемі*



1. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
2. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. 3 томдық. Өлеңдер мен аудармалар. 1-т. – Алматы: Жазушы, 2020. – 604 б.

## «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ – ТІЛСІЗ ТІЛ» ӨЛЕҢІ

### Менгерілетін білім

- көркем шығарманың рухани-эстетикалық құндылығына баға беру;
- тілдік бірліктердің мәтіндегі қызметін айқындай отырып, жекелеген қолданыстардағы автордың ой-ниетін танытудағы рөлі мен концептілік мәнін ашу.

### Тірек сөздер

*Ғашықтың тілі*  
*Сезу, сезіну*

### Сөзмаржан

**Іші білді** – өзі ғана түсінді, көңілі сезді  
**Илану** – сену

1894 жылы жазылған «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» өлеңі екі тармақты екі шумақтан тұрады. Көлемі – 8 жол. Өлең көлемі шағын болғанмен, мағынасы терең. «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, Көзбен көр де, ішпен біл», – деген алғашқы тармақтан-ақ үлкен мағынаны аңғаруға болады. Ақын өлеңнің тұтас мазмұнын «тілсіз» деген бір ауыз сөзге сыйғызып жіберген. «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» – метафора болады. «Тіл», «тілсіз» деген сөздер күнделікті өмірде қолданыла береді. Бірақ «ғашықтың тілі», «тілсіз тіл» деген сөздер сезімге тосыннан әсер етіп, жүректі жаңаша тербетеді. Жаңалық деп осындай тың, соны ойды ұғынуымыз керек.

*Ғашықтың тілі неге тілсіз?*

«Бірге өткен өмір қызық сүйгенменен», – дегендей Абай сүйіспеншілік сезімнің терең сырына ерекше мән бере қарайды. Абай пайымдауынша, шын ғашықтар мөлдір сезімді айтқызбай-ақ

түсінеді. Адам баласы үшін махаббат тақырыбы – мәңгілік. «Көзімнің қарасы» өлеңінде «Сұлуды сүймектік – Пайғамбар сүннәті» деген Абай «Сүйісер жастар қате етпес» деп бірін-бірі жақсы көру ағаттық етпейді деген ой айтады. Бірақ ол әр адамның жеке жолы, өз үлгісі, сондықтан «Мейлің илан, мейлің күл» дейді. Келесі тармақта ақын өз жайынан сыр шертеді. Сүйіспеншілік сезімді оқымай-ақ тілсіз түсінген Абай ғашықтық дерті өз басынан да өткенін айта келіп, енді оның алыстап кеткенін, қайта оралмайтынын ашық айтады.

## Зертте

Төмендегі өлең жолдарын оқып, мән-мағынасын зерттеңдер.

«Ол тілге едік  
оңтайлы,  
Қаріпсіз біліп  
сондайды».

Ол тілге едік оңтайлы  
Қаріпсіз біліп сондайды.

Біліп-ақ, ұғып қоюшы ек,  
Енді ішіме қонбайды.

«Есіңде бар ма жас күнің» деген өлеңінде Абай:

Құдай-ау, қайда сол жылдар,  
Махаббат, қызық мол жылдар.  
Ақырын, ақырын шегініп,  
Алыстап кетті-ау, құрғырлар!–

дегендегі пайымы бұл өлеңінде «Енді ішіме қонбайды»,– деген бір-ақ ауыз сөзбен түйінделеді.

Туынды 1909 жылғы Абайдың өлеңдер жинағында тұңғыш жарияланған. Мүрсейіт қолжазбаларында да бар.

1

Білу

Абайдың ғашықтық сезімге, махаббат тақырыбына көзқарасы қандай?

2

Түсіну

1. Ақын неліктен «Біліп-ақ, ұғып қоюшы ек, Енді ішіме қонбайды» дейді?
2. Неге ақын махаббаты қадірлеп, адалдыққа үндейді?

3

Қолдану

Ақынның ғашықтық тақырыбында жазған өлеңдерімен танысып, өз беттеріңше достық, махаббат жайында өлең жолдарын жазып көріңдер.

4

Талдау

1. Өлеңдегі ақынның жеке қолданысын білдіретін тілдік бірліктердің қызметін талдаңдар.
2. А.С.Пушкиннің махаббат тақырыбында жырлаған өлеңдері мен Абай өлеңдерін салыстырып, талдаңдар.

5

Жинақтау

Өлеңнің хрестоматияда берілген толық нұсқасымен танысып, рецензия жазыңдар.



Көркем шығарманың рухани-эстетикалық құндылығына қандай баға берер едіңдер?



### Білгенге маржан

Абайдың қиялы шалымды, ойы терең, ақыл-білімнің әр тарауынан көкірегінде асыл қазына көп. Сол асыл қазынаны барлық ырғағы нәзік сипатымен қазақтың ұстармаған, ысылмаған жуан тілімен биязы ғып шығаруы – әрі ақындығы, «қызыл тілді» шешендігі.

Абайдың ақындық өнері, тар жолы, бірбеткей емес. Әр тараулы, сегіз қырлы. Ол тараулар мынау: мінез түзететіндік (ахлақ), тереңнен толғайтындық (пәлсапа), сыншылдық (критика), суретшілдік (художественность), жүректің мұң зарын, сырын тапқыштық (лирика), ащы тілдік, ызалықпен күлетіндік (сатира), һәм керемет переводшиктік...

Ғашықтық жайын, әйел турасын жазғанда, Абай аса шеберлеп, қызықтыра сипаттайды. Ондай өлеңдерінде ахлақ жолынан алыстау кететін орындары болады. Бірақ мұнысы – ақындық жолында кешерлік іс. Ақынның жүрегі не нәрсенің болсын жарастығын, келісімін, сұлудың сұлуын іздейді. Жүрегінің сезімі, көңілінің шабыты билеп, өз бетімен жазып кеткен сөзін былай неге жазбадың, ахлаққа хлаф деу – жол емес, ол – зорлық. Оның суретшіл көңіліне, жүрек қиялына басқаның мөлшері өлшеу емес.

*Ж.Аймауытов, М.Әуезов. «Абайдың өнері һәм қызметі»  
«Абай» журналы, № 2, 1918 жыл.*



### Кітап – білім бұлағы

1. Абай энциклопедиясы. (Бас ред. Р.Н.Нұрғалиев; ред.алқасы: З.Ахметов, Л.М.Әуезова, Б.Г.Ерзакович т.б.) – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
2. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. Оқу құралы. Құр.: М. Мырзахметұлы. – Алматы: Санат, 1997. – 416 б.

Ұят қымбат, ар қымбат,  
Жаның сүйген жар қымбат.

Қазыбек би Келдібекұлы

## «ЖАРҚ ЕТПЕС ҚАРА КӨҢІЛІМ НЕ ҚЫЛСА ДА» ӨЛЕҢІ



### Меңгерілетін білім:

- көркем шығарманың рухани-эстетикалық құндылығына баға беру;
- шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, әдеби эссе, сценарий, өлең, блог, әңгіме, кейіпкер монологу, жоба жазу.

### Тірек сөздер

Жар  
Жарқ ету

### Зертте

Интернет желісінен «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» әнін тыңда. Абай өлеңдеріне ән жазған композиторлар туралы шағын презентация жаса.

«Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңі – ғашығынан қол үзіп, арманына жете алмай қалған жігіттің зарығып айтқан сағынышын білдіретін махаббат лирикасы. Өлең 1889 жылы атақонысы Ақшоқы қыстауында жазылған. 11 буынды қара өлең ұйқасына жатады, көлемі 8 жол. Абайдың бұл өлеңі тұңғыш

### “ЖАРҚ ЕТПЕС ҚАРА КӨҢІЛІМ НЕ ҚЫЛСА ДА” ӨЛЕҢІ

Музыкасы С. Мұхамеджановтікі

Салбырмен. Тірек, өңгіммен.

Жарқ етпес, жарқ

көңілім не қылса да, Ас-пан-ди кй ме-нем

күн ша-ғылса да; Әу-ние-де сі-

рет 1916 жылы «Абай термесі» жинағында «Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да» өлеңімен екінші шумағы бір өлең болып берілген. 1939 жылғы жинақта да осы қайталанған. Тек 1954 жылғы жинақтан бастап, түзетіліп, екі өлең бөлініп, дұрыс басылып келеді. Ал Мүрсейіт қолжазбасында (1905 ж.) бөлек өлең болып, жеке берілген. 1957, 1977 жылғы басылымдарда Мүрсейіт қолжазбасына сәйкес соңғы шумақтың 4-жолы «Қорлық пен мазағына табылса да» деп берілсе, осы тармақ 1939, 1945, 1954, 1995, 2002, 2020 жылдары жарық көрген жинақтарда «Қорлық пен мазағына табынса да» болып берілген.

Өлеңнің көркемдік қуаты – басқы екі жолында. «Қара көңілім» деген эпитет ғашық жүректің мұң-зарын түгел төгіп тұр. Қараңғы түн күн болмаса ашылмайды.

*Ал Абай не дейді?*

Абайға күн мен түн бірдей, яғни үнемі ғашықтық дерті жанын жегідей жеп, маза бермейді. «Аспанда ай менен күн шағылса да» деген – абстрактілі құбылыс. Егер ондай жағдай болса, жердің күл талқаны шығар еді. Ғашықтық дерті меңдеген адам көңілінің «жарқ» етуі, көңілденуі, жадырауы оңай емес. Сонда да ғашық жігіт сүйген жарын ешкімге теңгермей, тек жақсылық тілейді.

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,  
Аспанда ай менен күн шағылса да.  
Дүниеде сірә, сендей маған жар жоқ,  
Саған жар менен артық табылса да.

Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,  
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да,  
Шыдайды риза болып жар ісіне,  
Қорлық пен мазағына табынса да.

Өлеңде ғашық жарын құлай сүйген жігіттің бір жақты сүйіспеншілігі жырланады. Жігіт сезімі қыз жүрегімен үндестік тапсын-таппасын, ол алған бетінен қайтпайды. Сағынса да, ұзақ уақыт сарғайып, сарылып жақсы жауап күтсе де, жалындаған ыстық махаббатының құрбаны болуға дайын, жүрек қалауының барлық азабын тартуға әзір.

1

Білу

1. Өлеңнің басты тақырыбы қандай?
2. Өлең кімге арналған?
3. Абай заманындағы махаббат мәселелесі қандай еді?

2

Түсіну

QR код арқылы өлеңді тыңдай отырып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер:

1. «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да...» деген жолды қалай түсінесіңдер?
2. «Жар сүю» тіркесінің мағынасы қандай?

3

Қолдану

Өлеңді Абайдың басқа ғашықтық өлеңдерімен салыстырыңдар.

4

Талдау

Шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, төрт жолды өлең жазып көріңдер.

5

Жинақтау

«Аяулы ана, асыл жар» тақырыбында шағын эссе жазыңдар.

6

Бағалау

1. Көркем шығарманың рухани-эстетикалық құндылығына баға беріңдер.
2. Шын ғашық болып, ғашығының бар мініне көз жұма қарау қазіргі таңда бар ма? Қалай ойлайсыңдар?



### Білгенге маржан

1916 жылы ақын-журналист Самат Әбішұлы Нұржановтың (1898–1944 жж.) Орынбор қаласындағы «Дин уә мағишат» баспаханасында бастырған «Абай термесі» атты кітабы жарияланады. Мұнда Абайдың «Бірінші қарасөзі» «Сөз басы» деген айдармен беріліп, «Жаздыгүні қылтиған бір жауқазын» (10 жол), «Ата-анаға көз қуаныш» (30 жол), «Құр айғай бақырған» (8 жол), «Белгілі сөз өлді-өлді» (4 жол), «Күшік асырап ит еттім» (4 жол), «Тайға міндік» (25 жол), «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» (4 жол) деген жеті өлеңі ғана топтастырылып берілген. Жинақ соңында Самат Әбішұлының «Ойлы жұртыма» деген толғауы басылған. Зерттеушілер бұл кітапқа 1909 жылғы өлеңдер жинағынан кейінгі екінші тарихи маңызы зор басылым деп оң баға берген.

*Р.Зайкенова. Абайтану, 2016*

Көзі жанып тұрмағанның ғашық болдым дегені бекер.

Қожа Ахмет Ясауи

## «ҚЫЗАРЫП, СҰРЛАНЫП» ӨЛЕҢІ

### Меңгерілетін білім

- көркем шығарманың рухани-эстетикалық құндылығына баға беру.

### Тірек сөздер

Жүрек лүпілі

Ақынның «Қызарып, сұрланып» (1891 жылы) атты өлеңі махаббат лирикасының озық үлгілерінің біріне жатады. Ақын ғашықтық сезімді, махаббат иірімдерін айшықтау арқылы сүйіспеншілік сезімнің нәзік қылын шертеді. Бір-біріне деген шексіз ынтызарлық, пәк сезім қос ғашықтың оңаша жолығуына ұласады.

Қызарып, сұрланып,  
Лүпілдеп жүрегі.  
Өзгеден ұрланып,  
Өзді-өзі керегі.

Өзара тіл қатыса алмай, абдыраған жастар тек қана лүп-лүп соққан жүрекпен, ыстық көңілмен ғана ұғысады. «Жүрекпен алысып, көңілмен танысып», жарастық тапқан жастар сезіміне «жанындағы жапырақ пен аспандағы жұлдыз» да үн қосқандай, олар да қалтырайды.

Жанында жапырақ,  
Үстінде жұлдыз да.  
Елбіреп-қалтырап,  
Жігіт пен ол қыз да.

Бұл шумақ психологиялық параллелизм тәсіліне жатады. Абай табиғат құбылысын қыз бен жігіттің көңіл күйімен үндестіріп, жапырақ пен жұлдызға да жан бітіреді. Осы арқылы тұтас поэтикалық бейне туғызған.

Сезім тылсымына берілген екі жаста «жүйрік тіл мен терең ойға» ерік жоқ, сондықтан ақын өлеңді «Жеңілдің, жеңілдің!..» деген нәзік юмормен аяқтайды. Өлең шалыс ұйқаспен (а б а б) жазылған, 4 тармақты 9 шумақтан тұрады. Алғаш 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» жинағында 9 шумақ болып жарияланған.

Мүрсейіт қолжазбаларында мәтіндік нұсқасы сақталғанмен, қолжазбада (1905 ж., 1907 ж.) 14 шумақ болып, «Ысытқан, суытқан» (бес шумақ) (1893 ж.) өлеңімен бірге жазылған. Абай басылымдарында 1909 жылғы нұсқа басшылыққа алынып келеді.



### Суретпен жұмыс

Ақынның «Қызарып, сұрланып» өлеңінің суретте бейнеленген сәтке дәл келетін шумағын таңда. Өз таңдауыңның себебін түсіндір.



1

Білу

1. Ақын өлеңде не жайлы жырлайды?
2. Өлеңнің жанры қандай?

2

Түсіну

Неліктен өлеңнің соңын «жеңілдің, жеңілдің!» деп аяқтады?

3

Қолдану

1. Қос ғашықтың бір-біріне деген шексіз сезімін Абай қалай жеткізеді?
2. Абайдың басқа да ғашықтық жырымен салыстырып талдаңдар.

1. Абай өлеңді табиғатпен қалай байланыстыра жырлайды?
2. Өлеңді құрылысына талдаңдар.
3. Өлең қандай ұйқаспен жазылған?

1. Топтық жұмыс. «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы топпен ақынның жазу стилінің ерекшелігіне өлеңнен дәлелді үзінді келтіре отырып, сөйлемдерді жалғастырып, тұжырымды ой айтыңдар.
2. Ақынның махаббат тақырыбында жазылған өлеңдерінен алған әсерлеріңді жинақтап жазыңдар.

1. Көркем шығарманың рухани-эстетикалық құндылығына баға беріңдер.
2. Абайтанушы ғалым Зәки Ахметовтің: «Қызарып, сұрланып» – екі ғашықтың кездесуін бейнелеудегі әдемі психологизм, олардың көңіл күйін, ішкі сезімін терең ашып көрсетудегі көркемдік шеберлігімен айрықша көз тартады. Өлеңде жастардың алғашқы махаббатына лайық шынайы ынтықтық, пәк сезімділік, әдептілік, сыпайылық, ұялшақтық – бәрі олардың қимыл-қозғалысы, бет-пішінінің өзгеріп-құбылуы арқылы нақтылы сипат алып, ғашықтардың жолығып тұрған сәтін көзге айқын елестетіп тұтас көрініс-сурет жасалған», – деген пікіріне баға беріңдер.

### Әдебиет теориясы

**Параллелизм** (грекше «қатар жүру») – екі ұдай нәрсені, құбылысты, ұғымды, сезімді қатар қойып, жұптап суреттеу.

### Білгенге маржан

Қазақ әдебиеті тарихында 1946 жылы Ленинград (Санкт-Петербург) қаласында «Абай поэзиясының тілі» деген тақырыпта Қажым Жұмалиев тұңғыш рет докторлық диссертация қорғады. Оның 1948 жылғы «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» атты монографиясы күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Кейіннен бұл кітап «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері»,

(1958 ж.); «Қазақ әдебиеті тарихының мәселері және Абай поэзиясының тілі» (1960 ж.) атты 2 томдыққа енгізілді.

Жалпы ХХ ғасырдың басынан бастап, М.Әуезов зерттеулерінде көрсетілген күрделі мәселелерді 1940–1950 жылдары С.Мұқанов, Ә.Жиреншин, Қ.Жұмалиев, Т.Елеуов, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Жиреншин т.б. жалғастырса, 1950–1960 жылдарда Қ.Мұхаметханов, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайлов, Т.Нұртазин, Т.С.Сильченко, Т.Тәжібаев, З.Ахметов, А.Нұрқатов, Х.Сүйіншәлиев, М.Мырзахметұлы т.б. одан әрі жалғастырды. 1950–1960 жылдардан бастап бұл мәселеге С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, Ғ.Мұсабаев, А.Ысқақов, Р.Сыздықова, Қ.Өмірәлиев сияқты лингвист мамандардың жіті араласуы нәтижесінде Абай шығармашылығы қазақ тіл білімі тұрғысынан талданып, одан әрі жандана түсті. Осы аталған ғалымдар ішінен тәуелсіздік заманына жеткен Қ.Мұхаметханов, З.Ахметов, М.Мырзахметұлы, Р.Сыздықова социалистік реализм әдісі тұрғысынан талданып келген абайтанудың айта алмаған, жетілдіре алмаған тұстарын барынша айқындап, қазіргі ұлттық көзқарас тұрғысынан жүйелеудің негізін салды.

*Р.Зайкенова. Абайтану, 2016*



#### Кітап – білім бұлағы

1. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. 3 томдық. Өлеңдер мен аудармалар. 1-т. – Алматы: Жазушы, 2020. – 604 б.
2. Қара өлең. (Ел ішінен жинап, құрастырған О.Асқар). – Алматы: Жалын, 1997. – 640 б.



Асыл сөзді іздесең,  
Абайды оқы, ерінбе.  
Адалдықты көздесең,  
Жаттап тоқы көңілге.

Сұлтанмахмұт Торайғыров

## ОТЫЗ ЖЕТІНШІ ҚАРАСӨЗ

### Меңгерілетін білім

- қарасөз бөліктерін ұқсас белгілеріне/ айырмашылығына қарай топтастыру, белгілі нысандарды зерделеу;
- мәнмәтіндегі астарлы ойды анықтау, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені беруде авторлық ниетті (дітті/ интенцияны) түсіну.

### Тірек сөздер

Нақыл сөздер  
Афоризм

Абайдың қарасөздерінің ішінде 1896 жылы жазылған «Отыз жетінші қарасөзінің» орны ерекше. Мұнда ақының дүниетанымдық көзқарастары, адам болмысы жайындағы танымы, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастарды түсіндіруі, көңілінде жүрген көрікті ойлары афоризмдер мен мақал-мәтел болып өрнектелген. Әрбір сөзінде кесек-кесек ой айтылған. Бұл туралы С.Мақпырұлы: «Абай үлгісі, оның ақындық қуаты мен шығармашылық ізденістерінің жемісі реалистік жаңа жазба әдебиеттің бағытын қалыптастырды», – дейді.

Абай қарасөздері 1933 жылы М.Әуезов құрастырған екі томдық тұңғыш академиялық жинақта толық берілген. Мүрсейіт қолжазбаларында (1905, 1907, 1910 жж.) «Насихат» деген атпен 15–16 нақылы берілген. 1933 жылғы жинақта бұған 7 нақыл қосылып, жалпы саны 23 болған. М.Әуезов жинақтаған 16–23 нақылдары алғаш рет «Таң» журналының 1925 жылғы №1 санында тұңғыш рет жарияланған.

23 бөліктен тұратын әрбір нақыл сөздің тақырыптары әртүрлі болғандықтан, жекелеп талдауды қажет етеді.

1. «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес» дегенде Абай қандай да бір тың істі бастаған адам туралы айтып отыр. Мәселен, кәсіпкерді алайық. Ол халыққа пайдасы тиетін бір тың істі бастаса, әлбетте, бұған жұрт қуанады. Қазақстанда мұндай кәсіпкерлер көп. Топты жерде бірінші болып сөз бастау да қиын. Өйткені

- сөз жұрт көңілінен шығып, қолдау табуы керек. Ал бастаған ісі болсын, сөзі болсын, оның қалай аяқталуы әр адамның қабілет-қарымына, іскерлігіне, білген-түйгеніне байланысты.
2. *«Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады»* дегенде асыл сөз оралымдарын айшықты тілмен түсінікті етіп жеткізе білудің мағынасына мән берілген. Көкірегінде сайрап тұрған көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашпау үшін шешендік дағды қалыптастыру керек. «Тізуі жаман болса, дыбысы жақсы сөздерден де жақсы әңгіме шықпайды». (А.Байтұрсынұлы, Тіл қисыны). Бұл көркемдік қағидалар мен оның шарт, заңдарын үйрену арқылы жүзеге асады. Өлеңнің өнер екенін жақсы таныған Абай әрбір сөзіне мән беріп, халықтың «көңіл көзін ашпаққа ғибрат үшін» жазған.
  3. *«Хикмет сөздер өзімшіл наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады»* дегенде ақыл ғып айтқан өсиет сөздерді ұғына білу мәселесі қозғалған. Кейбір адам ақыл-өсиетке толы даналық сөзді тыңдағысы да, көңілге тоқығысы да келмейді, ал кей адам ғалам құбылыстарының мәнін түсіндіретін насихат сөзден ғибрат алып, қателігі болса, түзетуге ұмтылады. Ілім-білімнің мағынасына тереңдеп бойлаған сайын көңіл уанып, жай табады, санасына сәуле түседі, тіршілік етуге икемділігі оянады. Ал өзі білмеу, білгеннің тілін алмау – кесірлі жаман әдет. Қазақта «Өзің білме, білгеннің тілің алма» деген қарғыс сөз болып есептеледі.
  4. *«Кісіге біліміне қарай болыстық қыл, татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады»* дегенде біреуге көмектесу үшін оның болмысын тану керек, түсінік-түйсігін, көкірек көзінің ояу немесе бітеу екенін байқау керек. Ал сөз ұқпайтын білімсіз, ақылсыз адам айтқан ақыл-өсиетті қате түсінеді және соған лайық әрекет етеді. Қателігін айтсаң, «Өзіңіз солай айттыңыз емес пе?», – деп жауап береді және өзінің ағат іс-әрекетін дұрыс деп есептейді. Оған қайта түсіндіру – азап. Ондай адам пайдалы хикмет ілімі мен ізгі істерді дұрыс ұғына алмайды, басқаша түсінеді. «Адамды бұзады» дегенде осындай мағына бар. Құнанбайдың Абайға айтқан мынадай сөзі бар: «Жақсылықты қайтара алатынға жаса, қайтара алмаса, айта алатынға жаса».
  5. *«Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, Адамның баласы – бауырың»* дегенде үлкен пәлсапалық мағына жатыр. *Әкесінің баласы неге дұшпан болады?*  
Өйткені ол – жеке адам. Бұл жерде Абайдың: «Адам деген даңқым бар!», «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», – бүкіл адамзат баласына жар салған терең ой-байламы көрініс тапқан.

6. *«Ер артық сұраса да, азға разы болады. Ез аз сұрар, артылтып берсең де разы болмас»* дегенде адамның болмыс-бітімі, оның адамдық қадір-қасиетінің қандай екені көрінеді. Ер – батыл, бірсөзді, шешімтал адам. Ез – түсінік-түйсігі төмен қанағаты жоқ, татымсыз адам. Қарым-қатынас жасағанда осындай мінез-құлықты тани білсе, нұр үстіне нұр.
7. *«Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың».* Мұнда да терең пәлсапалық мазмұн бар. «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім» деген Абай – екі дүниені қатар ойлаған данышпан, яғни о дүние мен бұл дүниенің мән-мағынасын түйсіну керек. Қара басын ғана ойлап, жан-жағына көмегі, қамқорлығы жоқ адам ол өзі үшін ғана жем-шөп жеп, оттаған хайуанмен бірдей. Ал адал еңбекпен өмір сүріп, кісілік келбетін сақтап, ел-жұртқа қамқорлығы тиетін адам Алланың сүйген құлы есепті болады. Алланың сүйген құлы қандай болу керек дегенде Абайдың «Отыз сегізінші қарасөзін» оқыса, одан әрі түсініп-түйсінуге болады.
8. *«Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Файсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал».* Сократ (б.з.д. 470–399) – Батыс философиясының негізін салған ұлы ойшыл. Ол Платон, Аристотельмен қатар ежелгі гректің «Үш данасы» атанған. Абай Сократты жоғары бағалап, «Жиырма жетінші қарасөзін» «Сократ хакімнің сөзі» деп атаған. Оның ғарышты зерттегені туралы әйгілі Рим шешені Цицерон былай деп жазады: «Сократ тұңғыш рет философияны аспаннан жерге түсірді, қалаға алып кірді, әр үйдің есігін қағып таныстырды әрі оны өмір мен этикаға, жақсылық пен жамандыққа мән беретін етті». Өмірді табиғат және жаратылыс заңдарымен ұштастырғаны үшін жазалы болып, өлім жазасына кесілгендіктен, у ішіп қайтыс болған. Сократ ілімін оның шәкірттері Платон, Ксенофонт, Аристотель, Плутарх, т.б. жалғастырды. Сократ философияны өмірді тану ғылымы деп пайымдаған.

Иоанна Арк (Жанна д'Арк, 1412–1431) – ағылшындарға қарсы азаттық күресін басқарған француз ұлтының батыр қызы. Франция королі мен сарай ақсүйектері халықтық соғыстың өршуінен секем алғандықтан, оны әскери қызметтен шеттетеді. Бір соғыста ағылшын одақтастарының қолына түсіп, олар батыр қызды ағылшындарға сатып жібереді. Оны

«Құдайдан безген, сиқыршы» деп шіркеу соты айыптап, өртеп жібереді. 1456 жылы оның ісі қайта қаралып, есімі салтанатпен ақталады. 1920 жылы католик шіркеуі Жанна д'Арк есімін әулиелер қатарына енгізеді.

Ғайса (Иса) – Құранда аты аталған жиырма бес пайғамбардың бірі. Христианда – Иисус.

«Пайғамбарымыз» деп отырғаны соңғы пайғамбар – Мұхаммед (с.ғ.с.). Ол – ислам дінінің пайғамбары. Перғауындар мұсылманға жау болған.

Бұл нақылында Абай кім екенін білмей тұрып, кім болса, соның сөзіне сенетін, айдағанына еретін, айтақтаған дүрмекке ессіз ілесетін көпшілікті сынайды. Мұндай тобырда парық болмайтынын дәлелдеу үшін әлемге әйгілі тұлғаларды мысалға келтірген. «Сәулең болса кеудеңде» деген өлеңінде:

Единица – жақсысы,  
Ерген елі бейне – нөл...  
Единица кеткенде,  
Не болады өңкей нөл, –

деген ойын бұл қарасөзде де жалғастырып, нақтылы тұлғалармен дәйектеген. Бірге бірді қоссаң, екі болады, ал нөлге нөлді қоссаң, ештеңе болмайтыны белгілі. Мысалдап беріп отырған единица дегені – Сократ, Жанна д'Арк, т.б. сияқты тарихи тұлғалар мен пайғамбарлар.

9. *«Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват»* дегенде қоғамдық-әлеуметтік мәселені қозғап отыр. Бұл жерде «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен – істің бәрі бос» деген көзқарасы танылады.
10. *«Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім»* дегені де – әлеуметтік мәселе. Мәселен, 1913 жылы А.Байтұрсынұлы: «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек!», – деген өсиетті осыдан 100 жылдан астам уақыт бұрын айтса да, бұл мәселе енді ғана қолға алына бастады. Осы сияқты халыққа пайдасы тиетін рухани-адамгершілік тәрбиеге үкімет тарапынан көңіл бөлініп, қолдау болмаса, жүзеге асуы қиын. Абай осы тұрғыдан келіп отыр.
11. *«Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?»* дегенде екі түрлі ой айтады. Біріншісі – жалғыздық. Мұнда «Жалғыздық – Құдайға ғана жарасқан»

деген ой бар. Екіншісі – жаман нәрсе де, жақсы нәрсе де, қызық та, ермек те көпшілікпен бірге. Мұндағы «көп» – тобыр деген мағынада. Бірақ дүрмекке ойсыз ермеу керек. Өйткені «тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық» адам баласын аздырады, ал жалғыз қалмауға да ақыл керек. Мұнда өмір сүре білудің қадір-қасиетін білу керек деген мәселе бар.



#### Суретпен жұмыс

Қарасөздегі «тоқ тіленші – адам сайтаны, حرکتсіз – сопы монтаны» деп сипатталатын адам ақынның тағы қай өлеңіндегі кейіпкерге ұқсас деп ойлайсыңдар? жауаптарыңды "авторға хат" әдісімен беріңдер.



12. *«Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?»*. Бұл – Абайдың ешқашан да болашаққа деген сенімін жоғалтпаған терең ойлы сөзі. Адамзат баласының басына қандай ауыртпашылық түссе де, қандай қиын-қыстау кезең болса да, қандай ауру-сырқау белең алса да, ол – мәңгілік емес, бәрі де баянсыз. Халқымыздың көңілін шаттыққа бөлейтін қуанышты күндеріміз алда екенінен үміт үзбеу керек. Ырыздықты, молшылықты, қуанышты күндердің сарғайтпай келетініне сеніміміз мол болсын.
13. *«Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны. Егер де аузынан қара қан ағызса, домбыт мақтаншақ я қорқақ»*. Мұнда ашуланған кездегі адамның әртүрлі

психологиялық ерекшелігі ашылады. Әсіресе мақтаншақ адам ызаланса, қарсы сөзге намыстанатыны сонша, аузынан «ақ ит кіріп, көк ит шығады». Өйткені «Ақымаққа ақыл айтқан жау көрінер» деген мәтел бар. Сондықтан «ашу – дұшпан» екенін біліп, оны тежей білу де бір ғанибет.

14. *«Қуанбақтық пен бақ – мастықтың үлкені, мыңнан бір кісі-ақ к...н ашпайтұғын ақылы бойында қалады».* Мұндағы терең ой адамның ақылына, ұстамдылығына, көрегенділігіне байланысты. Даңқ, атақ, билік пен байлыққа мастанбау – бұл қасиеті жоғары текті адамның ғана қолынан келетін іс деген сөз. Ғибрат алып, тұшыну керек.
15. *«Егер ісім өнсін десең, ретін тап!»* – мұнда айналаңмен мәм-леге келіп, адамдармен тіл табысып жұмыс істей білу керек деген мәселені көтеріп отыр. «Асыл тастан, өнер жастан» болады емес пе? Қадірлі кісі ешуақытта қартаймайды.
16. *«Биік мансап – биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады. Жікшіл ел жетпей мақтайды, желөкпелер шын деп ойлайды»* – биік мансапқа жеткісі келген адам шын мақтаған мен өтірік мақтағанның аражігін ажырата білуі керек. Бірақ көп жағдайда қызмет орнынан түскеннен кейін ғана кімнің кім екенін біліп, өкініп жатады. Өкінбеу үшін ақыл мен айланы темірқазық етіп қатар ұстау керек.
17. *«Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер»* – дүние шексіз, өмір ағысы тоқтамайды. Сағаттың тілі бір орнында тұрып қалмайды. Өйткені «Сағаттың шықылдағы емес ермек» деген өлеңінде Абай: «Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек», – деп үлкен ой айтады. Демек, адам баласы өмірден баз кешіп жатса да, уақыт онымен есептеспейді, өмірге жаңадан келген әрбір адамға уақыт солай тұрғандай көрінеді. Бұл – ғылым әлемі мен жаратылыстануды терең меңгерген адамның ғана аузынан шығатын сөз.
18. *«Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық; сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық»* – басты тақырып – білім-ғылым және еңбек. Өнер, білім, кәсіп үйреніп, адал еңбек етуге шақырған шығармаларындағы терең ой мұнда бір-ақ ауыз тұжырымдалған. «Өнер – жігіт көркі» десек, заманына қарай, ой туындайды.
19. *«Тоқ тіленші – адам сайтаны, харекетсіз – сопы монтаны»* – жағдайы бар болса да, сұрамсақ болу өте жексұрын, жаман әдет, ал әрекет жасап, адал еңбек етпеген адамды Абай сырты

мүләйім, момақан, момын көрінетін сопыға ұқсатады. Бірақ ондай адамның іші – қуыс. Мұнда үлкен мағына бар. Бұл жерде Абай дін жолына берілген, таза сопыны кінәлап отырған жоқ, бірақ соған ұқсап, елді алдайтын арамза молдаларды сынап отыр. Ол уақытта «Аңқау елге – арамза молда» деген сөз көп айтылған. Өйткені Уфа, Қазан, Троицк, т.б. сияқты қалалардан арнайы оқып келген қожа-молдалар жетіспеген. Сондықтан шарифатты теріс оқытындарды Абай кейбір шығармаларында сынаған.

«Бәйгеге дейді біреу ат шабады,  
Бәйгеге дейді біреу бақ шабады.  
Шапқылап ат та, бақ та бәйге ала алмас,  
Бәрін де басып озып бап шабады», –

деп халық өлеңінде айтылғандай, қай іске болмасын бап, яғни еңбек керек.

20. «*Жаман дос – көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың*» – тақырыбы – достықты қадірлей білу.

«Дүние жеткізбейді қуғаныңмен,  
Ат көркем көрінеді тұрманымен.  
Ақ көйлек секілді емес ақ ниетің,  
Тазармас бір кірлесе жуғаныңмен», –

деп халық өлеңінде айтылғандай шынайы дос көңілін сақтау, бағалай білу – парыз. Ал жаман дос қолыңда пайдалы нәрсе болмаса, уақыт өте келе, ешкім қумай-ақ өз-өзінен бойын аулақ салады.

21. «*Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас. Қайғысыздан сақ бол, Қайғылыға жақ бол*» – қашан да адамдық қасиетті сақтай білу керек деген ой айтылған. «Қайғысыздан сақ бол» дегені ешнәрсеге басын қатырғысы келмейтін ойсыз, жалқау адамды айтып отыр. Қайғыра білмеген адам, қуана да алмайды. Қандай қиыншылық туындаса да, сабыр сақтап, адам өзін-өзі ұстай білсе, ақылды болу деген сол.

22. «*Қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз ғашық – тұл, шәкіртсіз ғалым – тұл*» – мұнда үш түрлі тақырып бар. Біріншісі, не өзінде, не сөзінде қуаты, зілі, мысы жоқ, күш-қайраты тасып тұрмаған адамның ашуы зая кетеді, одан ешкім ықпайды. Екіншісі, тұрлаулы ғашық қана сезімді сақтай алады, тұрлаусыз, тұрақсыз болса, екі жастың арасындағы махаббат зая кетеді. Үшіншісі, кез келген ғалым соңынан шәкірт ерте білуі керек. Бірақ «Ғалымның өресі, ақылдың төресі» болуы шарт. Жоғарыда сөз болған Сократтың есімін

жер-дүниеге танытқан – оның шәкірттері. Белгілі ғалым Қайым Мұхамедханов «Абайдың ақын шәкірттері» деген төрт томнан тұратын арнайы монография жазды.

23. «Бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің» – даналықпен айтылған сөз. Белгілі бір істі бастап, жақсы жетістікке жете бастағанда, туған-туыстар да, дос-жарандар да қуанып, тілеуқор болады. Бірақ атақ-абыройға жеткеннен кейін көре алмаушылық, қызғаныш пайда болады. Абай осыны меңзеп отыр. Сондықтан бағы жанған адам асып-таспай, ел-жұрттан қамқорлығын аямай, өз мінезіне сақ болып, екі тізгін, бір шылбырды ұстай білсе, бақтың өскені сол. Абай «Он тоғызыншы қарасөзінде» «екі тізгін, бір шылбыр» деген тұрақты сөз тіркесін билік мағынасында қолданған. Бақтарың өссін, жас ұрпақ!



#### Сөзмаржан

**Хикмет** – адамдық құндылықтар

**Виноват (орысша)** – кінәлі, айыпты

**Закон (орысша)** – заң

**Домбыт (домбық)** – тура мағынасы шамалы ісік. Өң-қабағы домбық. Бұл жерде домбыта, қорқыта, айбат шеге сөйлейтін адам деген мағынада. Домбытпай сөйле десе, «асырып айтпа» деген мағына береді

**Монтаны (сын есім)** – сырт бейнесі момын тәрізді, бірақ ішмерез, зымиян адам

**Екі тізгін, бір шылбыр** – билік тізгінін ұстап, халықтың көшбасшысы болу мағынасында айтылатын тұрақты сөз тіркесі. Тура мағынасында *тізгін* – мінген атты қалаған жағына бұра алатын жіңішке қайыстан жасалған ат әбзелі, қыл арқан түрінде де болады. *Шылбыр* – атты байлау үшін қайыстан немесе жүнге қыл араластырып есіп жасалған бау. *Қайыс* – сойыс малының иленген терісі, бұдан ат әбзелдері, тұрмыстық өрме бұйымдар жасалады

1

Білу

1. Абайдың қанша қарасөзі бар?
2. Абай «Отыз жетінші қарасөзінде» не жайлы айтады?

2

Түсіну

Абайдың қарасөзінде айтылған философиялық ой-түйіндері адам өмірінде неліктен маңызды?

3

Қолдану

Абайдың афоризмдерінің біреуін таңдап алып, мына жазба жұмыстарының бірін (өлең, толғау, әңгіме, баяндама, мақала, мысал, эссе, т.б.) таңдап, өзіндік жұмыс жазыңдар.



4

Талдау

Қарасөз бөліктерін мағынасы жағынан ұқсастықтарына қарай топтастырып, авторлық ойды анықтаңдар.

5

Жинақтау

«Соңғы сөзді мен айтайын» әдісімен «Отыз жетінші қарасөзде» көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені берудегі авторлық ниетті түйіндеңдер.

6

Бағалау

Қарасөздегі ой-толғамдарды оқырмандық ұстаным тұрғысынан дәйектеп, «Адамгершілік – асыл қасиет» тақырыбына әдеби эссе жазыңдар.



### Шығармашылық тапсырма

«Отыз жетінші қарасөзіндегі» нақыл сөздердің бірін таңдап алып, ақынның осы тақырып арқау болған басқа да шығармаларымен танысыңдар. Ақынның осы тақырып туралы көзқарасын талдап, шағын презентация жасаңдар.



### Міне, қызық!

«Таң» – Семей қаласында 1925 жылдың наурыз айынан маусымға дейін айына бір рет небәрі төрт нөмірі ғана шыққан журнал. «Журналды шығаруға жауаптылар – Ш.Тоқжігітов, А.Сайдалин, Ш.Жантілеуов» деп көрсетілген. Семей қаласының мұрағатында сақталған бір құжатта шығарушылардың бірі ретінде М.Әуезовтің де есімі аталады. Журнал «Жалпы саяси бөлім», «Ресми бөлім», «Шаруа бөлімі», «Білім-тәрбие бөлімі», «Әдебиет бөлімі», «Отантану бөлімі» деген мазмұннан тұрады. Ресми бөлімде үкіметтің қаулы-қарарлары мен бұйрық-жарлықтары, заңдары мен ережелері басылды. Басқа бөлімдерінде мазмұнына сай шаруашылық, оқу-ағарту, білім-ғылым, тәлім-тәрбие беру, тіл және басқа да әлеуметтік мәселелер сөз болды. Журналдың негізгі бөлімі әдебиет болды. Мұнда Ж.Шаниннің, Ө.Марғұланның тырнақалды туындылары, С.Торайғыровтың жарық көрмеген өлеңдері, Тұрағыл Абайұлының Горькийден аудармалары, С.Дөнентаевтың өлеңдері, Асанқайғы сөздері, т.б. жарияланды. Сондай-ақ «Абайдың басылмаған сөздері» мен «Абайдың жарияланбаған

өлеңдері» М.Әуезов арқылы журналдың әр санында үнемі жарияланып тұрды.

*Р.Зайкенова. Алаштану, 2017*



### Білгенге маржан

Сократтың нақыл сөздері:

1. «Адам ақылының шыңы – жақсылық пен жамандықты айыра білуінде»;
2. «Ақыл мен адамгершілік бірге жүреді»;
3. «Адам – жан-дүниесімен бай»;
4. «Өзіңді тану – адамшылыққа жету көзі, адам бақытының кілті»;
5. «Адам өзін бақытты етеді, не сорлы етеді»;
6. «Адам жан-дүниесі арқылы құмарлығына тыйым салады, сөйтіп ізгілік пен қайырымдылыққа толады»;
7. «Білім алу мақсаты – адамның жетілуіне және игілікті өмір сүруіне көмектесу».



### Кітап – білім бұлағы

1. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. 3 томдық. Поэмалар, қарасөздер мен хаттар, музыкалық шығармалар. 2-т. – Алматы: Жазушы, 2020. – 520 б.
2. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
3. Сүйіншәлиев Х. Абай қарасөздерінің текстологиясы мен зерттелуі туралы бір-екі сөз. // Абай қарасөздері. – Алматы, 1956. – 41-51 б.
4. Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. (1959). Екінші басылым. (Жауапты редактор Ф.Қабышұлы). – Алматы, 2010. – 164 б.
5. Мұхамедханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. Төрт том. – Алматы: Дәуір, 1993–1997.
6. Абайды оқы, таңырқа. (Құр., алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған М.Мырзахметұлы). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
7. Бельгер Г.К. «Книга слов» Абая и ее переводчики // Земные избранники (Гете и Абай): Литературно-критические очерки-эссе. – Алматы: Жазушы, 1995. – 256 с.
8. Мақпырұлы С. Адамтану өнері. Оқу құралы. – Алматы: Арыс, 2009. – 214 б.
9. Татарский энциклопедический словарь. – Казань, 1998. – 703 с.

## ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР

1

Білу

1. «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» өлеңі қай жылы жазылған? Ақын бұл өлеңде қандай ұйқас түрін қолданған?
2. Абай 1889 жылы Ақшоқы қыстауында қандай өлең жазған? Өлеңнің басты тақырыбы қандай?

2

Түсіну

1. «Қызарып, сұрланып» өлеңінің:  
Жанында жапырақ,  
Үстінде жұлдыз да.  
Елбіреп, қалтырап,  
Жігіт пен ол қыз да, –  
деген шумағында қандай тәсіл қолданылған?
2. «Бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің», – деп ақын нені меңзейді?

3

Қолдану

1. «Жаман дос – көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұл шалса, іздеп таба алмайсың» нақылы бойынша түйген ойларыңды жазыңдар.
2. Ақын өлеңдерінде шын ғашықтық пен құмарлықтың қандай басты айырмашылығын атап көрсетеді?

4

Талдау

Абайдың махаббат тақырыбына арналған өлеңдерінде қолданылған көркемдегіш құралдарды кестеге толтырыңдар.

Көркемдегіш құралдар	Мысалдар	Қолданылу ерекшелігі
Теңеу		
Эпитет		
Метафора		

5

Жинақтау

1. «Дүниеде сірә, сендей маған жар жоқ,  
Саған жар менен артық табылса да» жолдарының мағынасын таратып жазыңдар.
2. «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңінің көркемдік қуаты болып саналатын жолдарын анықтаңдар.

6

Бағалау

1. Зәки Ахметовтің «Қызарып, сұрланып» өлеңінің «жеңілдің, жеңілдің!» деп аяқталуына байланысты білдірген: «Өлеңнің бұлайша тиянақталуы оған жаңа бір сарын қосып, қамтылған көркемдік уақыт ауқымын кеңейте түседі. Өте тартымды бейнеленген екі жастың махаббатынан басқа дүниені мүлде ұмытқан оқырман енді басқа бір жайға көңіл ауып селт еткендей болып, ақынның бір кезде өз жүрегін тербеткен сезім күйін де аңғарып және сол жас шағына алыстан көз салып ойға шомған кейінгі қалпын да байқай қалады» деген пікіріне баға беріңдер.
2. Қазақта «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген сөз бар. Абай «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, Адамның баласы – бауырың» дейді. Бұл сөздердің мағынасын ашып, шағын эссе жазыңдар.

## Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырмалар үлгілері

### 1. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Тұрсын Жұртбайдың «Күйесің жүрек... Сүйесің» еңбегінен үзінді

«Ата-анаға көз қуаныш...» (*Абай және баланың еркін тәрбиесі*)

Абай өз ұлтының бойындағы ата-ана тәрбиесіндегі кемшілікті әшкерелей отырып үлгі ұсынса, Ницше тұтастай қиялдағы бейіш қоғамды аңсайды. Біреуінікі – «етекбасты өмір», екіншісінікі – елес. Елестің аты – елес болғандықтан да Ницше:

«Тамырыңды тереңге жібер, бұтағыңмен аспанға ұмтыл. Жұбайлықтың жұмағы жар болсын саған!» – дейді.

Бұл тіркес Жүмекен Нәжімеденовтің: «Бұтағым менің биікте, тамырым менің тереңде», – деген жолдарын еске салады. Әрине, жәй ғана ойға келген нәрсе. Абай осы «бұтақ пен тамырдың» өз ішіндегі құбылысты талдап, оны топырақ пен шаңнан аршиды. Сөйтіп барып еркін қанат жаюға жол ашқысы келеді. «Тереңге ұмтылар тамыр мен аспанға саусағын жаятын» бәйтерек – Адам. Адамның тәрбиесі. Абай өмір сүрген тұстағы қазақ қауымының ең талмалы тұсы сол ғылыми тәлім-тәрбие болатын. Соның кесірін Абай:

«... Әбден тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде молданың ең арзанын іздеп тауып алып, хат таныса болады деп, қу, сұм бол деп, «Пәленшенің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді» – деп, тірі жанға сендірмей, жат мінез қылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе?», – деп ашына жазады.

1) Абайдың бала тәрбиесіне арналған шығармаларын көрсет:

- A) «Ата-анаға көз қуаныш» өлеңі
- B) «Оныншы қарасөзі» өлеңі
- C) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі
- D) «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңі
- E) «Интернатта оқып жүр» өлеңі

2) Абай, Ницше, Жүмекен Нәжімеденовтің бала тәрбиесіне қатысты ойларын оқып, «Заманауи бала тәрбиесі қандай болу керек?» деген сұраққа жауап бер.

2. Абайдың «Отыз жетінші қарасөзінен» алынған нақыл сөздерін оқып, дәлел келтіре отырып 3–4 минуттық TED әңгімелерін (talks) ұсын.

#### Отыз жетінші қарасөз

Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

Әкесінің баласы – адамның дұшпаны.

Адамның баласы – бауырың.

Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі кінәлі.

Биік мансап – биік жартас.

Ерінбей еңбектеп жылан да шығады,

Екпіндеп ұшып қыран да шығады;

Бақпен асқан патшадан

Мимен асқан қара артық;

Сақалын сатқан көріден

Еңбегін сатқан бала артық.

Досы жоқпен сырлас,

Досы көппен сыйлас;

Қайғысыздан сақ бол,

Қайғылыға жақ бол.

## ГЛОССАРИЙ

**Автор** (лат. autor – жаратушы, негізін қалаушы) – өнер туындысы арқылы өзінің дара көркемдік танымын әйгілейтін шығармашылық тұлға, қаламгер.

**Аллегория** (грек. «пернелеп айту») – мысал өлеңдердегі құбылту.

**Аллитерация** (грек. «дыбыстас»)– шығармаларда бірыңғай дауыссыз дыбыстардың қайталануы.

**Аноним** (грек. «белгісіз») – әдеби шығарманың әртүрлі себептерге көбінесе, саяси жағдайға байланысты авторы көрсетілмей жариялануы. Мұндайда бүркеніш есім де қолданылмайды.

**Анаграмма** – басқа сөздің құрамына кіретін әріптердің орнын ауыстыру арқылы жасалатын сөз немесе сөз тіркестері.

**Антитеза** – бір-біріне кереғар құбылыстарды, мән-мағынасы әртарап ұғымдарды, түр-түсі бөлек нәрселерді өзара бетпе-бет қою арқылы бұлардан мүлде басқа бір құбылыстың, ұғымның, нәрсенің суретін, сыр-сипатын, кескін-кейпін анықтау, аңғару, елестету.

**Ассонанс** (фран. «үндес») – өлең сөзде дауысты дыбыстың үндесе қайталануы.

**Әдеби жанр** (фран. genre – тек, түр) екі түрлі мағынада қолданылады: 1) **Әдебиеттің тектері** – эпос, лирика, драма. 2) **Әдеби шығармалардың түрлері** – әңгіме, роман, баллада, поэма, комедия, трагедия т.б. **Эпос** (грек. epos – баян, әңгімелеу, тарихтап айту) – көркем әдебиеттің байырғы, негізгі тектерінің бірі, дәлірек айтқанда өмір шындығын мейлінше мол қамтып, кең суреттейтін, адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты танытатын іргелі, күрделі жанр. **Лирика** (грек. «lyra – ежелгі гректер үніне қосылып ән салған музыка аспабы») – әдебиеттің Аристотель заманынан бері келе жатқан дәстүрлі үш тегінің бірі, шындықты адамның ішкі көңіл күйіне бөлеп,

ойы мен сезіміне астастыра суреттейтін терең психологиялық шығармалардың түрі. Көбіне, өлеңмен жазылады. **Драма** (грек. «drama – қимыл, әрекет») – әдебиеттің үшінші тегі, шындықты айрықша тәсілдермен синтез қалпына келтіріп, шиеленіскен тартыстар үстінде жинақтап, оқиғаға қатысатын адамдардың сөзі мен ісі арқылы көрерменнің көз алдында қолма қол көрсететін күрделі жанр – «әдебиеттің ең қиын түрі» (Горький). Драмадағы ең шешуші нәрсе – тартыс.

**Баллада** – Поэзия жанры, оқиғаға құрылған, лирикалық сарындағы ұзақ өлең. Француз тілінен енген сөз – би, ән деген мағынаны білдіреді. **Бәдік** – ауру адамды, малды емдеу мақсатында он бір буынды қара өлең үлгісімен айтылған ғұрып сөздерінің бір түрі. Қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ фольклорында кездеседі.

**Библиография** – көркем әдебиеттің өзіне және әдебиет туралы ғылымға байланысты көрсеткіштер мен анықтамалар, шолулар мен сілтемелер жинағы.

**Градация** (дамыту) – алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы құбылыстан соңғы құбылысты асыра, асқақтата түсу.

**Гипербола** (грек. «үлкейтілген») – бір затты немесе құбылысты шамадан тыс ұлғайта суреттеу.

**Гротеск** (фран. «оқыс, оқшау, оспадар»). Мұнда адам немесе адам өмір сүрген орта оның әлеуметтік шындығы кейде кісі күлерліктей, кейде жан шошырлықтай ерекше сұмдық халде әдейі өсіріле немесе өшіріле суреттелінеді.

**Лирика** (грек. «lyra – ежелгі гректер үніне қосылып ән салған музыка аспабы») – әдебиеттің Аристотель заманынан бері келе жатқан дәстүрлі үш тегінің бірі, шындықты адамның ішкі көңіл күйіне бөлеп, ойы мен сезіміне астастыра суреттейтін терең психологиялық шығармалардың түрі. Көбіне, өлеңмен жазылады.

**Драма** (грекше «drama – қимыл, әрекет») – әдебиеттің үшінші тегі, шындықты айрықша тәсілдермен синтез қалпына келтіріп, шиеленіскен тартыстар үстінде жинақтап, оқиғаға қатысатын адамдардың сөзі мен ісі арқылы көрерменнің көз алдында қолма-қол көрсететін күрделі жанр – «әдебиеттің ең қиын түрі» (Горький). Драмадағы ең шешуші нәрсе – тартыс.

**Демократия** (грек. demos – халық, kratos – билік) – халық билігі деген сөз.



**Диалог** – әдеби шығармаларда екі кейіпкердің немесе бірнеше адамның сөйлесуі, яғни оларды сөйлету тәсілі.

**Инверсия** (латын. «орнын өзгерту, төңкеру») – прозалық, әсіресе поэзиялық шығармаларда сөздердің әдеттегі грамматикалық түзілу тәртібінен тыс орындарын ауыстырып, өзгеше тіркестер құру.

**Ирония** (грек. «келемеждеу») – сырты мүсіркеу болғанмен, іші кекесінге, әжуаға толы.

**Историография** – әдебиет теориясының, тарихының, сынының тарихи дамуы туралы деректер мен дәйектемелер, мәліметтер мен материалдар жинағы.

**Қазақ өлеңі** – силлабикалық өлең, яғни буынға негізделеді.

**Кейіпкерлік-бейнелік талдау** – шығармадағы кейіпкерлердің бірлік сабақтастығын, олардың шығарма тақырыбы мен оқиға желісіне қатысын айқындауға ықпалын ажырату, салыстыру.

**Композиция** – әдеби шығарманың құрылысы(латын тілінен енген термин сөз, құрастыру, қиыстыру деген мағынаны білдіреді).

**Кредо** (латын. credo – сенім) – көзі жеткен сенім, айқын көзқарас, берік наным, дүниетаным негіздері.

**Мазмұндық-тақырыптық талдау** – шығарманы тұтастай ала отырып талдау.

**Метафора** (грек. орнын ауыстыру, көшіру) – екі нәрсені немесе құбылысты жанастырып, жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі.

**Метонимия** (грек. «қайтадан атау») – өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың, өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану.

**Монолог** – әдеби шығармаларда әсіресе драмалық туындыларда кейіпкердің ішкі көңіл күйін білдіретін толғау сөзі, кейіпкерді сөйлету тәсілі.

**Романтизм** (роман деген сөзден шыққан, түпкі мағынасы өмірді кітаптағыдай, ой-қиялмен ұштастырып суреттеу) – әдебиеттегі, көркем өнердегі өмірдің жарқын, жағымды жақтарын көбірек алып, көтере суреттейтін көркемдік әдіс.

**Реализм** (лат. – заттылық, шындық) – әдебиет пен өнердегі кең қанат жайған, өмір құбылыстарын бар қалпында, нақтылық сипат-белгілерін сақтай отырып, жинақтап, тұжырымдап, шыншылдықпен бейнелеуді мақсат ететін көркемдік әдіс.

**Стиль** (грек. – *stylos*) деген терминнің мағынасы әртүрлі: байырғы римляндар сырлы тақтаға сөз жазатын бір ұшы қалақша, бір ұшы сүйір таяқшаны стиль деген болса, кейін әркімнің қолтаңбасы, жазу өрнегі, одан бертін келе сөз мәнері, сөйлеу машығы, ақыр аяғында әр суреткерге тән өнер ерекшелігі стиль атанған.

**Сюжет** – көркем шығарманың мазмұнын ашып, мазмұнды пішінге көшірудің негізгі түрі, жолы және тәсілі. Бір сөзбен айтқанда шығарманың мазмұны(француз тілінен енген термин сөз, «зат» деген мағынаны береді).

**Тартыс** – көркем шығармада сюжет желісіне арқау болатын айрықша шиеленіскен түрде көрініс беретін қайшылықты күрес. латын тілінен енген термин сөз, қақтығыс, айқас, талас деген мағынаны білдіреді. Өмірдегі қайшылықтардың өнердегі көрінісі, адам тіршілігіндегі түрліше қарама-қарсылықтардың, адамдарға тән алуан көзқарасы. Конфликтің ең айқын көрінетін тұсы – драмалық шығармалар.

**Тармақ** – әр шумақтың әр жолы (өлеңнің әр жолы).

**Тоникалық** (грек. тон – «екпін») – өлең өлшемі – екпін. Ырғақ пен шумақ, тармақ пен бунақ екпінге негізделеді.

**Портрет** (фран. «бейнеленген» деген мағына береді) – әдеби кейіпкердің сырт-көрінісін, кескін-кейпін, бой, тұлғасын суреттеу.

**Пейзаж** (фран. «ел-жер» деген мағына береді) – әдеби шығармаларда жаратылыстың, яғни табиғаттың әсем көрінісі, көркемдік бейнесі.

**Тенденция** – шындықты суреттеудегі қаламгерге тән құштарлық, оның қоғамдық көзқарасының тұғыры, ой өзегіндегі берік принцип.

**Текстология** – әдеби туындылардың тексін зерттеп, танудың принциптері мен методикасын жинақтайтын арнаулы ғылыми пән.

**Тілдік-эстетикалық талдау** – шығарманың тілдік ерекшелігін, сөз өнерін, суреттілік шеберлігін, көркем сөздер табиғатын, стильдік айырмашылығын таныту.

**Сарказм** – шығарма тіліне өткір сұс беретін, тегеурінді күш беретін көркемдік тәсіл.

**Синекдоха** – бүтіннің орнына бөлшекті, жалқының орнына жалпыны қолдану тәсілі.

**Силлабикалық** (грек. «силлабе – буын») – өлең өлшеміндегі шешуші нәрсе буын, яғни ырғақ пен шумақ, тармақ пен бунақ

бәрі де буынға негізделеді. Қазақ өлеңі – силлабикалық өлең, яғни буынға негізделеді.

**Силлабо-тоникалық** – өлең өлшемі – әрі буын, әрі екпін: ырғақ пен шумақ, тармақ пен бунақ – бәрі де буын мен екпінге бірдей негізделеді.

**Ырғақ немесе ритм** (грек. «шамалас, мөлшерлес, сайма-сай») – қимылдың, құбылыстың, үннің жүйелі, мерзімді, мөлшерлі қайталануы.

**Шарықтау шегі** – сюжеттік дамудың ең жоғарғы сатысы, адамдар арасындағы қимыл-әрекеттің мейлінше күшейіп, өрбіп жеткен жері (латын тілінен енген сөз, шың деген мағынаны береді).

**Шумақ** – өлең-жырларда, дастан, поэмаларда өлең жолдарының белгілі ретпен топтасуы.

**Эвфемизм** – сыпайылап сөйлеу.

**Эллипсис** (грек. «түсіріп тастау, атап айту») – сөйлем ішінде немесе өлең шумағында атап айтпаса да түсінікті кейбір сөздерді әдейі жазбай тастап кету.

**Эпитет** (айқындау) – грекше «сипаттау» деген мағына береді. Заттың немесе құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. / Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қарасөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005 – 488 б.
2. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 614 б.
3. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
4. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. – Алматы: Ғылым, 1988. – 368 б.
5. Ақжан әл-Машани. Көптомдық шығармалар жинағы. Т. I– II. – Алматы: Алатау, 2005. 1-том – 296 б.
6. Аймауытұлы Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 1–5. – Алматы: Ғылым, 1996–1999.
7. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
8. Әуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. (1945–1904). Монография. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014. – 133–384 б.
9. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. Көптомдық шығармалар жинағы. (Жауапты ред.: Т.Қ.Жұртбай). – Т. 1–4. – Алматы: Алаш, 2005. – 328 б. Т.4.
10. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. (Бас редактор С.Қасқабасов). – Алматы: Атамұра, 2011. – 688 б.
11. Мырзахметұлы М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы, 1982. – 296 б. / Абайдың адамгершілік мұраттары. – Алматы: Рауан, 1993. – 280 б. / Абай және шығыс – Алматы: Қазақстан, 1994. – 208 б. / Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. 192 б. / Әуезов және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 272 б.
12. Мырзахметұлы М., Ж.Шойынбет, М.Әліпхан. Абайтанудың өзекті мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2010. – 140 б.

13. Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғлының өлеңі. (Бастырған Кәкітай, Тұрағұл Құнанбай ұғландары). Жауапты редакторы: Ж.Ысмағұлов. 2-басылым. – Алматы: КИЕ. 2009. – 328 б.
14. Т.Қожакеев. Абай – сатирик. – Алматы: «Білім» қоғамы, 1970.
15. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре» қоғамы, – 2014.
16. Қасқабасов С. Ескендір поэмасының сюжеттік негізі / Кітапта: Абай тағылымы (Құр., Н.Ғабдуллин, пікір жазған С.Ақтаев). – Алматы: Жазушы, 1986. – 224–234 б.
17. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі [Мәтін]: лексикасы мен грамматикасы/ жауап. ред. М.Балақаев; ҚазССР Ғылым академ; Тіл білімі ин-ты. – Алматы: Ғылым, 1968. – 331, [3] б.
18. Зайкенова Р. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Астана: «Арман-ПВ», 2016, – 304 б.
19. Ахметова М. Песня и современность. – Алма-Ата: Наука, 1968. – 196 с.
20. Ерзакович Б. Мұхтардың Абай әндерін нотаға түсіртуі. (Аударған С.Ақтаев). – Ақиқат журналы, 1996. – №11.
21. Әл-Машани А. Әл-Фараби және Абай. Көп томдық шығармалар жинағы. –Т. 2. – Алматы: Алатау, 2005. – 296 б.

## МАЗМҰНЫ

Шартты белгілер .....	3
<b>I тарау. Ұятың, арың оянсын, бұл сөзімді ойлансын .....</b>	<b>5</b>
«Сегіз аяқ» өлеңі .....	6
«Заманақыр жастары» өлеңі.....	13
«Жасөспірім замандас қапа қылды» өлеңі.....	17
«Көзінен басқа ойы жоқ» өлеңі.....	22
Отыз алтыншы қарасөз .....	25
Өзіңді тексер .....	29
<b>II тарау. Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат .....</b>	<b>33</b>
«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңі .....	34
«Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ» өлеңі .....	40
«Ескендір» поэмасы .....	44
Жиырмамыншы қарасөз .....	51
Өзіңді тексер .....	55
<b>III тарау. Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек .....</b>	<b>59</b>
«Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңі.....	60
«Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» өлеңі .....	63
«Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңі .....	66
«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңі .....	69
«Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» өлеңі.....	72
Тоғызыншы қарасөз .....	76
Қырқыншы қарасөз.....	80
Өзіңді тексер .....	85

<b>IV тарау. Толқынын жүрегінің хаттай таныр</b> .....	89
«Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» өлеңі .....	90
«Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» өлеңі .....	95
«Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңі .....	98
«Қызарып, сұрланып» өлеңі .....	101
Отыз жетінші қарасөз .....	105
Өзіңді тексер .....	115
Глоссарий .....	119
Пайдаланылған әдебиеттер .....	124

*Оқулық басылым*

**Руда Зайкенова  
Рахима Сакенова  
Салима Мұқамет**

# **АБАЙТАНУ**

**Негізгі орта білім беру деңгейінің  
9-сыныбына арналған оқулық**

**Бас редакторы** А.Бекболатова  
**Редакторлары** А.Ізет, М.Төлеу  
**Техникалық редакторы** В.Бондарев  
**Көркемдеуші редактор** Т.Давлетова  
**Бильд редакторы** Ш.Есенкулова  
**Суретші-бейнелершілері** О.Подопригора, А.Айтжанов  
**Мұқабаның дизайні** В.Бондарев, О.Подопригора  
**Беттеген** Л.Костина

## **Біздің мекенжайларымыз:**

**Нұр-Сұлтан қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.**  
Тел.: +7 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: [astana@arman-pv.kz](mailto:astana@arman-pv.kz)  
**Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.**  
Тел.: +7 (727) 973-83-83, 973-63-63. E-mail: [info@arman-pv.kz](mailto:info@arman-pv.kz)  
**Павлодар қ. Исиналиев көшесі, 1 үй, 105 офис**  
Тел.: +7 (7182) 615996

## **Сату бөлімі:**

**Алматы қ., Төле би к-сі, 299 үй, 3 қабат, 312 кабинет**  
Тел: +7 (727) 2430439

Теруге 31.08.2021 берілді. Басуға \*\*.06.2022 қол қойылды.  
Пішімі 70 x 100<sup>1/16</sup>. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Мектептік».  
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 10,32. Таралымы 50000 дана.  
«Алматы Принт» ЖШС. Алматы қаласы, Каболов көшесі, 1/3.  
E-mail: [almatyprint@mail.ru](mailto:almatyprint@mail.ru)

**Артикул 809-014-001к-22**